

Облыстың 2010 жылға дейінге дамуының стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Мәслихатының (II сайланған XX сессиясы) 2002 жылғы 22 маусым N 46/20 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2001 жылғы 29 шелді N 554 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2011 жылғы 16 ақпандағы N 352/32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2011.02.16 N 352/32 шешімімен.

Облыс экономика департаментінің бастығы М.З. Қажыкеннің облыстық 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары туралы хабарламасын тыңдап және талқылай келе, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыстық 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары (бұдан әрі Стратегиялық жоспар) бекітілсін.

2. Облыс экономика департаменті облыс мемлекеттік органдарының Стратегиялық жоспарды орындау бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын және жыл сайын 1 ақпан мерзімге орай облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына Стратегиялық жоспардың жүзеге асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

3. Облыс қаржы департаменті Стратегиялық жоспардың дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына (Шабрат Н.П.) жүктелсін.

*II сайланған облыстық
Мәслихаттың кезекті XX*

Сессиясының төрағасы III. Мусин

Облыстық мәслихаттың
II сайланған XX сессиясының
2002 жылғы 24 маусымдағы
N 46/20 шешіміне

қосымша

Облыстың 2010 жылға дейінгі

Стратегиялық даму жоспары

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы "Қазақстан 2030: барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы"

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясының негізгі бағыттарын анықтады.

Ұзақ мерзімді стратегияның бастапқы кезеңін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы дамуының 1998-2000 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары және тиісті мерзімдегі аймақтық стратегиялық жоспарлар қабылданып, жүзеге асырылды. Павлодар облысы дамуының стратегиялық жоспары облыс әкімінің 1998 жылғы 19 наурыздағы шешімімен бекітілген болатын. Оның орындалу нәтижелері үш жылдық Стратегиялық жоспардың тұтастай іске асырылғанын сипаттайды. Өзінің экономикалық даму деңгейі жағынан облыс республиканың аса дамыған бес аймағы ішіне кіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 735 Жарлығына, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысымен бекітілген Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл Жоспарына сәйкес облыста Стратегия 2030-да қойылған басымдықтарға қол жеткізу жолдары мен тетіктерін белгілейтін 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары әзірленді.

I. БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

1-ТАРАУ. ХАЛЫҚТЫҢ САНЫН КӨБЕЙТУ

1. МАҚСАТ

Облыс халқының санын көбейту.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

2001 жылғы 1 желтоқсанда Павлодар облысы халқының саны 759,7 мың адам болды. 9 жыл бойы облыс халқының саны үнемі қысқаруда осы мерзім ішінде ол 200,4 мың адамға немесе 21% азайды. Халықтың азаюы табиғи өсімнің төмендеуімен - туу төмендеп келеді, өлім саны көбейді, сондай-ақ көші-қон жылыстаумен шарттастырылған.

2001 жылдың 11 айы ішінде облыс бойынша 8098 туу тіркелген, бұл 2000 жылғы (2000 жылға қарағанда 0,3 % аз) деңгейге жуық. Осы мерзім ішіндегі туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға 11,5 туудан келеді.

2001 жылдың қаңтар-қараша айларында тіркелген өлім саны 2000 жылғы осы мерзімге қарағанда 119 адамға азайды немесе 1,5 % азайып, 7645 адам болды. 1000 адамға есептегендегі өлімнің жалпы коэффициенті 10,9 болды, оның деңгейі 3,4 % азайды. өлімнің негізгі себептері ішінде қан айналу жүйесі аурулары барлық өлімдердің 45,7 % бірінші орын алып отыр, жазатайым жағдайлар, улану және жаракаттану -16,8 %, қатерлі ісіктер 15 % болып отыр.

Халықтың табиғи өсімі 2001 жылғы 11 айдың ішінде 453 адам болды, 2000 жылдың осы мерзімінде 361 адам болған. Тұрғындардың көші-қон жылыстауы

азаюда, көшіп кеткендер саны 28,3 мың адам болды, бұл 4,2 % кем. Барлық тасқындар бойынша көшіп келушілер саны 12,8 % көбейіп, 15,9 мың адамға жетті. Көшіп кеткендер санының көшіп келушілер санынан артуы нәтижесінде 12,4 мың адам көші-қон шығыны болды, бұл өткен жылдағыдан 19,6 % аз.

1. Күшті жақтар

Денсаулық сақтау мекемелерімен жеткілікті қамтамасыз етілуі.

Қазақтардың тарихи отанына оралуы.

Барлық деңгейдегі оқу орындарының таралған жүйесі және білікті кадрлардың болуы.

Салауатты өмір салтын насихаттау.

2. Әлсіз жақтар

Жұмыссыздықтың салыстырмалы жоғары деңгейі.

Экологияның нашарлауы, қоршаған орта ластауының өсуі.

Халықтың өсіп-өну денсаулығының нашарлығы.

Тууды ынталандыру және жеңілдіктердің болмауы.

3. Мүмкіндіктер

Экономикалық өсу және халықтың жалпы өмір сүру деңгейін көтеру.

Әлеуметтік мәнді ауруларды нақты төмендетуге қол жеткізу.

Аса маңызды табиғат қорғау жобаларын өткізу және аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту.

Тұрғын үй проблемаларын шешу жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру.

Жас отбасыларды қолдау.

Қазақтардың тарихи отанына оралуына қолайлы жағдай жасау.

4. Қатерлер

Халықтың өлім-жітімі өсуіне әсер ететін факторлардың: нашақорлық, АҚТҚ - ның күшеюі.

Экология жай-күйінің халықтың денсаулығына кері әсерін тигізуі.

§ 3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:

Халық денсаулығын сақтаудың тиімді жүйесін құру, тууды ұлғайту. өлім деңгейін азайту, өмір сүруді ұзарту.

Халықтың өсіп-өну денсаулығын жақсарту.

Халықтың көші-қон белсенділігін төмендету, оралмандардың көшіп келуі үшін қолайлы жағдай туғызу.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

5. Бірінші кезең 2002-2005 жылдар

1) Халық денсаулығын сақтаудың тиімді жүйесін құру, тууды ұлғайту:

алғашқы медициналық-санитарлық жүйені күшейту, халықтың қолы жететін медициналық көмектің сапасын жақсарту;

көп балалы отбасылардың жас балаларын сапалы тегін тамақпен қамтамасыз е т у ;

көп балалы отбасылар мен жалғыздікті ата-аналарды қолдау бағдарламасын е н г і з у ;

жұмыс істейтін, әсіресе жүкті әйелдерді және жас бала тәрбиелеп отырған әйелдерді қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды енгізу.

2) өлім деңгейін төмендету, өмір ұзақтығын ұлғайту: салауатты өмір салтын насихаттау жүйесін құру және қалыптастыру;

халықты дене тәрбиесіне даярлау жөніндегі оқыту бағдарламаларын енгізу, спорт мектептерін, клубтарды, қоғамдарды құру;

халықтың өлім-жітімі мен жазатайым жағдайлардан, жарақаттардан орын алатын ауруға шалдығуын азайту жөніндегі қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларын дамыту.

3) Халықтың өсіп-өну денсаулығын жақсарту:

әлеуметтік мәнді аурулардың деңгейін төмендету;

алдын алу жұмысын күшейту үшін облыстың барлық оқу орындарында арнайы бағдарламаларды енгізу жолымен жастардың денсаулығының алдын алу;

кеңес беру, ағарту және отбасын жоспарлау жөніндегі қызметтердің қол жетімділігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

барлық әйелдер мен қыз балалардың жыныстық өмір мен бала туу мәселелері жөнінде жоғары сапалы санитарлық ағартуға қол жеткізуін заңнамалық және н о р м а т и в т і к қ а м т а м а с ы з е т у .

4) Халықтың көші-қон белсенділігін төмендету, оралмандардың көшіп келуі үшін қолайлы жағдай туғызу:

шағын және орта бизнеспен айналысу үшін қолдау жасау, жергілікті жағдайға бейімдеу, жайласуға мүмкіндік жасау жолымен оралмандарды әлеуметтік қорғау;

халықтың аз қамтамасыз етілген жіктерін атаулы әлеуметтік көмек көрсету жолымен әлеуметтік қорғау, көп балалы отбасыларға, жастарға олар үшін жұмыс орындарын квоталау, жасөспірімдер клубтары жүйесін құру, жастарды қорғау жөніндегі қолданыстағы облыстық бағдарламаларды іске асыру.

6. Екінші кезең 2005-2010 жылдар

1) Некелер санын көбейту үшін қолайлы жағдай жасау. Тууды ұлғайту: жас жұбайларға, баспанасы жоқ отбасыларға бала туған жағдайда тұрғын үй несиелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету жолымен жастарға тұрғын үй проблемаларын шешуге көмек көрсету;

жастарға несие берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру

және олардың кәсіби білім алуына гранттар бөлу, өз ісін бастау, жастарды шағын және орта бизнес саласына тарту арқылы жастарды жұмыспен қамту саясатын белсенді жүргізу.

2) Халықтың өсіп-өну денсаулығын жақсарту:

мынадай шараларға мемлекеттік қолдау көрсету:

а) өсіп-өну функцияларын қайта қалпына келтіру әдістерін әзірлеу, енгізу және осы салада зерттеулер жүргізу;

б) кеуде қатерлі ісігі, жыныс жолдарының жұқпалы аурулары, соз аурулары, АҚТҚ/ЖҚТБ тәрізді әйелдердің денсаулығына аса елеулі немесе ерекше әсерін тигізетін аурулардың биомедициналық, эпидемиологиялық және санитариялық-гигиеналық қырларын зерделеу;

баланың өте кішкене кезінен бастап еркектер мен әйелдердің бедеулігінің алдын алу және оның себептерін жою жөніндегі шараларды қолдану;

еркектер мен әйелдердің бедеулігін емдеу, жасанды ұрықтандыру жөніндегі медициналық қызметтерге және басқа да бала туу мүмкіндіктеріне қол жетімділікті арттыру;

бедеулікті туындататын экологиялық проблемаларды шешу.

2-ТАРАУ. АЙМАҚТА ХАЛЫҚТЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕЛГЕН ЖҮЙЕСІ

1. МАҚСАТ

Ауылдық аудандар мен аймақтардағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету деңгейін көтеру, перспективасы жоқ ауылдарды (кенттерді) тарату, өндірістік аймақтардағы халықты орналастыру жүйесін сақтап қалу.

§ 2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Облыс аумағында облыстық қарамақтағы 3 қала және 10 аудан бар.

Өнеркәсіп аймақтың экономикасының негізін қалайды. Облыстың ірі өнеркәсіп кәсіпорындары қалаларда орналасқан, онда халықтың 67,8 % шоғырланған.

Аудандардың көбінде практикада әлеуетті жұмыс күшінің реципиенттері және салық төлеушілер жоқ. өндірістік емес сала бұл аудандарда дами алмайды, өйткені халықтың табыс деңгейі бұл үшін жеткілікті емес.

Павлодар облысындағы тұрғылықты халықтың саны қысқаруға бет алған. 1992 жылы 971,7 мың адамға дейін шарықтап шығып, қазіргі уақытта 758,5 мың адамға дейін азайды. Облыс халқының жалпы санынан 36,5 % ауылдық жерлерде тұрады.

10 ауданның 2 тоқырауға ұшырағандарға жатады. Бұл аудандар аграрлық бағытта (мал шаруашылығы), бұлардың тек біреуі ғана жергілікті халықтың негізгі тамақ өнімдерін қажетсінуін қанағаттандыра алады.

халықты орналастырудың қалыптасқан жүйесін сақтап қалу және түзету үшін

тоқырауға ұшыраған аудандарға жергілікті деңгейде қолдау көрсетілуде, атап айтқанда, облыстық бюджеттен берілетін субвенциялар жыл сайын көбеюде, бұл балаларға және тұрғын үйге берілетін жәрдемақылардың қарызын толық жоюға және аймақтарда пайда болған проблемаларды дер кезінде шешуге мүмкін берді. Мемлекеттік әлеуметтік көмекпен бірге қоғамдық ұйымдар, қорлар, ірі кәсіпорындар және кәсіпкерлер қайырымдылық көмек көрсетуде. 2000-2001 жылдардың ішінде облыстық мәслихаттың және облыс әкімінің шешімдері негізінде халықтың көші-қонына байланысты 55 ауыл (селолар) таратылған.

7. Күшті жақтар

Дамыған ауылшаруашылық өндірісі, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің ө с у і .

Ірі фермерлік шаруашылықтардың болуы.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың болуы.

Селолық аудандардың білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет желісімен қамтамасыз етілуі.

8. Әлсіз жақтар

Ауылда көлік пен байланыс инфрақұрылымының жеткілікті дамытылмағаны.

Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі.

Ауыл халқының табыстары төмен болуы.

9. Мүмкіндіктер

Ауылдық аудандарда шағын бизнесті дамыту және жұмыспен қамтылған х а л ы қ т ы ң ү л е с і н к ө б е й т у .

Ауылдарда (селоларда) білім беру және денсаулық сақтауды жақсарту, олардың материалдық - техникалық базасын нығайту және кадрлармен жасақтау.

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және жолдарды жақсарту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру.

10. Қатерлер

А у ы л х а л қ ы н ы ң а з а ю ы .

Перспективасы жоқ ауылдардың (селолардың) көбеюі.

§ 3. 2010 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Ауылды әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі нақты шараларды ә з і р л е у .

Перспективасы жоқ ауылдарды (селоларды) тарату.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

11. Бірінші кезең 2002-2005 жылдар

1) Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі нақты

іс-шараларды әзірлеу Павлодар облысының ауыл шаруашылығын дамыту Бағдарламасын әзірлеу, оның ішіне өнімді өткізу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нақты шаралар, ақпараттық-маркетингтік жүйе, машина-технологиялық станциялар құру және тұқым шаруашылығы мен селекциялық-тұқымдық, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеудегі негізгі бағдарлар кіреді.

Бағдарламада қарастырылған аграрлық секторды дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру халықтың нанды, жарманы және мал шаруашылығы өнімінің барлық түрлерін қажетсінуін өз өндірісі есебінен толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді;

ауыл шаруашылығы товар өндірушілерді жергілікті бюджеттердің және коммерциялық банктердің қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыру; фермерлерді:

ауыл шаруашылығы мамандарының біліктілігін көтеру семинарларын өткізу; шаруа қожалықтарының басшыларын шаруашылық жүргізудің нарықтық әдістеріне үйрету жолымен оқыту.

2) Ауылдарды (селоларды) тарату.

2002 жылы жалпы халқының саны 44 адам болатын 6 ауылды (селоны) тарату көзделіп отыр. Келешекте осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

12. Екінші кезең 2006-2010 жылдар

1) Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі нақты іс-шаралар әзірлеу

Мына есептен ауылдық жерлерде телефон байланысы мен көлік жұмысының сапасын жақсарту:

абоненттік желілерді толық пайдалану жүйесін және ауылдық аймақтарды тұрақты байланыспен қамтамасыз ету жолымен АТС-тің желісін оңтайландыру;

телефон желілерін жаңғырту, абоненттердің автоматикаландырылған халықаралық байланысқа шығуын қамтамасыз ету үшін ескірген АТС-ті жаңаларға ауыстыру;

жолаушылар қызметтерінің тарифтерін төмендету жолымен ауыл халқына көлік қызметтеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету.

3-ТАРАУ. АЙМАҚТА ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ: ЖОСПАРЛЫ ҮЙЛЕСІМ, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

1. МАҚСАТ

Негізгі мақсат: Еңбек ресурстарын тиімді пайдалану.

Ілеспе мақсаттар: жұмыспен қамту саласындағы ахуалдың дамуына тиімді мемлекеттік бақылауды белгілеу; жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүзеге асыру есебінен халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Соңғы жылдары Павлодар облысында экономикалық өсу, инвестициялардың өсу, кәсіпорындарды сауықтыру, жаңа өндірістерді құру, шағын және орта бизнесті дамыту, ауылшаруашылық өндірісін қалпына келтіру үрдісі байқалады.

Халықтың саны азаюына қарамастан, экономиканың негізгі салалары тұрақтануы еңбек ресурстары санының құлдырау қарқынын кідіртуге мүмкіндік берді. 2000 жылы олар 476,2 адамды құрады немесе халықтың жалпы орташа жылдық санының 60,7 %, 2001 жылы 499,3 мың адам немесе 65,4 %. Еңбек ресурстарының (86,5 %) астам үлесі экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа келеді 431,9 мың адам, экономикалық белсенділігі жоқ 67,4 мың адам. Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың өсуі экономика саласында жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар санының азаюы есебінен болып отыр. еңбек ресурстарының дамуы экономиканың дәстүрлі салаларын - кен өндіру және өңдеу өнеркәсіптерін дамыту есебінен, жеңіл және қайта өңдеу өнеркәсібін қалпына келу, шағын бизнес кәсіпорындарын көбейту есебінен қамтамасыз етіледі. Халықтың жұмыспен қамтылуы өсуі экономиканың барлық салаларында жаңа жұмыс орындарын құру, шағын несиелендіру саясатын жүргізу, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру арқылы қамтамасыз етеді. 2001 жылы 8717 жұмыс орны құрылды, 2002 жылы 9000 жаңа жұмыс орын құрылады

д е п к ү т і л у д е .

Экономика салалары арасында еңбек ресурстарын бөлу келесі үйлесімдерге жетті: өнеркәсіп 15,8 %, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы 4,1 %, көлік және байланыс 5,3 %, құрылыс 2,6 %. 2005 жылға қарай осы үйлесімдердің

с а қ т а л у ы б о л ж а м д а л у д а .

2001 жылдың аяғында облыстың экономикасында халықты жұмыспен қамту деңгейі 71,3 % құрады. Оның ішінде 61,8 % - экономикалық қызмет түрлері бойынша қамтылғандар және 38,2 % өзін - өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар. 148,7 мың адам өздерін жұмыспен қамтып отыр. Облыстың тіркелген еңбек нарығында жұмыссыздық деңгейі 1999 жылғы 6,5 %-дан 2001 жылы 5,3 % -ға дейін төмендеді. 2002 жылғы 1 қаңтарда жұмыссыздар саны 24552 адамды құрайды, бұл 2000 жылғы деңгейден 2,8 % жоғары, жұмыссыздардың 67,5 % ауылдық жерлерде тұрады.

13. Күшті жақтар

Жоғары білікті еңбек ресурстары.

Шетел жұмыс күшін квоталау жолымен ішкі нарықты қорғау. Кәсіпкерлікті дамыту, тұрғындардың өзін-өзі жұмыспен қамтуы. Кәсіпорындарды қалпына келтіру, жаңа өндірістер ұйымдастыру,

экономиканың нақты секторында жұмыспен қамтылғандар санының артуы.

Тұрғындардың жұмыспен қамтылуына көмек көрсету, кадрларды даярлау және қайта даярлау.

14. Әлсіз жақтар

Жасырын еңбекақы төлеудің бар екендігі. Бюджетке түсетін салық түсімдері, сондай-ақ зейнеткерлік қамсыздандыру жөнінде әлеуметтік қорғалу азаяды.

Күнкөріс деңгейінің өсу қарқынынан еңбек ақы өсу қарқыны артта қалуы.

15. Мүмкіндіктер

Сыртқы нарықта ынтымақтастыққа жетуге жол беретін табиғи ресурстардың (өндіру мен қайта өңдеу) және өндірістердің болуы.

Көлік пен коммуникациялардың қол жетімділігі.

Аймақта импорт алмастыратын өндірістерді дамыту нәтижесінде күтілетін экономикалық өсу.

Шағын бизнес пен жеке кәсіпкерліктің дамуы.

Жұмысқа орналасу мәселелері жөнінде аймақтық ақпарат кеңістігін құру.

Шетелдік жұмыс күшін енгізуден ішкі еңбек нарығынан тиімді қорғау.

Өндірістік күштерді орналастыру сұлбасын әзірлеу және енгізу.

16. Қатерлер

Өнімнің дүниежүзілік бағалардан тәуелділігінен экспортқа бағдарланған салаларда өндіріс көлемі төмендеуі.

Жұмыспен қамтудың жасырын, заңсыз ауқымының өсуі.

Ұзақ (жылдан астам) жұмыс істемеген азаматтар санының өсуі.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:

аймақтық ақпараттық-нормативтік базаны жетілдіру;

жұмыспен өнімді қамтуды, жұмыссыздықты қысқартуды, жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ету;

кәсіпкерлікті және жұмыссыздардың өздерін-өздері жұмыспен қамтуын қолдау мен дамыту;

жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық салдарындағы бейімдеу үрдістерін реттеу;

ішкі еңбек нарығын қорғау.

§ 4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

17. Бірінші кезең 2002-2005 жылдар

2002-2005 жылдарда халықты жұмыспен қамтуды реттеудің негізгі бағыттары: халықты жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламасын әзірлеу мен іске асыру, жұмыс орындарын қалпына келтіру және жаңа өндірістер құру, халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыру және кәсіпкерлікті қолдау. Жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың жұмыспен қамтылуының өсуі үшін өңдеуші өнеркәсіп салалары басымды болады.

1) Аймақтық ақпараттық-нормативтік базаларын жетілдіру.

Бұл міндетті іске асыру, қажетті бағдарламалы-қолданбалы материалдар енгізумен бірге жұмысқа орналастыру мәселелері жөнінде бірыңғай аймақтық торап құру үшін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдардың компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуін талап етеді. 2002 жылы барлық аймақтық жұмыспен қамту органдарын "Banknet" жүйесі арқылы еңбек нарығы жөніндегі республикалық ақпараттық желісіне қосу күтіліп отыр. Бұл халықты жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру жөніндегі жұмыспен қамту қызметтерінің мүмкіндіктерін ұлғайтады, ал халық аймақтағы және одан тыс жерлердегі кәсіпорындардың жұмыс күшіне сұранысы туралы ақпаратқа қол жеткізеді, бұл еңбек көші-қоны үрдістерінің, республикалық еңбек нарығындағы жұмыссыздардың жұмылдырылғыштығын дамытуға ықпал жасайды.

2) Жұмыспен өнімді қамтуды, жұмыссыздықты қысқартуды, жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ету:

халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу. 2002 жылы жұмыспен қамту органдарына жұмысқа орналасу мәселесі жөнінде 30 мыңға жуық адам өтінетіні күтілуде. Олардан 6,5 мың адамға жуығы тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырылады, оның ішінде экономиканың барлық саласындағы кәсіпорындарда және шағын бизнес пен кәсіпкерлік саласында құрылып жатқан жаңа жұмыс орындарына болжам бойынша 3245 адам жұмысқа орналастырылады;

әлеуметтік қолдауды қажет ететін халықтың нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру, осы санаттағы халықтың бірінші кезекте жұмысқа орналастырылуын, қоғамдық жұмысқа және кәсіптік оқуға жіберілуін қамтамасыз етілуі болжамдалуда;

уақытша ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру; жұмыссыздарды кәсіптік оқыту, қайта даярлау біліктіліктерін арттыруды ұйымдастыру жергілікті бюджет есебінен облыстың мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындары негізінде еңбек нарығының қажетсінуін есепке ала отырып, жүзеге асырылатын болады;

бір де бір жұмыс істейтін мүшесі жоқ отбасылардың азаматтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. 2002 жылы осындай отбасылардан 1615 адамға дейін тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру, қоғамдық жұмыстарда 4370 адамға дейін қамту, 295 адамды оқуға жіберу болжамдалуда;

салалық департаменттер және ауылдар мен қалалардың әкімдерінің жаңа жұмыс орындарын құру туралы бірлескен іс-қимылын үйлестіру жөніндегі жұмыс. 2002 жылы 9000 жұмыс орны құрылуы мүмкін, оның ішінде өнеркәсіпте 2298 жұмыс орны, шағын бизнес және кәсіпкерлік саласында 2747, ауыл шаруашылығында 3225.

3) Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту және жұмыссыздардың өздерін-өздері жұмыспен қамтуы:

жұмыссыздарды, әсіресе ауылдық жерлерде, өздерін-өздері жұмыспен қамтуға және кәсіпкерлікті ұйымдастыруға бағдарлап оқыту; өздерін-өздері жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді қалағандарды жеңілдік шарттарымен несие, шағын несие арқылы қаржыландыру; жұмыссыздардың жеке бизнестерін дамыту үшін өтеусіз демеуқаржы бөлу жөнінде халықаралық ұйымдарды, қоғамдық бірлестіктер мен қорларды тарту; жеке ісін бірінші рет құрған жұмыссыздардан шыққан кәсіпкерлерді, пайдалы және орнықты бизнесі аяққа тұрғанша, мемлекеттік деңгейде жеңілдікті салық салу жөніндегі мәселелерін шешу.

18. Екінші кезең 2006-2010 жылдар

1) Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық салдарында-ғы бейімдеу үрдістерін реттеу:

ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері, нысандарын кеңейту, сондай-ақ жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға қатысуының ұзақтығын ұлғайту; жұмыспен қамту органдарының берген жолдамалары бойынша жұмыссыздардың жұмысқа орналасуына жұмыс берушілер мен келісім шарт ж а с а с у ;

шетелдік жұмыс күшін тартуға лицензия алатын кәсіпорындармен әлеуметтік - осал қорғалған санаттағы халықты жұмысқа орналастыруға арналған квота белгілеу жағынан белсенді ынтымақтастық жасау.

2) Ішкі еңбек нарығын қорғау:

жұмыс күшін енгізудің орынды екенін дәлелдеу жөнінде қатаң саясат жүргізу ;

шетелдік жұмыс күшін пайдаланатын кәсіпорындарда жұмыс орындарын к в о т а л а у д ы б е л г і л е у ;

бақылаушы органдар арқылы қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қадағалауды жүзеге асыру, әсіресе жұмысшылардың еңбек құқықтары жағынан.

4-ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ:БІЛІМ БЕРУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

§ 1. МАҚСАТ (БІЛІМ БЕРУ)

Білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін дамыту үшін жағдайлар жасау, сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету.

2) АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Павлодар облысының білім беру жүйесі оқушыларға оқудың әр түрлі нысандарын, оқу орнының типтерін, білім алудың деңгейін таңдау үшін шынайы

мүмкіндіктерді

ұсынады.

Облыста 141,6 мың оқушысы бар 469 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. қазақ тілінде білім беретін 139 мектепте (2000 жылы 136) және 153 аралас мектепте 40,8 мың бала (28,8 %) оқиды. Бұдан басқа облыста 5 жалпы түрдегі мектеп-интернаты, 6 түзету (көмекші) мектеп-интернаты мен 1 көмекші мектеп, 3 балалар үйі, 1 мамандандырылған кадет мектеп-интернаты (112 бала), 26 мектеп жанындағы интернат (950 бала), 3 панажай (150 орынға) жұмыс істейді.

Мектептерді компьютермен жабдықтау жоспары 100 пайызға орындалды. қазақ мектептерінде барлық сыныптар бойынша оқулықтармен қамтамасыз ету 77 %, орыс мектептерінде 65 % құрайды.

Облыстың 69 мектепке дейінгі ұйымдарында 11,3 мың бала оқиды. 29 аралас балабақшада балалар қазақ және орыс тілдерінде оқып тәрбиеленуде. Ондағы топтар саны 40-тан 54-ке дейін, балалар саны 810-нан 1504-ке дейін өсті.

Облыс кәсіптік білім беру жүйесінде 25 мемлекеттік кәсіптік мектеп жұмыс жасауда.

Жаңа түрдегі оқу орындары бірте-бірте дамуда. Білікті жұмысшылар мен жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау үшін ең үздік кәсіптік мектептердің базасында кәсіптік лицейлер құрылды.

Облыс түлектері жоғары оқу орындарына кешенді тесттеу барысында білім сапасының жоғары деңгейін растады. Облыстың 1757 түлегі грант пен несие алды (2000 жылы 943), бұл республикадағы ең үздік көрсеткіш болып табылады.

19. Күшті жақтар

Барлық деңгейдегі оқу орындарының тармақталған желісінің болуы. Облыстың республика бойынша білім беруде жоғары рейтингінің болуы.

Облыс мектептерінде компьютерлік техниканың бар болуы.

Білікті кадрлардың бар болуы.

Жаңа типті мектептердің бар болуы.

Мемлекеттік тілде оқитын оқушылардың санын арттыру тенденциясының бар болуы.

Бюджеттен жыл сайын балаларды сауықтыруға және олардың жазғы демалысына мақсатты қаражаттар бөлінеді.

Мемлекеттік емес оқу орындары дамып келеді.

20. Әлсіз жақтар

Жетім балалар мен даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының, мектептен тыс ұйымдардың саны жеткіліксіз.

Білім беру қызметтеріне қолжетімділіктің, әсіресе, ауылда мектепке дейінгі

тәрбие беру мен оқыту, бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесінде,
т ө м е н д е у і .

Шағын жинақталған мектептердің орта буынында біріктірілген
сынып-комплектілердің бар болуы.

Орта, жоғары буын оқушылары үшін оқулықтардың және оқу-әдістемелік
ә д е б и е т т і ң та п ш ы л ы ғ ы .

Білім беру ұйымдарының жеткіліксіз ақпараттандырылуы.

Білім беру ұйымдарының спорттық керек-жарақтармен нашар жарақталуы.

Оқытудың озық технологиялары нашар пайдаланылады.

Кәсіптік білім беру проблемаларын шешуде білім беру ұйымдары мен
кәсіпорындардың серіктестігі жоғалған.

Ауылдық жердегі кадрлардың тұрақтамаушылығы.

2 1 . М ү м к і н д і к т е р

Педагогикалық кадрлардың кәсіптік деңгейін көтеру.

Бес - алты жасар балаларды мектепалды даярлықпен толық қамту.

Орта білім беру жүйесін компьютерлендіруді аяқтау.

Ақпараттық жүйені, Интернетті білім беру жүйесінде пайдалану
м ү м к і н д і к т е р і н да м ы т у .

Интернат мекемелері, балалар ауылы желісін дамыту.

2 2 . Қ а т е р л е р

Пайдалы қызметпен қамтылмаған кәмелетке жасы толмағандар арасындағы
қ ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ с а н ы н ы ң ө с у і .

Шылым шегетін, алкоголь ішімдіктерін пайдаланатын, токсикомания мен
нашақорлыққа тартылған балалар мен жасөспірімдер санының өсуі,
жасөспірімдер арасында ЖҚТБ-ның таралуы.

Табысы аз отбасы балалары, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар
санының көбеюі, балалардың қараусыздығы мен қаңғырушылығы.

Балалар денсаулығының нашарлауы.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР (БІЛІМ БЕРУ):

бес алты жасар балаларды мектепалды даярлықпен қамту;
мектеп жасындағы барлық балаларды оқумен қамту және балаларды
ә л е у м е т т і к қ о р ғ а у ;

орта білім беру жүйесін компьютерлендіруді аяқтау;
бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесін оқу - әдістемелік қамтамасыз
е т у ;

балалар мен жасөспірімдер үшін мектепке дейінгі, бастауыш және кәсіптік
білім алуға қолжетімділікті арттыруға жағдайлар жасау;

кәсіптік білім беру ұйымдарының кәсіпорындармен серіктестігін дамыту;
педагог кадрлардың ауылдық жерде тұрақтануын қамтамасыз ету;
балалар, жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың,
қ а р а у с ы з д ы қ т ы ң а л д ы н а л у ;
оқушылар мен педагогтардың денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды
қ а м т а м а с ы з е т у ;
мектептердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жақсарту.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ (БІЛІМ БЕРУ)

23. Бірінші кезең 2002-2005 жылдар

1) Бес алты жасар балаларға арналған мектепке дейінгі білім берудің (мектепке дайындық) икемді бағдарламаларын енгізу.

2005 жылы мектепке дейінгі мекемелер саны 10,4 %-ға өсіп, 85 бірлікке ж е т е д і .

2) Жалпыға бірдей сауаттылыққа қол жеткізу, мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті орта біліммен толық қамтуды қамтамасыз ету, білім с а п а с ы н ж а қ с а р т у :

жалпы орта білім беру ұйымдарының желісін белгіленген нормативке ж е т к і з у д і қ а м т а м а с ы з е т у ;

мектеп жанындағы интернаттар мен өзге интернат мекемелерін ашуға жәрдемдесу, мектептен үш километрден астам шақырымда тұратын балаларды мектепке дейін жеткізуді ұйымдастыру;

бюджеттен бөлінген қаржыны интернат ұйымдары тәрбиеленушілерінің тамағы, киім-кешегі мен өзге шығыстары бойынша нормативтерді қамтамасыз е т у г е ж о л д а у ;

жалпы білім беретін мектептердің жанындағы жаппай оқу қорларын дамыту және олардың қаражаттарын бұдан да тиімді пайдалану жөнінде шаралар қ а б ы л д а у ;

орта мектептердің Интернет желісіне қосылуын және компьютерлік бағдарламалардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуын қамтамасыз ету;

мектеп оқушыларын мемлекеттік тапсырыс негізінде жаңа буын оқулықтарымен және оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету;

кәсіптік мектептер мен колледждердің бюджеттік топтарына оқушылардың қабылдауын өсіру арқылы кәсіптік білім алуға қол жетімділік деңгейін арттыру;

педагогикалық, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты ұ л ғ а й т у д ы к ө з д е у .

3) Оқушылар мен педагогтардың денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды қ а м т а м а с ы з е т у :

оқу орындарында денсаулық күндерін өткізу;
денсаулығында ақау бар балалар үшін арнаулы медициналық топтардың
жұмысын жетілдіру;

балалардың жазғы демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыруды
қамтамасыз ету;

білім беру мекемелеріндегі спорт секцияларының санын және спортпен
айналысатын балалардың санын көбейту.

24. Екінші кезең 2006-2010 жылдар

**1) Халықтың жалпы білімділік деңгейін арттыру ұзақ мерзімді жоспарда
адамгершілік капиталының сапасы экономикалық дамудың ең басты
кедергілерінің бірі болады.**

Өсіп келе жатқан ақпараттық ағымдар мен жоғары технологиялық өндірістер
бір жақты маманданған атқарушыларды емес, базалық деңгейдегі білімді,
қызметтің бір түрінен басқа түріне кірісуге қабілетті, коммуникативтік
икемділіктері мен дағдылары бар мамандарды талап етеді. Сонымен қатар
оқудың аяқталу кезеңдерінде кәсіптік білім беру жүйесі нарықтың көкейтесті
және перспективті қажеттіліктеріне нақты бейімделуі қажет.

Кәсіптік мектептер, лицейлер мен колледждердің және барлық меншік
түріндегі кәсіпорындардың іскерлік, мүдделі серіктестігі шеңберінде
кәсіпорындар базасында кәсіптік тәжірибе барысында игерген практикалық
дағдылар мен теориялық білімдердің тұтастығын қамтамасыз ету қажет.

**2) Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту,
оқытудың жаңа технологияларын енгізу. Ауыл мектептерінің жас мамандары
үшін тиісті тұрмыстық жағдайлар жасау.**

5. МАҚСАТ (ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ)

Халық денсаулығының жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін, денсаулық
сақтаудың пәрменді жұмыс істейтін жүйесін құру.

6. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ (ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ)

Соңғы жылдары облыс тұрғындарының денсаулығы елеулі жақсаруда. Бұны
демографиялық және ауру көрсеткіштері растайды.

Халықтың туу қабілеті және табиғи өсімі жоғарылауы, сәби өлімі
көрсеткіштерінің төмендеуі белгіленіп отыр.

Туберкулезбен ауру көрсеткіштері 100 мың халыққа 196 (2000 жылы-201,1)
адамды құрап, 2,5 %-ға төмендеді. Бұл аурудан болған өлім көрсеткіштері
төмендеп, асқынып кеткен жағдайлар санының қысқаруы байқалуда. Сонымен
қатар, вирустық гепатит, педикулез, мерез сияқты әлеуметтік қауіпті аурулар
санының төмендегені байқалуда.

Нашақорлыққа шалдығу 2000 жылға қарағанда 50 %-дан аса өсіп, ауру
көрсеткіші 100 мың халыққа 1139,4 адамды құрады. АқТқ ауруларының өсуі

байқалуда, 439 ауру анықталды, бұл ауру көрсеткіштері 100 мың халыққа 57,0 (2000 жылы 10,5) адамды құрады.

2002 жылдың басында облыс тұрғындарына 126 амбулаториялық - емханалық ұйымдар, соның ішінде 6 консультативтік диагностикалық емхана, 34 қалалық және 82 ауылдық отбасылық дәрігерлік амбулаториялар медициналық көмек көрсетуде. Сонымен бірге, ауылдарда 225 фельдшерлік- акушерлік пункттер жұмыс істеп, 51 елді мекенді бөлек орынмен қамтамасыз етілмеген медициналық қызметкерлер баршылық. Облыс тұрғындарына 43 ауруханалық ұйымдар, соның ішінде 7 диспансер стационарлық көмек көрсетуде.

Мемлекеттік сектормен қатар жеке меншік медициналық ұйымдар дамып келеді, 2001 жылдың аяғында бұндай 151 мекеме жұмыс істеді.

Облыс денсаулық сақтау жүйесіндегі оң өзгерістер халыққа медициналық көмек көрсету деңгейін сақтауға, қолдауға, медициналық көмектің сапасын арттырудағы медициналық мекемелердің оңтайлы қызметін қамтамасыз етуге бағытталған аймақтық Бағдарламаларды әзірлеумен және жүзеге асырумен байланысты.

25. Күшті жақтар

Алғашқы медициналық-санитариялық жәрдемнің жұмыс істеуі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмыстардың ж а н д а н д ы р ы л у ы .

Медициналық қызметтерді қаржыландыру нысандарының көп арналылығы қаржыландырудың тиімді жүйесінің алғышарттары болуы. Бәсекелестік мүмкіндігін туғызатын медициналық қызмет көрсететін мемлекеттік емес с е к т о р д ы ң б о л у ы .

Медициналық жоғары оқу орындарында интернатураның, дәрігерлерді жетілдіру факультетінде отбасылық дәрігерлерді дипломнан кейінгі д а й ы н д а у д ы ң жүзеге а с у ы .

Таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін медициналық қызметтердің ішкі нарығының болуы.

26. Әлсіз жақтары

Жоспарлы және нарықтық басқару тетіктерінің оңтайлы ұштастырылуына т ұ ж ы р ы м д ы н е г і з д і ң б о л м а у ы .

Денсаулық сақтаудың аурудың алдын алудан гөрі емдеу сипатындағы шараларға к ө б і р е к б а ғ д а р л а н у ы .

Бәсекелестік пен тиісті материалдық ынталандырудың болмауы.

Емдеу-профилактика мекемелеріндегі диагностикалық және емдеу ж а б д ы қ т а р ы н ы ң е с к і р у і .

Аурулардың алдын алу, диагноз қою және ауруларды емдеу саласында осы заманғы және тиімді технологияларды кеңінен қолдану жөніндегі шаралардың

жеткіліксіздігі.

Фармацевтік және медициналық өнеркәсіптің әлсіз дамуы.

27. Мүмкіндіктер

Әлеуметтік саланың басқа да тармақтарын денсаулық сақтау шараларын ұйымдастыруға тарту.

Қаржыландыру көздерін кеңейту.

Денсаулық сақтау проблемасы мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдар қызметін жандандыру.

Медициналық ізгілік көмек.

28. Қатерлер

Фармацевтикалық нарықта стандарттар талаптарына жауап бермейтін дәрі-дәрмектік заттардың болуы.

Халыққа арналған сапалы ауыз суға қол жетімділіктің төмендеуі.

Халықтың едәуір бөлігінің төлем қабілетінің төмендігі (кенеулі аспен өзін-өзі қамтамасыз етуі жөніндегі мәселелер).

Есірткі бизнесі өсуі мен есірткіге қол жетімділіктің артуы.

Таяу және шалғай шетелдермен белсенді көші-қон алмасу АҚТҚ-ның таралу қаупін төндіреді.

Денсаулыққа әсер ететін экологиялық факторлардың күшеюі.

Заңсыз иммиграция нәтижесінде эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы.

7. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР (ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ):

әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіпті аурулардың пайда болуын мен дамуының алдын алатын профилактикалық шараларды күшейту;

салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметін нығайту;

халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру. Алғашқы медициналық-санитариялық жәрдемді нығайту, отбасылық дәрігері практикасын дамыту;

дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуді жетілдіру. Жергілікті фармацевтік саланы дамытуға ықпал жасау;

қоршаған ортаның мониторингін және халықты сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жетілдіру;

ДДСҰ ұсынған емдеудің жаңа әдістерін енгізу жолымен емдеу процесін ұйымдастыруды жақсарту;

халыққа сапалы медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыру мақсатымен қаржыландыру жүйесін жетілдіру;

денсаулық сақтау жүйесін басқаруды жетілдіру;

халықтың қалың жіктеріне арналған сапалы медициналық көмекке іс жүзінде қол жеткізу деңгейін арттыру қажет: түрлері, сапасы мен көлемі халықтың ауру

деңгейі мен сұраныстарына, қазіргі медициналық білім мен технологияларға, сондай-ақ облыстың және азаматтарының қолда бар ресурстарына сай келетін медициналық қызмет көрсету үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдай жасау;

медициналық мекемелерде көрсетілетін ақылы медициналық көмекті мемлекеттік реттеуді күшейту.

8. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ (ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ)

29. Бірінші кезең 2002-2005 жылдар

1) Медициналық мекемелерде көрсетілетін ақылы медициналық көмекті мемлекеттік реттеуді күшейту.

Бұл халыққа арналған медициналық көмектің қол жетімділігін арттыру үшін тактикалық бірінші кезектегі міндет болып табылады. Іс жүзінде ол тегін медициналық көмектің орнына бақылаусыз орын алған ақылы медициналық көмекті шектеуден әрі аспайды. Медициналық мекемелерде тегін медициналық көмектің көлемдерін реттеуді және ақылы медициналық көмек көрсету тәртібін енгізу қажет.

2) Ауылды жерлерде отбасылық дәрігерлік амбулаторияларды дамыту және нығайту:

ОДА-ларды қажетті медициналық құралдармен жабдықтау;
еңбекке ақы төлеудің сараланған түрін енгізу;
ОДА-лардың ішкі ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру;
дәрігерлердің кәсіби деңгейін арттыру.

3) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіпті аурулардың пайда болуы мен дамуының алдын алатын профилактикалық шараларды жүргізу:

халықты иммунизациялау;
сапалы тамақ өнімдерімен және сумен қамтамасыз ету;
кенеулі тамақтану және салауатты өмір салтын насихаттау;
ЖҚТБ және АҚТҚ індеті жөнінде ағарту жұмыстарын жүргізу;
ЖҚТБ алдын алу пункттерін дамыту;
нашақорлар үшін айырбастау пункттерінің жүйесін көбейту;
емдеу-профилактика мекемелерінде әйелдерді медициналық тексеру кабинеттерінің жүйесін көбейту және дамыту.

4) Салауатты өмір салтын қалыптастыру:

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы білім беру бағдарламалары мен ақпарат: мектептердегі, жоғары оқу орындарындағы, жұмысшылар ұжымдарындағы әрбір азаматқа алғашқы медициналық-санитариялық көмек мекемелері арқылы жеткізілуге тиіс.

30. Екінші кезең 2006-2010 жылдар

1) Дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етудің стандарттау жүйесін енгізу:
өмірлік маңызы бар және маңызды дәрі-дәрмектердің тізбесін құру және
ж а ң а р т у т ә р т і б і ;

фармакоэкономикалық зерттеулердің мәліметтерін есепке ала отырып
дәрі-дәрмектердің сауда атаулары бойынша өмірлік маңызы бар және аса
маңызды дәрі-дәрмектер тізбесі негізінде дәрі-дәрмектер формуляры;
мемлекет кепілдендірген тегін амбулаториялық - емханалық, стационарлық
және жедел медициналық көмек көрсеткендегі дәрі-дәрмектік көмектің көлемін
б е л г і л е у ;

формулярға енгізілген дәрі-дәрмектер бағасынан шығарып, дәрі-дәрмектік
көмекті оны көрсету түрлері бойынша қаржыландырудың жан басына
ш а қ қ а н д а ғ ы н о р м а т и в і ;

жеңілдіктері бар санаттағы халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің ең
төмен әлеуметтік нормативтері.

2) Денсаулық сақтау саласының мемлекеттік емес секторын одан әрі дамыту:

денсаулық сақтау саласына шетелдік және отандық инвесторларды,
халықаралық қаржылық ұйымдардың және басқа нәрлендірушілердің гранттарын
, займдарын тарту жөніндегі жұмыс жандандырылып келеді.

**3) Халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін
қаржыландыру жүйесін жетілдіру:**

ерікті медициналық сақтандыруды дамыту және ынталандыру;
зейнеткерлерді, мүгедектерді, жұмыссыздарды, балаларды, жүкті әйелдерді,
студенттерді міндетті түрде енгізе отырып, медициналық көмектің нақты
кепілдендірілген көлемін белгілеу.

4) Тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет түрлерінің сапасын
арттыру. Емдеу процесін ұйымдастыруды жаңа әдістерді, соның ішінде ДДСұ
ұсынған емдеудің әдістерін енгізу жолымен жақсарту:

медициналық ұйымдарды жаңа, қазіргі диагностикалық және емдеу
а п п а р а т у р а с ы м е н ж а б д ы қ т а у ;

медициналық практикаға емдеу және диагноз қоюдың мемлекетаралық
х а т т а м а л а р ы н е н г і з у ;

медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру;

т а р и ф т е р д і к ө т е р у ;

қаржыландырушы ұйымдардың медициналық көмек көрсетудің сапасын
тексеру кезінде қойылатын талаптарын қатайту.

5) қоршаған ортаның мониторингі және халықты сумен қамтамасыз етудің ж а й - к ү й і н ж е т і л д і р у :

халықтың таза ауыз суға қол жетімділігін қамтамасыз ету;
өнеркәсіптің барлық салаларындағы кәсіпорындар үшін ауаны ластаушы концентраттардың жол берілетін шекті нормаларының сақталуына бақылауды қатайту қажет.

9. МАҚСАТ (ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ)

Халықтың кедейлік деңгейін азайтуға, қайыршылықты жоюға бағдарланған халықты әлеуметтік жағынан қамтамасыз етудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру.

10. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ (ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ)

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайға көшуі мынадай мемлекет жағынан әлеуметтік қолдауға мұқтаж халықтың санаттарында жұмыссыздық, кедейлік сияқты әлеуметтік құбылыстардың пайда болуына әкеліп соқты. қазіргі уақытта азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік жеңілдіктердің жойылуына байланысты халықтың осал қорғалған жіктерінің саны көбейді. Бұдан басқа, зейнетақы мен жәрдемақылардың кешігіп төленуі, жұмыссыздық бойынша жәрдемақының жойылуы, атаулы әлеуметтік көмек көрсету тәсілінің өзгеруі, аз қамтамасыз етілген азаматтар саны өсуіне және олардың әл-ауқаттары нашарлауына ықпал етті.

Павлодар облысында 2002 жылғы 1 қаңтар жағдайына 105931 аз қамтамасыз етілген азамат саналды немесе облыс тұрғындарының жалпы санының 13,7 %, бұл 2001 жылғы 1 қаңтарға қарағанда 24 % -ға артық.

2001 жылғы наурыздан бастап кедейлік тереңдігіне және мұқтаждық деңгейіне байланысты аз қамтамасыз етілген азаматтар санын анықтау жөнінде жұмыс басталды. әр елді мекенде, жергілікті жердегі әкім жанындағы селолық округте учаскелік қоғамдық комиссиялар құрылған болатын, бұлар үйлерді орағытып өту жолымен әр бір отбасына әлеуметтік карта жасады. әлеуметтік карта негізінде облыстың қалалары мен аудандарында аз қамтамасыз етілген азаматтардың деректер қоры құрылып жатыр, кедейлік шегінен төмен тұратын тұлғалар санаттары анықталуда.

Азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында, бірінші кезекпен аз қамтамасыз етілгендерді, облыстық деңгейде кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламалар қабылдануда. 2001 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті бюджет есебінен 574,7 млн. теңгеге аз қамтамасыз етілген азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді.

2000 жылдың 1 қаңтарында 434,8 млн. теңгені құрайтын, 1997-2000

жылдардағы балалар жәрдемақысы жөніндегі берешек өтеліп, басты проблема шешімін тапты. Жүргізілген жұмыс негізінде әлеуметтік шиеленіс жойылып, балалы отбасылары жағынан өтініштер мен арыздар ағыны күрт азайды.

Облыста сырттан күтуді қажет ететін қарттарға қызмет жасайтын 1 орталық және үйде әлеуметтік көмек көрсетудің 13 бөлімдері жұмыс істейді, қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы типті 2 интернат-үйі және психикасының созылмалы ауруы барларға арналған мамандандырылған интернат-үйі жұмыс істейді. 2001 жылдың қорытындысы бойынша облыстық мүгедектер қоғамы облыстың 100 мүгедегіне кресло - күймелер жеткізіп берді. Павлодар қаласында белгілі мекенжайы жоқ адамдарды әлеуметтік-бейімдеу орталығы жұмысын жалғастыруда. 2001 жылдың басынан орталыққа 472 адам қабылданды. 2001 жылы Павлодар қаласы әкімінің әлеуметтік көмек орталығында 1052 адам емделіп шықты. Ардагерлер тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарының басты назарында.

31. Күшті жақтар

Мемлекеттің халықтың әлеуметтік осал жіктеріне ең аз мөлшерде көмек беріп отыруы жөніндегі конституциялық міндеттемелерінің болуы.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар және өзге де әлеуметтік жәрдемақылардың болуы.

Кедейлікке және жұмыссыздыққа қарсы күрестің республикалық және аймақтық бағдарламаларының қабылдануы.

Кедейлік проблемаларын шешу қажеттігіне атқарушы биліктің барлық деңгейлерінде берілді болуы және түсіністікпен қарауы.

Әлеуметтік қорғау, кедейлікке қарсы күрес жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара жемісті іс-қимыл.

32. Әлсіз жақтар

Мемлекеттік әлеуметтік көмектің атаулылығының, ашықтығының және қол жетімділігінің кемдігі.

Кедейліктің деңгейі мен тереңділігін айқындаудағы тиімсіз қағидаттар.

Жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауға арналған шығыстың азаюы.

Көрсетілетін материалдық көмек деңгейі мөлшерінің төмендігі.

Жұмыстан босатылған қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу құқығына нұқсан келтіру.

Жұмысынан, еңбек қабілеттілігінен және табыс көзінен айрылуымен байланысты әлеуметтік қатерге тап болған кезде халықтың өзін-өзі қамтамасыз ету дағдысын қалыптастыру саясатының болмауы.

33. Мүмкіндіктер

Аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау, табыстары кедейлік шегінен төмен азаматтарға берілетін жәрдемақылар.

Халықтың айрықша мұқтаж жіктеріне атаулы көмек көрсету.
Халықтың нақты табысының артуын қамтамасыз ету.

34. Қатерлер

Инфляция қарқынының зейнеткерлік төлемдерді индекстеу қарқынынан озып отырғанына байланысты зейнеткерлердің ақшалай кірістерінің төмендеуі.

11. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ):

халықтың әлеуметтік осал жіктерін анықтау тетігін әзірлеу және барлық жерлердегі елді мекендер, шағын аудандар, ауылдар және тағы тағылардың әлеуметтік паспорттарын енгізу;

аз қамтамасыз етілген азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін беру;

облыс аймақтарында кедейлік деңгейін азайту жөнінде қоғамды жаппай күреске шоғырландыру және осы жұмыстың қажеттілігі мен маңыздығы туралы халықтың қоғамдық санасын қалыптастыру;

әлеуметтік қорғау мекемелерінің жүйесін әрі қарай дамыту, олардың жұмыс істеуі мен басымды қаржыландырылуын қамтамасыз ету;

ұйымдардың, мекемелер мен коммерциялық құрылымдардың халықтың тұрмысы төмен жіктеріне атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі теңгерімділікті бірлескен қызметтерін қамтамасыз ету.

12. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ)

35. Бірінші кезең 2002-2005 жылдар

Халықтың тұрмысы төмен жіктерін айқындау жүйесін құру, атаулы көмек көрсетудің басымдыларын анықтау және облыста кедейлік деңгейін төмендету үшін жағдай жасау бірінші кезеңнің мақсаты болып табылады. Осы кезеңде нақты атаулы әлеуметтік көмек жүйесін әзірлеу күтілуде, ол еңбекке қабілетті халықтың санынан аз қамтамасыз етілген азаматтар пайызын азайтуға және азаматтардың әлеуметтік осал жіктерінің өмір сүру деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді. 2000 жылғы 12 маусымдағы облыс әкімінің N 134 шешімімен бекітілген 2002 жылға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі Кешенді бағдарламасында, департаменттер мен басқармалардың салалық бағдарламаларында, қазіргі уақытта қабылданған түрлі іс-шаралардың жоспарларында орын тапқан мақсатқа жетуге және басымды міндеттерді орындауға бағытталған шараларды іске асыру.

1) Халықтың тұрмысы төмен жіктерін айқындау механизмін әзірлеу және барлық жерлерде елді мекендерде, шағын аудандарда, ауылдарда және тағы басқаларында әлеуметтік паспорттарды енгізу:

кедейлік тереңдігі мен қажеттілік дәрежесіне байланысты аз қамтамасыз етілген азаматтар санын анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
әлеуметтік карталар негізінде облыстың қалалары мен аудандарында аз қамтамасыз етілген азаматтардың деректер қорын құру, кейіннен оларға атаулы әлеуметтік көмек көрсету мақсатында кедейлік шегінен төмен тұратын адамдар санатын анықтау.

2) Аз қамтамасыз етілген азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік көмектердің басқа түрлерін беру:

табыстарының барлық түрлерін есепке ала отырып, әлеуметтік карта жасау жолымен нақты қажет ететін критерийлерді анықтау негізінде атаулы әлеуметтік көмек беру;

ақшалай және заттай түрде қайырымдылық көмек беру;
жеңілдікпен рецепт алуға құқылы азаматтардың жекелеген санаттарын тегін амбулаторлық емдеуді қамтамасыз ету;

үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметтерін қажет ететін жалғызділікті және жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге қызмет көрсету;
мүгедектерді кресло-күймелермен қамтамасыз ету;

Павлодар қаласындағы медбибілік күтім ауруханасында жалғызділікті қарт азаматтарға медициналық көмек көрсету;

"Мейірімділік үйі" аймақтық әлеуметтік көмек орталығында жалғызділікті қарттарға қызмет көрсету;

тегін түскі ас беру, халықтан жинаған киім мен аяқ киім тарату жолымен аз қамтамасыз етілген азаматтарға көмек көрсету.

3) Әлеуметтік қорғау мекемелері жүйесін әрі қарай дамыту, олардың қызмет жасауы мен басымды қаржыландырылуын қамтамасыз ету:

2002 жылы облыстық ақыл-есі кем балалар үшін интернат-үйін құру жоспарланып отыр.

36. Екінші кезең 2006-2010 жылдар

Келешекте, 2010 жылға дейін, тұрғындарды әлеуметтік қорғау қызметінің күші: бюджеттің мүмкіндігін ескере отырып, отбасы құрамы мен жиынтық кірісіне байланысты аз қамтамасыз етілген азаматтарға мемлекеттік көмек көрсету мөлшерін анықтауға, есепке алу және есеп беру мақсатында әлеуметтік карталарға сәйкес облыстың барлық елді мекендерінде тұратын аз қамтамасыз етілген азаматтарды тіркеуге; атаулы көмек көрсетудің белсенді саясатын жүзеге асыру арқылы облыс бойынша кедейлік деңгейін төмендету, аз қамтамасыз етілген азаматтарға көрсетілетін барлық көмекті түрлерін үйлестіруге, әлеуметтік бейімдеу, экономикалық сауықтыру және халықтың әлеуметтік осал жіктеріне

атаулы әлеуметтік қолдау шаралары негізінде дәйекті реформа жүргізу жолымен халықтың өмір сүру деңгейін тұрақтандыру мен көтеруге бағытталады болады.

1) Облыстың аймақтарында кедейлік деңгейін төмендету жөніндегі жаппай күреске қоғамды шоғырландыру және осы жұмыстың қажеттілігі мен маңыздылығы туралы халықтың қоғамдық санасын қалыптастыру:

облыста, қалалар мен аудандарда бұқаралық ақпарат құралдарында осы мәселені кеңінен түсіндіру: кедей азаматтардың саны туралы, ең төменгі күнкөріс деңгейі, кедейлік шегі туралы, сондай-ақ осы бағытта халықты әлеуметтік қорғау қызметі өткізіп жатқан іс-шаралары туралы халықты хабардар е т у .

2) әлеуметтік қорғау мекемелерінің жүйесін әрі қарай дамыту, олардың қызметі мен басымды қаржыландырылуын қамтамасыз ету:

жұмыс істейтін әлеуметтік қорғау мекемелер жүйесін әрі қарай қолдау және кеңейту үшін, олардың тиімді жұмыс істеуіне жергілікті бюджет міндеттемелерінің сөзсіз реттелген жағдайда басымды қаржыландыру шаралары қажет.

3) Халықтың тұрмысы төмен жіктеріне атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұйымдардың, мекемелер және коммерциялық құрылымдардың баланстандырылған бірлескен қызметтерін қамтамасыз ету:

қайырымдылық қызметті дамыту, демеушілік көмек көрсету үшін атқарушы билік оларды іске асыру үшін мүмкін жолдарын табуы керек.

13. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

2001 жыл көрсеткіштерімен салыстырғанда жалғасып келе жатқан көші-қон жылыстауына байланысты 2005 жылға дейін тұрғындар саны көбеймейді. 2006 жылдан бастап, облыстың әлеуметтік-экономикалық сипаттамасының жақсаруы, туу көбею есебінен халық саны өседі деп күтілуде. Облысқа көшіп келушілер 22 мың адамнан астам болатын болады. Сонымен қатар халықтың миграциялық жылыстауы азаяды. Сондықтан жыл сайын облыс тұрғындарының саны 1-1,5 %-ға өсіп отырады .

Жұмыспен қамту саласы қызметінің негізгі бағыттары бойынша шараларды іске асыру нәтижесінде 2005 жылдың аяғына облыстың еңбек нарығында тұрақтану пайда болады. Жаңа жұмыс орындарын құру 2005 жылға жалдамалы жұмыспен қамтылған халық санын 234,5 мың адамға дейін көбейтуге мүмкіндік береді. Өздерін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындар 165 мың адамға дейін жетеді. 2005 жылға жұмыссыздар саны 2001 жылмен салыстырғанда 12,2 %-ға азайып, ашық және тіркелген еңбек нарығындағы жұмыссыздықтың көрсеткіштер арасындағы айырмашылық қысқарады, осының нәтижесінде еңбек нарығындағы жағдайға шынайы баға беруге болады, және, әрине, еңбек нарығындағы жағдай

болжамды және басқарулы болатын болады.

Денсаулық сақтау саласындағы іс-шараларды іске асыру көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, бұл жалпы ауруды және әлеуметтік мәні бар аурулардың санын төмендетуге әкеледі. Туберкулезден өлім-жітім 2005 жылға қарай 10 % төмендейді. Сәби өлімі 1000 жаңа туғанға 20,0 деңгейге дейін төмендейді.

Білім беру саласында барлық балаларды мектепалды дайындықпен қамту үшін жағдай жасалатын болады. Мамандандырылған оқуға мұқтаж балаларды қоса алғанда, мектеп жасындағы барлық балаларды орта мектеп бағдарламасы бойынша оқумен 100 % қамтуға қол жеткізілетін болады. Жалпыға бірдей орта білім беру үшін жағдай жасалады, бұл балалар мен жасөспірімдердің білім берудің барлық деңгейіне қол жетімділігін арттырады. Білім беру қызметінің сапасы көтеріледі. Ақпарат жүйелері, компьютерлік оқу бағдарламалары мен Интернет оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын болады. Жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылық саны төмендейді. Білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасы күшейеді.

Әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау саласында межелеген шараларды іске асыру халықтың тұрмысы төмен жіктерінің әл-ауқатын көтеруге қолайлы жағдай туғызады, осының нәтижесінде кедейлік деңгейі төмендеуін күтуге болады. Аз қамтамасыз етілген азаматтар саны 2001 жылғы жалпы халық санының 13,7 %-нан 2005 жылы 9,3 %-ға дейін қысқарады. Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегі деңгейінен төмен болатын облыстың барлық азаматтары атаулы әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасымен қамтылатын болады. Жалпы алғанда қоғамда моральді-психологиялық ахуал жақсарады.

II БӨЛІМ. ӨНЕРКӘСІПТІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

§ 1. МАҚСАТ

Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге жарамды энергетика және тау-кен өндіру салаларын, машина жасау кешенін, мұнай-химия және металлургия өнеркәсібін тиімді дамыту есебінен облыстың индустриялық кешенін қалыптастыру.

Өнеркәсіп-технология саясатын жүзеге асыру жаңа технологияларды игеру, импорт алмастыру жөніндегі жұмысты жандандыру, 9000 сериялы ISO халықаралық стандарттарға көшу және жаңа өткізу нарығына шығу арқылы өнеркәсіп өндірісін өсіру үшін жағдай жасауды көздейді.

Облыс өнеркәсіптік-технологиялық саясатының қойған мақсатына қол жеткізу үшін екі кезең жоспарланып отыр.

37. Бірінші кезең 2002-2005 жылдар

Осы кезеңде өнеркәсіп қызметінің негізгі бағыттары жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңарту мен техникалық қайта жабдықтау, салааралық кооперацияны дамыту, отандық товар өндірушілерді қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру және ғылымды қажетсінетін жаңа өндірістерді дамыту үшін жағдай жасау арқылы шығарылатын өнімнің көлемін көбейтуге бағытталған. Импорт алмастыру және 9000 сериялы ISO халықаралық стандарттарды енгізу жөніндегі іс-шараларды орындау жұмыстары жандандырылатын болады, бұл облыс кәсіпорындары шығаратын өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруге ықпал етеді.

38. Екінші кезең 2006-2010 жылдар

Осы кезең дәстүрлі товарларды өткізу көлемін сақтау, жаңа даяр жоғары технологиялық товарларды шетке шығаруды көбейту, экспорт географиясын әлем нарығына тиімді жылжыта отырып кеңейту арқылы экономиканың өнеркәсіп секторын бұдан әрі дамытуды көздейді.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Аймақтың өнеркәсіп әлуеті акциялардың бақылау пакеті шетел инвесторларының жеке меншігіндегі экспортқа бейімделген ірі өнеркәсіп компанияларын айқындайды. Олар 84 %-дан аса облыстық және 6,3% республикалық көлемде өнеркәсіп өсімін өндіреді. Олар - облыс экспорт әлуетін, бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтайтын көмір, электр және жылу қуаты, оларды жеткізу, сазбалшық, ферроқорытпа, мұнайды қайта өңдеу өнімдері және тамақ өнімдері.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына 2000 жылға дейінгі өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы әсер етті. 1996 жылдан 1999 жылға дейін орташа жылдық құлдырау 7 % құрады. Оның басты себебі - шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттігі төмен. Ішкі нарықтан отандық азық-түлік товарларын ығыстырып, импорт товарларына жол беру орын алды. өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімі бағасының қалыптасқан үйлесімсіздігі ауыл шаруашылығы мен басқа салалардың кәсіпорындарында көлемді қысқартуға әкелді.

1995-1999 жылдардағы өнеркәсіп жұмысын талдау жеке салаларда көлемнің әркелкі құлдырауын көрсетеді. Базалық салаларда халықты тіршілікпен қамтамасыз ету салаларына қарағанда құлдырау жылына орташа 2-3 есе төмен болды: электр энергетикасында - 8,1%, көмір өнеркәсібінде - 8,6%, ал жеңіл өнеркәсіпте - 26,6%, тамақ - 20,3%.

Жалпы, 1995-2001 жылдары өнеркәсіпте өткізілген реформалар экспорт өнімін өндіруді өсіру және өнімнің басқа түрлерін өндіруді тұрақтандыру үшін жағдай жасауға, аймақтың экономикасын көтеру үшін алғы шарт құруға ықпал етті. 2000 жылдың басынан бастап нақты сектордың барлық салаларында өндіріс

көлемінің өсуі байқалады. өнеркәсіп өнімінің нақты көлемі индексі (үй шаруашылығы секторының есебімен) 2000 жылы 18,7 %-ға көбейді. Облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 127,2 млрд.теңге сомасына өнім өндірді.

Электр қуатын, газ бен суды өндіру мен тарату (нақты көлем индексі 120,4 % құрады), машина жасау (149 %), тау-кен өндіру (131,2 %), металлургия өнеркәсібі (107,2 %), мұнай айдау (144,9 %) сияқты өнеркәсіп салаларында өндіріс көлемі бірқатар өсті.

Заттай көмір өндіруді 33,2 %, электр қуаты өндірісін - 29,3 %, ферроқорытпаны - 8,4 %, сазбалшықты - 5,1%, мұнайды қайта өңдеу өнімін - 48,8 %, тракторлар мен бульдозерлерді - 56 %-ға өсіруге қол жетті.

2001 жылы өндіріс көлемін көбейту беталысы сақталды. Жалпы, өнеркәсіп бойынша нақты көлем индексі үй шаруашылығымен қоса алғанда 112,0 % құрады.

Өндірістің өсу нүктесі. қазіргі уақытта өңдеу секторының үлесі басым өнеркәсіп құрылымы қалыптасты - 63,8%, оның ішінде металлургия өнеркәсібі - 47,8%, мұнай айдау - 3,6% құрайды. Тау-кен өндіру өнеркәсібі - 15,4%, электр қуатын, газ бен суды өндіру мен тарату - 20,8% құрайды.

Павлодар облысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің өсімі тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар көлемінің көбеюі нәтижесінде қалыптасты, олар мыналар:

тау-кен өндіру саласында - "Богатырь Аксес Көмір" ЖШС-ның, тиісті сектор көлемінде ең үлкен үлесі бар (71,5%). Кәсіпорынның өндіріс қуаты жылына 50,0 млн.тонна көмір өндіруді құрайды. Көмір кенішінің тұрақты жұмысы 2001 жылмен салыстырғанда 24,3% және 39,0%-ға өндіріс көлемін көбейтіп, 2005 жылы көмір өндірісін 42,0 млн. тоннаға, 2010 жылы 47,0 млн.тоннаға жеткізуге ықпал етеді.

Жалпы, тау-кен өндірісіндегі көмір кеніштерінің тұрақты жұмысы, 2001 жылмен салыстырғанда 23,0% және 32,0%-ға өндіріс көлемін көбейтіп, 2005 жылы көмір өндірісін 65,0 млн.тоннаға, 2010 жылы 72,0 млн.тоннаға жеткізуге ықпал етеді. Тоғыз жыл ішінде көмір өндірудің орташа жылдық өсімі 3,6% құрайды. Көмір өткізу нарығын кеңейтуге, сондай-ақ техникалық іс-шараларды орындауға басты мән берілетін болады.

Металлургия өңдеу өнеркәсібінде жалпы өнеркәсіп өндірісі көлемінің 74,9% құрайды. "казакстан алюминийі" ААҚ металлургиядағы үлесі - 34,7%. Кәсіпорында сазбалшықты бұдан әрі өндіру 2005 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 17 % өсім береді. 2010 жылы бұл көлем 2005 жылдың деңгейінде қалып, өндіріс қуатын 100 %-ға жүктеуге байланысты 1440,0 мың тонна құрайды. Электролиз цехы бойынша жоспарланып отырған жобалау қуаты жылына бастапқы алюминийдің 240 мың тоннасын құрайды, қолдануға кірісу 2005 жылы көзделіп отыр.

"Казхром" ҰАК ААҚ-ның "Ақсу феррокорытпа заводы" филиалы - металлургия өндірісі көлеміндегі үлесі 40,9% құрайды. 2005 жылға қарай феррокорытпа өндірісінің көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 18,2%, 2010 жылы - 20,0% өседі және қуатты толық жүктегенде 1032,0 мың тонна құрайды.

Өңдеу саласындағы машиналар мен құрал-жабдықтар өндірісі 1,9% құрайды, "қазақстантрактор" ААҚ осы салада 51,0%, "Павлодар машина жасау заводы" ААҚ - 11,3% құрайды. "қазақстантрактор" ААҚ-ы 2005 жылы трактор өндірісін 2001 жылмен салыстырғанда 3 есе өсіреді және 2000 трактор құрайды, 2010 жылы көлемі 2005 жылдың деңгейінде қалады.

Мұнай айдау - 3,6%, "Павлодар мұнай-химия заводы" ААҚ бұл салада 94,5% құрайды. өндіріс қуаттары жылына 7,5 млн.тонна мұнайды қайта өндіруге ықпал етеді. 2001 жылы мұнайды қайта өңдеу өнімдері өндірісінің көлемі 90,3%-ға өсті. Жоспарланып отырған көлемдер 2002-2010 жылдары жыл сайын 2000,0 мың тонна құрайтын болады және 2001 жылдың деңгейінде қалады, бұл кәсіпорынның алыс-беріс шикізатпен жұмыс істеуіне байланысты, кәсіпорын көлемінің өсуін өз бетімен қарастырылмайды. Шикізат жеткізуші "МаңғыстауМұнайГаз" Ақ болып табылады.

Аймақта пайдалы қазбалардың бай кен орнының бар болуы облыс экономикасы үшін өңдеу, тау-кен өндіру өнеркәсібінің басым мәнін бұдан әрі тереңдетеді. Бұдан басқа, аймақтың даму келешегі электр қуатын өндіруді а р т т ы р у е н б а й л а н ы с т ы .

Облыс қазақстанның жетекші тау-кен өндіруші аймақтарының бірі болып табылады. Мұнда елдегі көмірдің баланстық қорларының 35%-ға жуығы, 9,4% - алтын, 3,7% - мыс, 2,3% - молибден, 0,9% - мырыш, 0,3% - қорғасын шоғырланған. Аймақ аумағындағы зерттелген барлығы 115 қатты пайдалы қазбалар кен орнының 48-і пайдаланылады. Басқа кен орындарын бұдан әрі зерттеу үшін инвестор іздестірілуде. Облыс экономикасын қалыптастыру үшін табиғи ресурстардың үлкен қоры, әсіресе, Екібастұз тас көмір (баланстық қорлары - 10,5 млрд.тонна) және Майкөбен қызыл көмір (2,2 млрд.тонна) бассейндері негіз болды. Зерттеуге келешегі бар жалпы қоры 2,3 млрд.тоннадай Баянауыл және Май аудандарында орналасқан 9 көмір кен орны жатады. Облыстың резервтік кен орындарының жалпы қоры үш миллиард тоннаға жуық б о л а д ы .

Облыста жалпы таралған пайдалы қазбалардың елеулі ресурстары бар, олардың негізінде өндіру мен қайта өндіру жөнінде бірқатар кәсіпорындар ж ұ м ы с і с т е й д і .

Металл пайдалы қазбалардың 18 кен орны бойынша қорлар есепке алынды. Олардың барлығында алтынның баланстық қоры, бұдан басқа, 15-де - күміс, 7 - мыс, 6 - қорғасын мен мырыш, 4 - селен мен теллур, 3 - индий мен кадмий, 1 -

молибден мен рений қорлары бар. Олардағы алтын қоры 585 тоннаға, мыс - 9,2 млн.тоннаға, қорғасын - 1,5 млн.тоннаға және мырыш - 0,9 млн.тоннаға бағаланады.

Металл емес пайдалы қазбалардың 97 кен орны бойынша қорлар есепке алынды, оның ішінде 42 - кірпіш шикізаты, 13 - ас тұзы, 5 - құм-гравий материалы, 6 - барит, 5 - цемент шикізаты, 4 - құрылыс құмы, 4 - натрий сульфаты, 4 - керамзит шикізаты, 2 - магний тұзы, 1 - флюс әгі, 1 - шыны құм қоры бар. Бұдан басқа, облыста шикізаттың басқа түрлерінің жеке кен орындары бар - барит, силикобарит, флюорит, гипс және басқалар, бұлардың әзірше өнеркәсіптік мәні жоқ

Облыстағы қатты пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша баланстық қорлардың әлуетті алыну құндылығы 460,5 млрд.АқШ долларын, ал болжалды ресурстардың - 137,4 млрд. АқШ долларын құрайды. Облыстың жер қойнауы байлығының баланстық және болжамдық ресурстары бойынша барлығы ең кем дегенде 598 млрд.АқШ долларына бағаланады.

Несиелік ресурстарға сұраныс, жобалар бойынша инвестициялар тарту. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді техникалық жаңарту және ғылымды қажетсінетін жаңа өндірістерді дамыту үшін жағдай жасау, жұмыс орындарын көбейту мақсатында облысқа инвестиция тарту жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Басым инвестициялық жобалардың тізбесі әзірленді және ол тиісті республикалық органдарға, министрліктерге, қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетіне, "Қазақстанның даму банкі" ЖАҚ-на жіберілді.

2002-2010 жылдары "Қазақстантрактор" ААҚ-да ауыл шаруашылығы техникасының жаңа басты түрлерін (Т-95.4 шынжыр табанды трактор, класы 1,4 т.с. доңғалақты трактор, тракторларға трансмиссиялар, сепкіш, тіркемелі кең ауқымды орақ) игеру жоспарланып отыр, бұл кооперация бойынша республиканың 46 кәсіпорнын тартып, 8000 жұмыс орнын құруға ықпал етеді. Осы техника 45,0 млн.АқШ доллары көлемінде несие қорын алу арқылы игеріледі. Оның көздері тікелей инвестициялар, екінші деңгейдегі банктер бола алады.

"Павлодар машина жасау заводы" ААҚ-да мынадай жүк көтергіш жабдықтар өндіру көзделуде: жүк көтергіштігі 50 және одан көп тонналы және арнайы жалпы қолданылатын электрлі төрттағанды крандар; жүк көтергіштігі 16 тонна "КамАЗ" автомобилі негізіндегі автомобиль крандары; жүк көтергіштігі әр түрлі ілмелі және таянышты кран-балкалар; әр түрлі тальдар; жел насостары бар қондырғылар. Осы техниканы игеру 1000 жұмыс орнын құруға ықпал етеді. Осы мақсатқа 5,0 млн.АқШ доллары сомасында несие қорлары қажет. Оның көздері тікелей инвестициялар, екінші деңгейдегі банктер бола алады.

"Қазақстан алюминий" ААҚ сазбалшық өндіруде қуатты толық жүктеуге қол жеткізді. Республикада түсті металлургия алюминийдің кіші саласы бойынша концепцияны өзгертіп, импорттың орнын басатын өндірістер: металл алюминий және оның негізінде алюминийді жаймалау, құрылыс конструкциясы және т.б. құру көзделген. Облыста электролиз өндірісін іске қосу қосымша 5000 жұмыс орнын құруға ықпал етеді. Тұрақты жұмыс істеп тұрған өндірісте жұмыс орындарын құру сауда және қызмет көрсету, тұрғын үй құрылысы ілеспе салаларын кеңейтуге әкеледі. Несие қорларын тарту көздері тікелей инвестициялар бола алады.

"Павлодар химия заводы" ААҚ-да сұйық хлор және каустик содасын өндіру 1200 жаңа жұмыс орнын құруға ықпал етеді, қажетті инвестиция көлемі 42,5 млн.АҚШ долларын құрайды. Несие қорлары екінші деңгейдегі банктер, тікелей инвестициялар есебінен тартылатын болады.

"Казхром" ҰАҚ ААҚ-ның "Ақсу ферроқорытпа заводы" филиалында қазіргі уақытта құрыш өндіру мәселесі қаралуда. Жобаны техника-экономикалық негіздеу жұмыстары жүріп жатыр. Жобаның құны әлі анықталған жоқ. Несие қорларын тарту көздері тікелей инвестициялар бола алады.

"Эмальпровод" ЖШС мұнай саласы үшін резинамен оқшауланған икімді кабель өндірісінің жобасын әзірледі. Осы жобаны ұйымдастыру импорт өнімінен бас тартуға жеткізеді. қажетті инвестиция көлемі 4,0 млн.АҚШ долларын құрайды (5 жылға несие) инвестициялау екінші деңгейдегі банктер есебінен жүзеге асырылады.

"Иртышлеспорм" ЖАҚ-да ауқымды ағаштан бұйым өндіру жоспарланып отыр, бизнес-жобасы дайын, оны жүзеге асыру аймақта өңдеу саласының дамуын тездетеді, жаңа 150 жұмыс орнын құруға ықпал етеді. Жоба жоғары сапалы кең ассортиментті ағаш өнімін шығаруды ұлғайтуға, ағашты қайта өңдеудің алдыңғы қатарлы технологиясын енгізуге бағытталған. Жобаны жүзеге асыруға қажетті инвестиция - 15 млн. АҚШ доллары екінші деңгейдегі банктер есебінен тартылады.

Облыста қазіргі уақытта қолданылып жүрген "Павлодар облысының минералды қорлары және оларды 1999-2003 жылдары қолдану келешегі" бағдарламасы облыстың минералдық-шикізат кешеніне отандық және шетел инвестицияларын бұдан әрі тартуға, минерал әлуетін қолдануды қарқындыруға, халықты жұмыспен қамтамасыз ету деңгейін көтеруге бағытталған.

Облыстың минералдық кешенін дамытудың негізгі бағыттарының ішінде Бозшакөл мыс-молибден рудасы кен орнын игеруді бастау, алтын, полиметалл, мұнай, газ және басқа пайдалы қазбалар іздеуге арналған геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, көмір мен руданы өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жаңа

технологияларды енгізу бар.

Минералдың әлуәттік қолданылу деңгейін көтерудегі басым бағыт неғұрлым жоғары деңгейде даярланған өнім өндіру болып табылады. "Габбро" қаптауыш тасынан, мрамордан жасалған қаптауыш плиталардан, сәндік-қаптауыш тастардан әзірленген бұйымдарды шығару, отқа төзімді саздан жасалған керамикалық бұйымдар өндірісі қарқынды дамитын болады. Жергілікті құрылыс материалдарын қолдануды кеңейту үшін облыстың жер қойнауын пайдалану және құрылыс индустриясы кәсіпорындары республикалық бағдарламаларға импорт алмастыру, автожолдар, "Астананың гүлденуі - қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасына белсенді қатысып жүр.

Республикалық салалық бағдарламалардың аймақтық бағдарламалармен ұштасуы. Республикалық салалық бағдарламаларға сәйкес облыста аймақтық мәселелерді шешуге бағытталған бағдарламалар әзірленді.

Республикалық салалық бағдарламаларға сәйкес облыста 2002-2005 жылдарға арналған импорт алмастыру және өнімнің сапасын көтеру жөніндегі аймақтық бағдарламасының жобасы әзірленді. Бағдарламада облыс кәсіпорындары шығаратын товарлар мен қызмет көрсетудің сапасы мен қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған саясат жүргізу, өнімнің бәсекеге жарамдығын көтеру, ішкі және сыртқы өткізу нарығын кеңейту, импорттың орнын басу жөніндегі шараларды жүзеге асыру, өндірісті ынталандыру шаралары мен тетіктерін енгізу көзделген.

Бағдарламаны жүзеге асыру:

өнеркәсіп өндірісін тұрақтандыру мен бұдан әрі дамуын қамтамасыз етуге; сыртқы және ішкі кооперацияны оңтайландыруға, облыс кәсіпорындары мен республика кәсіпорындары арасында өндірістік байланыстарды қалпына келтіруге;

шығарылатын өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруге, товардың экспорт және импорт құрылымын өзгертуге;

жаңа жұмыс орындарын құру арқылы әлеуметтік жағдайды жақсартуға ықпал етуді.

2002 жылы импорт алмастырудың Республикалық Бағдарламасын жүзеге асыруға облыстың 22 ірі және орта кәсіпорны қатынасты. Бір жылда 1,4 млрд. теңгеге өнім жөнелтілді. Осы бағдарлама аясындағы келісім-шарт жасау жұмыстары жалғасуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 шілдедегі "Токтап тұрған кәсіпорындар мен тиімділігі төмен өндірістерді саралау және бұдан кейін оларды белгіленген тәртіпте шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берудің 2001-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасы туралы" N 969 қаулысын жүзеге асыру мақсатында облыста осы бағдарламаның іс-шараларын орындау Сызбасы әзірленді.

Облыста республикалық бағдарламаны орындауда облыс әкімінің 2001 жылғы 4 сәуірдегі N 72 шешімімен бекітілген "Машина жасау кешенін дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы" жүзеге асырылып отыр. Бағдарламада Республикалық Бағдарламамен қабылданған мақсаттар, міндеттер және басымдықтарға (үкіметтің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1347 қаулысы) сәйкес аймақтық деңгейдегі машина жасау кешенін дамытудың мақсаттарына жету, міндеттерін шешу және басымдықтарын жүзеге асыру көзделген.

Осыған байланысты, облыстық Бағдарламаның негізгі мақсаттары: машина жасау саласында өндірісті тұрақтандыру және бұдан әрі дамытуды қамтамасыз ету, өндірістік-техникалық өнімді шығаруды кеңейту болып табылады.

Мақсатқа сәйкес мына міндеттер шешіледі:

өндірісті тұрақтандыру мен дамыту үшін жағдай жасау;
неғұрлым келешекті өндірісті айқындау және оларды жиылған өндірістік
ә л у е т е с е б і н е н е н г і з у ;

машина жасау өнімінің түпкілікті түрін шығаруды ұлғайту;
өнім номенклатурасын жаңарту және кеңейту, тұтынушылық қасиеттері мен
сапасын жақсарту арқылы бәсекеге қабілеттілігін көтеру;

шетел фирмаларымен бірлескен кәсіпорындар құруға жәрдемдесу;
озық технологиялар мен ғылымды қажетсінетін жаңа өндірістер енгізуді
ы н т а л а н д ы р у ;

ғылыми конструкторлық-технологиялық әлуетті қалпына келтіруді,
ғылыми-техникалық орталықтар құруға қоса, машина жасау өндірісінің дамыған
и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н қ ұ р у .

Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі принциптері:
өнімнің ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

өнім өндірісінің экономикалық тиімділігі;

и м п о р т т ы а л м а с т ы р у ;

шарттар мен қаржылық қорлардан туындайтын жүзеге асыру кезеңдері.

Облыста машина жасау кешенін дамытудың негізгі басымдықтары:
тракторлы машина жасау (шынжыр табанды және доңғалақты тракторлар);
ауыл шаруашылығы машина жасау (сепкіштер, тырмалар, топырақ баптаулар,
о р а қ т а р , с у с е п к і ш т е р) ;

жүк көтергіш жабдық (жүк көтергіштігі 50 тоннаға дейінгі автокрандар, жүк
көтергіштігі жоғарылатылған аспалы және төрттағанды крандар, электр тальдері)
;

мұнай-газ саласы үшін жабдықтар өндіру;

с а у д а ж а б д ы қ т а р ы н ө н д і р у .

Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытудың келешектегі
бағыттары Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсатынан шығады жеке өндіріс

қуаттарын, шикізат ресурстарын, ғылыми-техникалық әлуетті неғұрлым толық қолдану және қазіргі технологиялар негізінде жаңа фармацевтикалық өндірістер құру жолымен қазақстан Республикасының дәрі-дәрмек импортына тәуелдігін ж о с п а р л ы т ө м е н д е т у .

Осыған байланысты, Павлодардың фармацевтика заводы қайта құрылып, дәрі-дәрмектік заттарды орайтын жаңа жабдық: блистер және стрип-машиналары сатып алынды, олар дайын дәрі-дәрмектік заттарды шығарып қана қоймай, о р а й д ы .

Фармзавод дәрі-дәрмектік заттардың 20-дан аса түрін шығарады.

Облыстың фармацевтика өнеркәсібінің негізгі бағыты Қазақстан Республикасында шығарылмайтын дәрі-дәрмектік заттарды шығару болып табылады, мынадай топтардағы препараттарды шығаруды игеру көзделіп отыр:

жүрек-тамыр; қант ауруына қарсы; витаминдер; асқазан-шек; туберкулезге қарсы; орталық нерв жүйесі аурулары; ісінуге қарсы.

Шағын лабораториялар үшін жаңа жабдық алу көзделіп отыр.

Медицина өнеркәсібінде жаңа технологиялық желілерді сатып алғаннан кейін , 2, 5 және 10 мл бір реттік шприц шығаруды бастау жоспарланып отыр.

Шетелдік компанияларының мүддесі және аймақта шетел капиталының қатысу мүмкіндігі.

Шетелдік компанияларының мүдделері көмір және металлургия өнеркәсібі, электроэнергетика сияқты салалардан көрінеді.

Облыста инвесторлармен ашық жұмыс жүргізуге жағдай жасалған, ауыл шаруашылығы секторында, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде, машина жасау саласында өндірісті тиімді ұйымдастыру үшін мүмкіндіктер бар.

Қазіргі уақытта өткізіліп жатқан инвестициялық саясат бірқатар оң жақтармен сипатталады, олардың ішінде шетел инвестициясын тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуалдың сақталуын атап өту керек: қажетті шикізат қоры, табиғат ресурстарының үлкен қоры, жоғары білікті жұмысшы күшінің нарығы, көлік инфрақұрылымының дамыған желісі, жаңа өндірістер орнату үшін өндіріс алаңдарының бар болуы, облыстың географиялық орналасуы.

Инвестиция тарту үшін басым инвестициялық жобалар әзірленген, олардың паспорттары отандық және шетелдік инвесторларға ұсынуға қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетіне ж і б е р і л д і .

Облыс кәсіпорындары инвестициялық саммиттарға, республикалық және халықаралық көрмелерге, облыстың инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесерлеріне үнемі қатысып отырады.

Еңбек ресурстары балансының динамикасы. 2001 жылды бағалау бойынша

өнеркәсіпте 78,8 мың адам жұмыс істейді, бұл экономика қызметінің барлық түрінде жұмыс істейтіндер санының 34% және облыс еңбек ресурстарының 15,8% құрайды. Келешекте жұмыспен қамтылғандар саны: 2005 жылы 80 мың адам құрайды, оларда жалданып жұмыс істейтіндердің жалпы санындағы үлес салмағы 34,1% дейін, еңбек ресурстарында 16,1% дейін өседі, 2010 жылы жұмыс істейтіндер саны 84 мың адам болады деп болжамдалуда.

Импорт пен экспорт бойынша 2002 жылдан 2010 жылға дейінгі тұрақты болжау. 2002 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңде облыстың экспортында шикізат товарлары үстем болып тұр. Оның құрылымындағы неғұрлым үлкен бөлігін бұрынғысынша ферроқорытпа (экспорт көлемінде 36%-дан аса), алюминий оксиді мен гидрооксиді (26%-дан аса), көмір (23%-дан аса) өнімі алатын болады.

Импортта: минералдық өнімдер (50% аса) (мұнай және мұнай өнімдері, тас көмірден кокс және жартылай кокс, тас көмір); машиналар, құрал-жабдықтар және тетіктер (13% жоғары); қара металл және одан жасалатын бұйымдар (7% жоғары); химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімі (8% аса) қажет болады.

Сыртқы сауда айналымының оң сальдосының тенденциясын сақтау көзделіп отыр (экспорттың импорттан жоғары болуы).

Павлодар кәсіпорындары өнімінің негізгі тұтынушылары ТМД елдері, олардың үлесі 60% құрайды, олардың ішінде Ресей Федерациясы (экспорттың жалпы көлемінің 55% аса), Тәжікстан (1,5% жуық), өзбекстан мен Қырғызстан (1% аса). Шалғай шетелдерден Швейцария (36% аса), қытай (3% аса), Жапония (1% жуық) елдерінің үлкен үлесі бар.

Импорт өнімдерінің елеулі бөлігін Ресей Федерациясы (90%-ға жуық), ТМД-дан тыс елдер 10%-ға жуығын алады, олардың ішінде ең сиымдысы Германия (3% аса), қытай, Польша, Түркия, АҚШ (1% жуық).

Осындай жағдай 2010 жылға дейін бірқалыпты сақталады. Сауда операциялары бойынша бұрынғы негізгі серіктестер қалады. Әлуатті өткізу нарықтарының (ішкі және сыртқы) тұрақтылық мониторингі 2002-2005 жылдары ішкі нарықта тау-кен өндіру өнеркәсібінің (көмір), өңдеу (тамақ өнімдері, ағаш өңдеу өнеркәсібінің товарлары, машина жасау, құрылыс индустриясы және т.б.), энергетика (электр, жылу қуаты) өнімдері бұрынғысынша қажет болады. Тау-кен өндіру өнеркәсібі өнімінен көмір өндірудің жалпы көлемінің 50 % жуығы, 100 % алюминий оксиді мен гидрооксиді, 95% аса ферроқорытпа сыртқы нарыққа жеткізілетін болады. ТМД елдері негізгі тұтынушылар болады, оның ішінде 55 %-дан аса экспорт көлемін Ресей Федерациясы, Швейцария, қытай, Жапония алады.

2006-2010 жылдары ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайту есебінен ТМД елдеріне Тәжікстан, Ресей, қырғызстан, өзбекстан) бидай ұнын, Қазақстан

шегінде ет жеткізу біраз өседі. Алайда, облыс шикізаттың экспорттық бағытынан шыға алмай отыр. Пайда болған тенденция сондықтан болжалды кезеңнің соңына дейін сақталады.

§ 3. ӨНЕРКӘСПТІК СЕКТОРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

39. Күшті жақтар

Алдымен қолда бар минералдық-шикізат ресурстарын қолдануға бағытталған, дамыған өнеркәсіп әлуеті.

Бос еңбек ресурстарының бар болуы, олардың жоғары біліктілігі, кәсіпқойлығы.

Бай минералдық-шикізат және табиғи ресурстардың болуы.

Елеулі экспорт әлуеті бар, дамыған отын-энергетика және металлургия кешендері.

Экономикада шетел капиталының басым болуы.

Энергия шығаратын қуаттардың көп шоғырлануы.

Көмір кен орындарының облыста бар болуы, соның салдарынан отын құнының және көлік шығындарының төмен болуы.

Өндірістік және коммуналдық мұқтаждықтар үшін электр қуаты мен жылу өндірудің құрама әдісінің жоғары үлесі.

Электр жіберу желілерінің дамыған сызбасы.

40. Әлсіз жақтар

Шығынға ұшыраған кәсіпорындар санының көптігі.

Жеткіліксіз инвестициялық белсенділік.

Айналым капиталының жеткіліксіздігі немесе жоқ болуы және қысқа мерзімді несиелеудің басымдығы.

Өндірістің төмен техника-технологиялық деңгейі, өнеркәсіп салаларындағы құрал-жабдықтардың ескіруі.

Энергетиканың энергетикалық жабдықтары үшін әкелінетін бөлшектерден тәуелділігі.

Электр қуатын өткізуге сыртқы нарықтардың жабық болуы.

Қазақстан Республикасы салаларының экономика жағдайына тәуелділігі.

41. Мүмкіндіктер

Өндіріс қуаттарының елеулі қорының бар болуы.

Экономикада шетел капиталының басым болуы.

Қазақстан мен Ресейдің көршілес аймақтарының нарықтарын игеру.

Саралау арқылы кәсіпорындарды сауықтыру.

Шағын бизнес пен ірі кәсіпорындарды кооперациялау нысандарын дамыту.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өнім өндіруге, жұмыс орындау мен қызмет

көрсетуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін жеңілдіктер беру.

Басқа елдің нарықтарына электр қуатын жеткізуді арттыру үшін икемді баға құру жүйесін пайдалану.

Отын-энергетика секторында трансұлттық компаниялар құру.

Басқа елдің ішкі нарықтарына ұсынылып отырған бағаның өзгеруіне байланысты электр қуатын жеткізуді көбейту.

42. Қатерлер

Экспортқа бейімделген өндірістер үшін сыртқы нарықтардың жоғалуы.

Көші-қон процестері кезінде жоғары білікті кадрларды жоғалту.

Базалық салалардың дәстүрлі өнім өткізу нарықтарын қысқарту.

Жасалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін кәсіпорындар арасында өзара төлемнің төленбеуі.

Өткізу нарықтарын жоғалту.

Құрал-жабдықтың табиғи тозу нәтижесінде өндіріс тиімділігінің төмендеуі.

§ 4. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Өнеркәсіптік-технологиялық саясатты жүзеге асыру екі кезеңді көздейді: бірінші кезең - өнеркәсіп өндірісін тұрақтандыру және бұдан әрі интенсивті өсіру үшін жағдай жасау;

екінші кезең - өнеркәсіп өндірісін тұрақты дамыту, оңтайландыру, негізгі қорларды жаңарту, жаңа технологияларды қолдану және әлем нарықтарына шығу.

43. Бірінші кезеңнің міндеттері:

1) Республиканың жетекші өнеркәсіп кешендерімен қарым-қатынасты бұдан әрі дамыту мақсатында энергетика, тау-кен және машина жасау кешендері үшін импортты алмастыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру, ішкі нарықта бөлшектерге тапсырыс беруді қамтамасыз ету.

Осы міндеттің орындалуын қамтамасыз ететін іс-шаралар:

Импортты алмастыру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру;

өнім жеткізу үшін келісім-шарт жасасу;

екінші деңгейдегі банктердің кәсіпорындардың өндірілетін өніміне сай несиелендіруін әзірлеу және енгізу (қаржы лизингі) болып табылады.

2) өнімнің сапасы мен бәсекеге төзімділігін көтеру және ассортиментін кеңейту, кадрларды қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру.

Осы міндеттің орындалуын қамтамасыз ететін іс-шаралар:

9000 ИСО сериялы халықаралық стандарттарға сай сапа менеджменті жүйесін енгізуді әзірлеу қажеттігі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру және насихаттау жұмыстарын кеңінен жүргізу;

сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізуде кәсіпорындар мен

ұйымдарға консультациялық, ғылыми-техникалық және әдістемелік көмек көрсету;

сапа менеджменті жүйесін стандарттау, метрология, сертификаттау және ақпараттық технология саласына кадрлар даярлау мен қайта даярлау;

сапа менеджменті жүйесін әзірлеу мен енгізу жөнінде семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

өнеркәсіп кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасының деңгейін көтеру;

отандық товар өндірушілерді қорғау;

Ресей Федерациясы шекаралас облыстарымен сауда ұйымдастыру.

3) Ішкі- және салааралық, аймақаралық, сондай-ақ мемлекетаралық шаруашылық байланыстар мен кооперацияны дамыту.

Кооперацияны дамыту негізінен облыстың машина жасау саласының ең үлкен тұтынушы және бөлшек материалдар мен бұйымдардың импорттаушы қызметіне байланысты.

Мұнайды қайта өңдеу секторында кооперация Ресейден Сібір мұнайын жеткізу, электр энергетикасында Ресейге электр қуатын жеткізу бойынша жүзеге асады.

Осыған байланысты, кооперацияны дамыту облыстық және республикалық деңгейлерде көзделген.

Облыстық деңгейде машина жасау кәсіпорындарының кооперациясы резина-техника бұйымдарын, пластмассадан жасалған бөлшектерді, электр құрал-жабдығын, кабель өнімін, трактор бөлшектері мен түйіндерін, жүк көтеру жабдықтарының, құю және шыңдау бөлшектерін әкелу арқылы жүзеге асырылады ("Павлодаршина" ААҚ, "ПХЗ" ААҚ, "УПП КОС" ЖШС, "Спектр" ХТТ ПЗ ЖШС, "Еңбек-Павлодар" ЕМК ПФ, "Фасонды құю заводы" ААҚ, "Инструменталды завод" ЖШС, "Октябрь" фирмасы ЖШС, "Казэнергокабель" ААҚ кәсіпорындары).

Ішкі қазақстандық кооперация республикадағы шекаралас облыстардың кәсіпорындарымен бірге дамиды, оның ішінде:

Өскемен: "Машзавод" АҚ - тракторларға бірлесіп трансмиссия өндіруді ұйымдастыру, "Востокмашзавод" АҚ - шыңдау, құю, өңдеу бөлшектерін жеткізу, мөрлер әзірлеу;

Қарағанды: "Каргормаш-Итэкс" ЖҰАҚ - гидрокұрылғы жеткізу, "Гормашсбыт" АҚ - гидроцилиндр жеткізу;

Ақмола (Көкшетау қаласы): "Бірлік" АҚ - радиаторлар, "Наука-Восток" АҚ - құралдар, "Тыныс" АҚ - электр жабдықтарын жеткізу;

Солтүстік қазақстан: "Киров атындағы завод" АҚ, "ЗИКСТО" АҚ - метиздер, серіппелер, құралдар, "Петропавл ауыр машина жасау заводы" АҚ - электр

жабдығын жеткізу.

Ресей кәсіпорындарымен кооперация мынадай бұйымдар мен бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

шынжыр табанды тракторларға қозғалтқыштар "Алтай мотор заводы" ААҚ, Барнаул қаласы;

шынжыр табанды тракторларға трансмиссиялар "Революция күрескерлері атындағы Сібір заводы" КББ, Омбы қаласы;

су және май радиаторлары "Радиатор" АҚ, Орынбор қаласы; метиздер (бұрандамалар, гайкалар, осьтер, тойтарма шегелер, сақиналар) "ВЗТД и Н" АҚ, Волгоград қаласы;

подшипниктер Мәскеу, Саратов, Самара, Ижевск, Прокопьевск, Курск және басқа қалалардың заводтары;

шыныдан жасалған бөлшектер "Саратовстекло" заводы; рессорлар мен серіппелер "БЗТР и П", Белорецк қаласы;

"КамАЗ" автомобиль шассиі Набережные Челны қаласының автозаводы; автокрандарға гидрокондырғы;

редукторлар машзавод, Майкоп қаласы; электр жабдығы мен құралдар Мәскеу, Владикавказ, Киржач, Владимир, Вязники, Калуга, Муром және басқа қалалар;

төрттағанды және аспалы крандарға дайындамалар "Омбы көлік машина жасау заводы" КББ, Омбы қаласы.

Бұдан басқа, Ресей кәсіпорындарынан облыс дөңгелек, жалпақ және сортты жайма, оргшыны, лак-бояу материалдарын, ерітінділер, химия заттарын, картон мен қағаз, полиэтилен, полистирол, мата, винилистері және басқа материалдар алады.

Беларусь Республикасы

"МАЗ" автомобилінің шассиі Минск қаласының автозаводы; карданды білік "Белкард" заводы, Гродно қаласы;

шарикті подшипниктер подшипник заоды, Гомель қаласы; автолампалар электр лампа заводы, Брест қаласы;

краншықтар ККБ, Гомель қаласы.

Украина Республикасы

аспалы және төрттағанды крандарға бөлшек бұйымдар "Запорожкран" ЖАҚ, Запорожье қаласы.

Осы міндетке:

машина жасау кешенін дамыту бағдарламасын жүзеге асыру; облыс машина жасау кешенінің кәсіпорындары үшін бөлшектер, түйіндер мен агрегаттар өндіруге (жеткізуге) машина жасау кәсіпорындарымен келісім-шарт жасау арқылы қол жеткізіледі.

44. Екінші кезеңнің міндеттері:

1) ғылыми-техникалық саланы коммерцияландыру - әзірлемелерді көтермелеу және жаңа технологияларды коммерцияландыру.

Осы міндеттің орындалуын қамтамасыз ететін іс-шаралар: өнеркәсіп кәсіпорындарының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын ынталандыру болып табылады.

2) Ақпараттық техника мен технологияларды ауқымды енгізу, оның негізінде өзара байланысты товарлар мен қызмет көрсетулер нарығын құру.

Осы міндетті орындау:

қолда бар және әлуетті товарлар мен қызмет көрсету нарығын нақты зерделеу және оларды қайта бағдарлау;

озық технологиялардың дамуын ынталандыру арқылы жүзеге асырылады.

озық технологиялар, сапа мен бәсекеге қабілеттілігін көтеру негізінде өнеркәсіп секторын технологиялық қайта құру, кәсіпорындарды жаңарту.

Осы міндетті орындауға:

қолда бар қуатты қолдау, тау-кен өндіру және металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарын техникалық қайта жарақтау;

импортты алмастыру және сапа жөніндегі жұмысты жандандыру кіреді.

5. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

Пәрменді өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың басты шарттары мыналар болып табылады: мемлекеттік реттеудің ұтымды жолдары мен шараларын негізгі түрде айқындау және іске асыру, индустриалық дамуды ынталандыруға деген либералдық және мемлекеттік - реттеуші қағидаттарды оңтайлы үйлестіру.

45. Өнеркәсіптік-технологиялық саясатының негізгі құралдары

Белгілеген міндеттерге қол жеткізу үшін жалпыжүйелік және іріктеулі деп бөле отырып, жүзеге асыру шараларының барлық мүмкін болған арсеналы пайдаланатын болады.

1) Жалпыжүйелік шаралар

Экономикалық ахуалға мемлекеттік әсер ету шаралары салық, техникалық, экономикалық саясат.

Негізгі міндеттері электр энергетикасы, тау-кен өнеркәсібін, машина жасау және мұнай-химия кешендерін дамыту.

Тұрақтану мен бұдан әрі өсу ішкі, сондай-ақ сыртқы нарықтарда байланыстарды дамыту, экономикалық тиімді өндірістерді қолдау, шығарылатын өнімнің сапасын көтеру және ассортиментін көбейту арқылы қол жеткізілетін болады.

Мына шараларды жүзеге асыру қажет.

Қаржы және инвестициялық салада. Облыстың беделін нығайту, инвестициялық белсенділігін көтеру, жобалардың мақсатты қаржыландырудағы

басым бағыттарын таңдау, шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі құқықтық және шаруашылық шарттарын жетілдіру.

Табиғи монополиялар саласында. Табиғи монополиялар субъектілерінің құрылымдық шығынын оңтайландыру, ресурстар мен энергияны үнемдейтін технологияны енгізуге бағытталған инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру, өнімнің және ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру.

Стандарттау саласында. Облыс кәсіпорындарына 9000-ISO сапа жүйесін енгізу, облыс кәсіпорындарында жаңа технологияларды игеру және енгізу.

Сыртқы сауда саласында. Облыс экономикасын экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жеткізу, аймақ халқының тіршілік сапасын көтеру және лайықты деңгейін қамтамасыз ету үшін мына мәселелерді мемлекеттік реттеу қажет:

кәсіпорындар, республиканың ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының тапсырыстары бойынша әкелінетін бөлшектер, шикізат пен құрал-жабдықтар үшін кеден бажын төмендету;

республика кәсіпорындары шығаратын ұқсас өнімді әкелуге кеден бажын көтеру мәселені қарастыру;

тиімділігі жоғары технологиялар мен жабдықтардың әкелінуіне ынталандыру.

Ғылыми-техникалық салада. Жанарту және техникалық қайта жарақтау, ғылыми әзірлемелер негізінде жаңа технологияларды қолдану, жабдықтарды жоспарлы жанарту арқылы еңбек өнімділігін көтеру, шеберлік және кәсіби біліктілік деңгейін көтеру мақсатында кадрларды оқыту.

Институционалдық салада. Импортты алмастыратын және экспортқа бейімделген өнімнің өндірісін көтеру, ішкі салалық және салааралық кооперацияны дамыту үшін серіктестер қарым-қатынасы мен өзара іс-әрекет жасау жағдайын сапалы жаңа деңгейге көтеру қажет. Ол үшін облыс кәсіпорындары өз қызметінде бірнеше серіктеспен жұмыс істеуге (елдің жетекші өнеркәсіп кешендері), екі жақты ынтымақтастық аясында бірнеше бағытта серіктестік қарым-қатынасты дамытуға (бұйымның әр түрін жеткізуге келісім-шарт жасау) бағдарланатын болады.

2) Іріктеп-талғау шаралары

Негізгі міндеттер аймақтың орталық мемлекеттік құрылымдарымен өзара қарым-қатынас жасау тетігін жетілдіру арқылы аймақты дамыту үшін стратегиялық мәні бар нарық субъектілерінің нақты топтарына мақсатты әсер ету.

Оларды жүзеге асыру үшін:

несиелеу ұйымдары жеке жоғары технологиялық жобалар бойынша орта және ұзақ мерзімді несиелер беруі;

салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру;
шағын кәсіпкерлікті қолдау мен импортты ауыстыру бағдарламалары аясында орта және ұзақ мерзімді несиелендіру қажет.

46. Өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың салалық бағыттары

Өзінің индустриалды саясатын облыс дамуына мемлекеттік қолдаудың алуан қағидатын талап ететін үш ірі салалар кешенінің болуына қарай негіздейді.

1) Экспорттық бағдарлану салалары

Мемлекеттік қолдаудың қажетті деңгейіне қарай, ірі салалық кешендер 2
б л о к қ а б ө л і н г е н .

Дамыған экспорттық блок. Металлургия және көмір өнеркәсібі. Осы салалардың қарыштап өсуі облыстың барлық экономикасына тиімді, бюджеттің жай-күйіне оң әсер етеді, едәуір дәрежеде мультипликативтік (еселенген) тиімділік әкеледі және экспорттық өндірістің қажетіне қызмет ететін машина жасау және өзге салалардың жандануына серпін береді.

Болжалды кезеңде озық технология мен ғылымды қажетсінетін өндірістерді енгізу жөніндегі тиімділігі жоғары инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жалғасады. өндірістің көмір өндіру бойынша орташа жылдық өсімі бірінші кезеңде 6%-ға, екінші кезеңде 2%-ға жуық болады, сазбалшық өндірісі бойынша бірінші кезеңде 4%, екінші кезеңде қуатты 100% қолданумен байланысты өз деңгейінде қалады. Ферроқорытпа өндірісі 2005 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 18% артады және орташа жылдық өсімі 4,5% құрайды, 2010 жылға дейін өндіріс қуатын 100% жүктеуге байланысты өсім жоспарланбайды.

Бірінші кезеңнің негізгі бағыттары жаңа өндіріс жобаларын әзірлеу болып
т а б ы л а д ы .

"Қазақстан алюминийі" ААқ жұмыс істеп тұрған қуаттарды қайта құру мен жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізуіне байланысты, сазбалшық өндірісін толық қуатты жүктеуге қол жеткізді. қазақстанның стратегиялық жоспарларында түсті металлургиялық алюминий кіші саласының концепциясын өзгертіп, импорттың орнын басатын өндіріс құру: металл алюминий және оның негізінде алюминий жайма, құрылыс конструкцияларын өндіру және т.б., жобалық қуаты жылына 240 мың тонна жаңа электролиз заводы негізінде 2005 жылы жоспарлы іске қосу мерзімімен бастапқы алюминий шығару көзделген.

Завод құрылысы облыста құрылыс индустриясын дамытуға, көтерме жабдықтарына, электродқа, арнайы киімге, оқшаулау материалына, металл жаймасына, цементке және т.б. мұқтаждықтарын көбейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның құрыш балқыту өнеркәсібі құрылымын жаңартудың стратегиялық бағыттарының бірі кара металл саласында дайын жайма шығаратын әр түрлі класты сапалы маркалы құрышты электр металлургиясын

және жоғалған орындарды қайтару мен химия өнімі нарықтарында бұдан әрі экспансиялау арқылы жұмыс істеп тұрған өндірістерді қалпына келтіру және дамытуға бағытталады.

Екінші кезеңде "Павлодар химия заводы" Ақ-да сұйық хлор мен каустик содасы өндіріледі, бұл қазақстан экономикасын осы өніммен қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жергілікті шикізат (ас тұзы) пен арзан энергия ресурстары (ЖЭО-3, Павлодар қаласы) негізінде өндіріс ұйымдастыру өнеркәсіп және коммуналдық шаруашылық жұмысының тұрақтылығын көтереді және импортқа тәуелділікті азайтады.

Жылына жалпы сомасы 6,25 млн.долларға 20 мың тонна каустика содасын, 17 мың тонна хлор, 20 мың тонна тұз қышқылын шығару жоспарланып отыр.

2) Ішкі бағдар салалары

Импорттық товарлармен бәсекеге түсуге, оларды ішкі нарықтан ығыстыру әлуатті қабілетіне қарай, олар үш блокқа бөлінеді.

Бәсекелестігі жоғары блок. Тамақ өнеркәсібі. Саланы тиімді дамыту тұтыну нарығын теңдестірудің міндетті шарты, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көптеген әлеуметтік проблемаларды шешудің алғышарты.

Сала өнімдеріне сұраныс кепілді және халықтың табысының өсуіне қарай артатын болады. Капитал айналымының қысқа мерзімдері, біржолғы мардымсыз күрделі қаржы салымдары саланы жекеше инвестициялар үшін тартымды етеді.

Осы саланың бірінші кезеңінде импорт алмастырудың белсенді саясатын жүргізу, тамақ өнеркәсібінде шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту 2005 жылы ет және ет өнімінің өндірісін 2001 жылмен салыстырғанда 5,6%, 2010 жылы 7,6% көбейтуге әкеледі, бұл "Акоба" ЖШС, "Рубиком фирмасы" ЖШС есебінен жүзеге асады. өңделген сүт "Сүт" ААҚ, "Азмади-Иртыш" ЖШС, "Мол-Ком" ЖШС, "қанат" ШҚ, "Жұлдыз" ШҚ-да 1,6% және 2,1% өседі. Нан "Павлодар нан-тоқаш комбинаты" ЖШС және облыстың шағын наубайханалары есебінен 2,6% және 3,5% өседі.

Ликер-арақ өнімінің өндірісі ("Бастау ЛТД" ЖШС) 2010 жылы 85% өседі, орташа жылдық өсімі 9%, шараптың орташа жылдық өсімі 7% құрайды.

Бірінші кезектегі міндеттер:

азық-түлік нарығының жекелеген бөліктерінде импорт алмастыратын өндірістерді, экспортты дамыту;

байыпты сауда протекционизмін жүзеге асыру, ішкі нарықты жосықсыз бәсекеден, демпингтен және субсидияландырылған экспорттан қорғау.

Жалпыжүйелік шаралар:

сыртқы сауданы реттеудің тарифтік және тарифтік емес әдістерінің
т и і м д і л і г і н а р т т ы р у ;

өнімді экспортқа жылжытуды қамтамасыз ету үшін өнімді өндіру және өткізу
жөніндегі ірі, орташа және шағын кәсіпорындарды коммерциялық ұйымдарға
кезең-кезеңмен өзгерте отырып, олардың өзара іс-қимылы негізінде салалық
одақтар, қауымдастықтар құру;

аграрлық сектормен тігінен интеграцияландырылған, толассыз өндірістік
циклді түзілімдер құру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының шағын кәсіпкерлікті қолдау
және импортты алмастыру бағдарламалары шеңберінде орташа және ұзақ
мерзімді кредит беруі;

б) мұнай өңдеу өнеркәсібі, электр энергетикасы.

Бұл салалардың өнімі ішкі нарықта тұрақты сұранысқа және перспективада
экспорттық әлуетке ие.

Келешекте "Павлодар мұнай-химия заводы" ААҚ-да отандық және әлем
ғылымының алдыңғы қатарлы әзірлемелері негізінде мұнайды тереңдетіп өңдеу
жөніндегі жоғары технологиялық жаңа өндірістер құру мәселесі қарастырылады.

Бірінші кезектегі міндеттер:

жұмыс істеп тұрған энергия өндіретін және мұнай айдайтын қуаттардың
жүктемелілігін қамтамасыз ету;

мұнай өңдеудің тереңдігін арттыру мақсатында жұмыс істеп тұрған мұнай
өндіру заводын қайта жаңарту.

Жалпы жүйелік шаралар:

электр энергиясының ашық бәсеке нарығын дамыту;
электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге икемді тариф саясатын
жүргізу;

мұнай өнімдерін өндірушілер мен өткізу жүйесі арасындағы салық салмағын
оңтайландыру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

мұнайды тасымалдауға арналған тарифтер бойынша төмендететін
коэффициенттер ұсыну;

салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру;
мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының жекелеген жобаларға орташа
және ұзақ мерзімді кредит беруі.

Бәсекелестігі орташа блок. *Машина жасау.* Жұмыс істеп тұрған машина
жасау кәсіпорындары негізінен экспортқа бағдарланған өнеркәсіптік кешенінің,
көмекші және қызмет көрсетуші блоктарын құрайды.

Бірінші кезектегі міндеттер:

"Қазақстантрактор" ААҚ-да 2001-2003 жылдары трактор заводының қолда бар өндіріс базасында Т-95.4А жаңа трактор өндірісін игеру және дамыту;

"Павлодар машина жасау заводы" АҚ-да жүк көтергіштігі 75-100 тонна ауыр аспалы кран және жүк көтергіштігі 25 тоннада асатын төрттағанды кран өндірісін игеру, қуаты 4 кВт жел қуаты қондырғысы, өнімділігі 200-250 м/сағ. жел көтеру қондырғысын шығаруды кеңейту;

ішкі нарықта энергетика, тау-кен және машина жасау кешендері үшін бөлшектерге арналған тапсырыстардың орналастырылуын қамтамасыз ету.

Жалпы жүйелік шаралар:

машина жасау өнеркәсібі өнімін өткізу нарығын кеңейту;

ішкі нарықты жосықсыз бәсекелестіктен, демпингтен және субсидияланған бағадан қорғау;

мемлекеттік тапсырыс жүйесін дамыту.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

мемлекеттің қатысуымен ұйымның лизингтік қоры үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу;

салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру;

мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының жекелеген жобаларға орташа және ұзақ мерзімді кредит беруі.

б) құрылыс материалдары өнеркәсібі.

Құрылыс индустриясы кәсіпорнын бұдан әрі дамыту өнеркәсіп, тұрғын үй және жол құрылысы кәсіпорындарын құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге бағдарланған.

Құрылыс материалының жаңа түрін игеру, номенклатурасын кеңейту және республиканың басқа аймақтарына өнімді жеткізу көлемін көтеру жалғасады.

Құрылыс материалы өндірісі көлемінің жыл сайын өнімі 2010 жылға дейін орташа алғанда 1,5% құрайды.

Бірінші кезеңде өндірісті тұрақтандыруға және жұмыс жұмсақ жабын, рубероид, шынымаст және халық тұтынатын товарлар шығаратын "Павлодар картон-рубероид заводы" ААҚ-да бұдан әрі интенсивті өсіру үшін жағдай жасауға бағытталған.

"Бірлескен құрылыс материалдары заводы" ЖШС, "Имстальком" АҚ ПМЗ, "Теплоизоляция" АҚ-да жинамалы металл және құрылыс конструкциясы бұйымдарын, жылу-оқшаулау материалдарын өндіруде даму келешегі көрінеді.

Екінші кезеңде негізгі қорларды тұрақты дамыту, оңтайландыру, жаңғырту және жоғарыда аталған кәсіпорындарда жаңа технологияларды қолдану жоспарланып отыр.

Бірінші кезектегі міндеттер:

жаңа технология мен техниканың негізінде өндірістік базаны жаңғырту және

техникалық қайта жарактау;
құрылыс материалдарын жетекші өндірушілердің бірлескен кәсіп-орындарын
мен филиалдарын құру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:
импорт алмастыратын өндірісті дамыту үшін мемлекеттік кредит
ұйымдарының орташа және ұзақ мерзімді кредит беруі;
сыртқы экономика қызметті тарифтік және тарифтік емес реттеу тетіктерін
енгізу жолымен ішкі және сыртқы нарықта отандық өндірушілерді қолдау.

Бәсекелестігі төмен блок. Ішкі нарықта бәсекелестігі әлсіз салалар жеңіл (тігін), ағаш өңдеу өнеркәсіптері.

Өнеркәсіптің осы түрлерін дамыту нарықтық қажеттілігімен және кәсіпкерлердің жеке бастамасымен айқындалады.

Жеңіл өнеркәсіпте өндіріс көлемін "8 Наурыз" ЖШС кәсіпорнының жұмыс істеп тұрған қуатын толық жүктеу арқылы көбейту жоспарланып отыр. Ол үшін тапсырыс беру кезінде жергілікті кәсіпорындарға басымдық беру қажет.

Ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары қызметі ас үй, офис және басқа жиһаз шығаруға бағытталған, кең ассортиментті және жоғары сапалы өнім шығаратын, өнімділігі жоғары қазіргі құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген.

Бірінші кезектегі міндеттер:

- тиімділігі аз өндірістерді қайта бейімдеу немесе бөлшектеу, солардың негізінде шағын және ұтқыр бәсекеге төзімді өндірістер құру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:
әскери және соларға теңестірілген арнаулы тұтынушылар, әлеуметтік мекемелер үшін жеңіл және жиһаз өнеркәсіптерінің дайын өнімдерін конкурстық негізде мемлекеттік сатып алу.

III БӨЛІМ. АГРАРЛЫҚ-ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТ

1. МАҚСАТ

Ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамыту және облыс тұрғындарын өзіміз өндіретін негізгі азық-түлік тағамдарымен (нан, нан-тоқаш және макарон бұйымдары, жарма (күріштен басқа), сүт және сүт өнімдері, ет және ет өнімдері, жұмыртқа, картоп, көкөніс, бақша, жеміс және жидек) қамтамасыз ету.

Қысқа мерзімді сипатты мақсаттар:
аграрлық сектордың пайдалылығын және ауыл тұрғындарының кіріс өсімін
қ о л д а у ;

нарықтардың инфрақұрылымдарын құру.
Орташа мерзімді сипатты мақсаттар:
ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің өндірісін қарқындандыру;

ауылда қайта өңдеу және сервистік өндірістерді дамыту.
 ұзақ мерзімді сипатты мақсаттар:
 облыс аграрлық өндірісін тұрақты дамыту және оңтайландыру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Аймақтың агроазық-түлік әлеуеті
 қазіргі кезеңдегі аграрлық сектордың дамуына талдау

Облыстың аграрлық секторы өнімінің жалпы көлемінің үлесі 6,8% немесе 21,7 млрд. теңге. Облыс тұрғындарының 36,5% ауыл шаруашылығы өндірісі саласымен айналысады. Аграрлық секторды реформалау нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісін пайдалы жүргізе алатын жеткілікті өндірістік және кадрлар әлеуеті бар шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысаны бойынша меншік иелері құрылды.

1998-2001 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің өндірісіне талдау

р/с	Көрсеткіш атаулары	1998 ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2001ж. 1998ж. %
1	2	3	4	5	6	7
1	Өндіру: астық (мың тонна)	196,6	183,1	216,9	496,6	252,6
2	Картоп (мың тонна)	47,3	65,0	87,7	139,9	295,8
3	Көкөніс (мың тонна)	22,8	27,5	38,4	43,6	191,2
4	Ет (мың тонна)	75,0	74,5	74,6	57,7	76,9
5	Сүт (мың тонна)	232,8	235,0	237,5	246,2	105,8
6	Жұмыртқа (млн. дана)	51,9	48,8	65,5	111,8	215,4

№ 2001 жылы 1998 жылмен салыстырғанда еттен басқа барлық ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлерінен өсімге қол жеткізілді. 2000 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы жануарларының саны: ірі қара мал 6,4%-ға, жылқы 1,1%-ға, қой-ешкі 9,1%-ға, шошқа 17,2%-ға, құс 37,5%-ға өсті.

47. Күшті жақтар

Жер ресурстары көп: ауыл шаруашылығына пайдалы жер 2,5 млн. га, оның ішінде:

өңделіп жыртылатын жер 0,7 млн. га;
 тыңайған жерде пайдаланылмай жатқан жыртылатын құнарлы жер - 0,3 млн. га;
 шабындық және жайылым 1,4 млн. га.

Өндірістің жеткілікті көлемі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін сату.

Ішкі және сыртқы рыноктарда сұраныс бар.

Кадрлар әлеуеті мен еңбек ресурстары бар.

Шикізатқа жақын орналасқан қайта өңдеу объектілері бар.

48. Әлсіз жақтар

Материалдық-техникалық ресурстарды сатып алуға қаражаттың жоқтығы.

Ауыл шаруашылығы өндірісінде технологиялардың сақталмауы.

Ауыл шаруашылығы жануарлары өнімдерінің төмендігі.

Ауыл тұрғындарының қалаға және облыстан тыс жерлерге қоныс аударуы.

Материалдық-техникалық базаның әлсіздігі.

Техникалық жарақтандырудың төмендігі және жабдықтардың ескіруі.

Маркетингтік қызметтің әлсіздігі.

Ауыл тұрғындарының консерватизмі, реформаларға және нарықтық қатынастарға бейімінің әлсіздігі.

Негізгі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдемей шикізат түрінде сату.

Шикізатты жеткізудің тұрақсыздығы.

49. Мүмкіндіктер

Өткізу нарықтары болуы.

Инвестиция тарту және пайдалану.

ТМД елдерінің азық-түлік ынтымақтастығына қызығушылығы.

Ауыл шаруашылығы нарықтарын құру.

Ауыл шаруашылығы товар өндірушілерінің бірлестіктерін (ассоциация, одақтар және басқалары) құру.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуда экспортты нарықтарды пайдалану.

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері мен көрмелерін ұдайы ұйымдастыру.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының желілерін жетілдіру, шығарылатын өнімдерді о р а у д и з а й н і н ж е т і л д і р у .

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының қаржы нәтижелерін жақсарту.

Шаруашылықты нарықтық әдіспен жүргізуді оқыту.

50. Қатерлер

Ауыл халқының тұрмыс деңгейінің төмендеуі.

Азық-түлік қауіпсіздігінің қатері.

Жұмыссыздықтың өсуі.

Әлеуметтік шиеленіс.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа қабілетінің төмендеуі.

Отандық өндіріс өнімдерін импорттық аналогтардың ығыстыруы.

51. Агроазық-түліктер саласын дамытудағы проблемалар мен кедергілер

Азық-түлік нарығындағы импорттық өнімдер үлесінің көптігі.

Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасының, әсіресе

комбайн паркінің әлсіздігі.

Құнарлы жыртылатын жердің үлес салмағының төмендігі.

Мал саны мен өнімінің өсу қарқыны төмендігі, жайылымның құнарсыздығы.

Аграрлық секторды шектеулі қолдау, өндірісті самарқау ынталандыру.

Шаруашылық байланыстарының үзілуі, нарықтық қатынастардың жеткіліксіз жетілуі, ауыл шаруашылығы өнімдерін шақтап сату.

Ауылдағы тұрақсыз әлеуметтік жағдай.

52. Аграрлық өндірісті дамытудың басым бағыттары (өсу нүктелері)

Пайдалы, бәсекеге түсе алатын дақылдар (жарма және май) және көкөніс өндірісін ұлғайту.

Сүт және ет шаруашылықтарын, семіз етті қой шаруашылығын, жылқы бағу шаруашылығын, шошқа шаруашылығын және құс шаруашылығын дамыту.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді қарқынды дамыту және сапасын әлемдік стандартқа дейін жеткізу.

Агросервисті дамыту дайындау пункттерін, МТС-тер мен сервистік пункттерді жарактандыру және дамыту.

53. Агроөнеркәсіп саласын дамыту аймақтық бағдарламаларын республикалық бағдарламалармен ұштастыру мүмкіндіктері

Аграрлық сектор саласының басым бағыттарын бұдан әрі дамытуға бағытталып дайындалатын және іске асырылатын ауыл шаруашылығының мақсатты бағдарламалары тиісті республикалық бағдарламаларға үйлестірілген:

Қазақстан Республикасы үкіметінің 2000 жылғы 15 қарашадағы № 1719 қаулысымен бекітілген "2000-2002 жылдарға арналған ірі қалалар маңында сүт өндірісін дамыту салалық бағдарламасы";

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 мамырдағы № 597 Жарлығымен бекітілген "2000-2002 жылдарға арналған қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мемлекеттік бағдарламасы";

54. 2002-2005 жылдарға және 2006-2010 жылдарға арналған ауылдың еңбек ресурстарының болжамы

Еңбек ресурстары

Ауылдық жерде 200 мыңнан астам адам тұрады. Бұл жалпы облыс халқының 36,5%-ы. Олардың еңбекке қабілеттісі 158 мың адам. Еңбек ресурстарының ықтималдығы ауыл шаруашылығы өндірісін бұдан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Болжамдық есеп бойынша ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарын 2005 жылы 10,3%-ға, 2010 жылы -15%-ға өсіру қарастырылады.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:

ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілетті нарықтарын құру, ауыл өндірісін және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;
ауылда жоғары өнімді техникаларды және қазіргі заманғы технологияларды пайдалану арқылы шаруашылық жүргізудің тиімді үлгілерін құру, аграрлық өндірісінің технологиялық деңгейін көтеру;
аграрлық секторға мемлекеттік көмек жасау, несиелік серіктестік, фермерлерге несие беру қорын, ипотекалық несие қорын, сервистік және сату кооперативтері жүйелерін құру арқылы саланың қаржы секторын дамыту.

4. ІС - ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

55. Агроиндустриалды нарықтарды реттеу

Мемлекеттік реттеудің негізгі шаралары:
рентабелді деңгейдің өсімін қамтамсыз ету үшін өнім бағасының мақсатты деңгейін қолдау тетігін енгізу арқылы нарықтың бағасын реттеу, арзан кепілдігі бар сатып алу бағаларын, кепілдік бағаларын белгілеу;
тиісті өнімдердің нарықтағы кәсіби операторларын құруға бағытталған нарықтың реттемесін жасау, нарықтардың жұмыс істеуінің жалпы ережесін және тұтас аграрлық өндірісті коммерцияландыруды анықтау;
дербес ауыл шаруашылығы товар өндірушілерінен сату, қайта өңдеу, жабдықтау, сервистік және несиелік кооперативтер құру;
саланың инвестиция тартуға анағұрлым қолайлы субъектілерінде сатылы интеграциялық құрылымдар құру. Қазіргі жағдайда өздерінің шикізат аймағын дамытуға бейім қайта өңдеу кәсіпорындары аграрлық сектордың негізгі жеке инвесторлары болады;
нарықты қалыптастыру мен реттеудегі мемлекеттің негізгі серіктесі ретінде аймақтық салалық одақтар және қауымдастықтар құру;
агроөнімдерін экспортқа икемдеу жөніндегі күш-жігерді шоғырландыру үшін коммерциялық ұйымдардағы салалық одақтар мен қауымдастықтарды кезең - кезеңімен өзгерту.

Бірінші кезектегі шаралар:

өнімдердің (астық, сүт және басқалары) негізгі нарықтарын дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу;
өнімді жеткізуге арналған келісім-шарттардың кепілдік орындалу жүйесін құру;
әрбір нарықта мемлекеттің және салалық одақтардың үлестік қатысуымен өнімдердің көлемін жасау;
ұсақ товар өндірушілердің нарыққа шығуының оңтайлы нысандары ретінде көтерме нарығын және өткізу кооперациясын дамыту. Ірі көтерме сауда нарықтарын бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіру;

аукциондық сатуды енгізу;

мемлекеттің қатысуымен несие беру арқылы агроиндустриалды секторға қаржылық қолдаудың көпарналы жүйесін ұйымдастыру және ауылдық несиелік серіктестіктер құру;

жер учаскелері меншік иелерінің аймақтық тізбесін енгізу;
жергілікті жердің биологиялық жағдайына бейімді жоғары өнім беретін өсімдіктерді және жануарлардың асыл тұқымын енгізуге бағытталған селекциялық жұмысқа, элиталық тұқым шаруашылығына және мал тұқымын асылдандыруға қолдау жасау.

Жер қатынасын дамыту:

жер ресурстарының бірыңғай кадастрлары және жер учаскелері меншік иелерінің аймақтық тізілімдерін енгізу;

ауыл шаруашылығы жерлерін жалдау мен кепілге салу құқығының нарығын дамыту;

ауыл шаруашылығына пайдаланылатын барлық жер бойынша компьютерлік деректер базасын құру.

56. Аграрлық сектордағы қаржылық-несиелік және инвестициялық саясат (кезең-кезең бойынша: 2002-2005 жылдар және 2006-2010 жылдар)

1) Несиелік серіктестіктер, фермерлерге несие беру қорын, ипотекалық қорын құру және басқалары

Аграрлық өндірісті дамытудың тиімді экономикалық жағдайын жасау үшін несиелік серіктестіктер, фермерлерге несие беру қорын, ипотекалық қорын құру және басқалары.

Несиелік институттарды құрудың негізгі мақсаттары:
ауыл шаруашылығы товар өндірушілерін қажетті несие ресурстарымен қамтамсыз ету;

жергілікті жерде сапалы қаржылық қызмет көрсету;
әртүрлі бірлестіктер мен серіктестіктерді пайдалану жолымен ауыл шаруашылығы товар өндірушілерінің несие алу және өтеу қабілеттерін көтеру;
ауылда іскерлік белсенділікке және оның әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бұдан әрі дамытуға көмектесу.

Несиелік институттарды құрудың кезеңдері:
2002-2005 жылдары 4 несиелік серіктестік құру;
2006-2010 жылдары 2 фермерлер несие қорын және 2 ипотекалық несие қорын құру.

2) Аймақтың ауыл шаруашылығын дамыту үшін аграрлық өндірісті қаржыландыру, халықаралық ұйымдардың қаражаттарын және басқа ықтимал инвесторларды тарту

2001 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін дамытуға жалпы 950 млн. теңге инвестициялар тартылып, облыстық бюджет қаражаттары бөлінді. Оның ішінде облыстық бюджеттен 353 млн. теңге, оның 135,2 млн. теңгесі облыстық мақсаттық бағдарламаларға бөлінді. Сонымен қатар қалалар мен аудандардың бюджеттерінен 82 млн. теңге бөлінді.

Қаржылық-несиелік және инвестициялық саясат ауыл шаруашылығы субъектілерінің талаптарына орай саланың қаржылық жүйесін құруға, ауыл шаруашылығына отандық инвесторларды тартуға бағытталады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу салаларындағы инвестициялық жобалардың көздері барлық деңгейдегі бюджеттер, ауыл шаруашылығы товар өндірушілерінің және қайта өңдеушілердің өз қаражаттары, жұмылдырылған екінші деңгейдегі банктер ресурстары және басқалары.

Бірінші кезең: 2002-2005 жылдар 1000 млн. теңгеге дейін инвестиция тарту, оның ішінде облыстың, қалалар мен аудандардың бюджеттерінен 500 млн. теңге тарту (ауыл шаруашылығы науқандарын жүргізу, тұқым материалдарын, ауыл шаруашылығы жануарларын, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі технологиялық желілер сатып алу).

Екінші кезең: 2005-2010 жылдар - 1200 млн. теңгеге дейін инвестиция, оның ішінде облыстық бюджеттен 600 млн. теңге тарту (ауыл шаруашылығы науқандарын жүргізу, тұқым материалдарын, тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғайтын дәрілер, асыл тұқымды мал басын, ауыл шаруашылығы техникаларын, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі технологиялық желілер сатып алу).

Несие және жәрдемқаржы беру саясаты:

2002-2005 жылдары және 2010 жылға дейінгі кезеңдерде: республикалық және облыстық бюджеттерден мезгілдік несиелерді қолдану; ауылдық несиелер серіктестерін құру товар өндірушілердің өз қаражаттары; лизингтік операцияларды дамыту республикалық бюджет; ипотекалық несиелер берудің алғы шартын құру.

Жәрдемқаржы беру интенсивті өндіріс үшін прогресті технологияларды құруға және енгізуді ынталандыруға жұмсалады (ғылыми зерттеу, селекция, элиталық тұқым шаруашылығы, мал тұқымын асылдандыру шаруашылығы, биотехнология және басқалары).

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қайта құруда ауыл шаруашылығы өнімдерінің баланстарының өзгеруі жеке аулалар мен шаруа қожалықтарына көмек болатындай жағдайда жүргізіледі. Бұл ретте шағын шаруашылық жүргізушілер үшін сату кооперативтері құрылуы тиіс.

Мына салаларды қамтитын товар өндірушілердің кооперативтер жүйесін құру

:

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру;
өнімдерді сақтау;
техникаларды бірлесіп пайдалану;
өндірістік-технологиялық қызмет көрсету бойынша;
қызмет көрсету бойынша.

Аграрлық сектордың кірістерін ұлғайту үшін арнайы облыстық мақсатты бағдарламалар іске асырылады.

2006-2010 жылдардағы кезеңге

Өндірістің ірі инженерлік факторларын қолдау және дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру (суару және мелиорация, тағы басқалары).

57. Сыртқы сауда саясаты

1) Аграрлық сектордың экспорттық-импорттық мүмкіндіктері

Экспорттық ауыл шаруашылығы өнімдерінің мүмкін жалпы көлемі

р/с	Өнімдердің атаулары	өлшем бірлігі	2001 ж.№	2002 ж.№	2005 ж.№	2010 ж.№
1	2	3	4	5	6	7
1	Ет және ет өнімдері	тонна	16,0	20,0	50,0	100,0
2	Жануарлар майы	тонна	-	-	75,0	100,0
3	Ірімшіктер	тонна	7,5	9,0	20,0	40,0
4	Астық	мың тонна	-	10,0	20,0	20,0
5	Ұн	тонна	792,4	2000,0	3000,0	5000,0
6	Жарма	тонна	506,0	1000,0	1500,0	3000,0
7	Ірі тері шикізаты	тонна	-	-	15,0	30,0
8	Жүн	тонна	-	100,0	200,0	500,0

Импорттық ауыл шаруашылығы өнімдерінің мүмкін жалпы көлемі

р/с	Өнімдердің атаулары	өлшем бірлігі	2001 ж.№	2002 ж.№	2005 ж.	2010 ж.
1	2	3	4	5	6	7
1	Ет және ет өнімдері	тонна	3348,6	3200,0	2000,0	1000,0
2	Өсімдік майы	тонна	2039,7	2000	-	-
3	Жұмыртқа	мың дана	831,4	500,0	100,0	50,0
4	Сары май	тонна	797,2	790,0	380,0	50,0
5	Ароматталған йогурттар	тонна	347,0	337,0	300,0	200,0
6	Сүт консервілері	тонна	797,0	700,0	500,0	200,0
7	Ет консервілері	тонна	730,0	700,0	500,0	200,0

2) Ықтималды сату нарықтары (ішкі және сыртқы)

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі бабы астық, астық өнімдері, ет, ет өнімдері, жүн, тері. Сонымен бірге, қайта өңделген астық және ет өнімдерінің үлесін ұлғайту тенденциясы құрылады.

Республиканың мына аймақтары ықтимал сату ішкі нарықтары болып саналады :

Семей қаласы жүн, ірі малдың терісі;
Шығыс қазақстан облысы астық, күнбағысты қайта өңдеу;
Солтүстік қазақстан облысы астық, ұн, күнбағысты қайта өңдеу;
Маңғыстау, Атырау облыстары көкөніс, құрғақ сүт, ірімшіктер;
Оңтүстік қазақстан, Алматы облыстары - ұн, картоп және көкөністі қайта өңдеу ;
Ақмола облысы астық, ұн, көкөніс.

Таяу болашақта біздің ішкі рынокта ТМД елдері шеңберінде экономикалық ынтымақтастық басым болады :

Ресей Федерациясы (Кемеров облысы, Барнауыл қаласы) жүн;
Түркменстан, өзбекстан, Украина астық, ұн, құрғақ сүт;
Сонымен қатар әлемдік қауымдастықпен экономикалық жақындасу жүріп жатыр. қытай және Түркиямен жүнді, ірі қара мал және ұсақ мал терілерін қайта өңдеу саласы бойынша ынтымақтасу қарастырылады.

3) Шетел нарығына шығудың негізгі проблемалары және оларды шешу жолдары

Шетел рыноктарына шығудың негізгі проблемалары жергілікті товарлардың әлемдік стандарттан төмендігі. Мәселен, облыста өсімдік майын тазарту және иісті жою, сондай-ақ ПЭТ шөлмектеріне құю өндірістері, көкөніс, ет консервілерін жасау, жүнді бастапқы және терең қайта өңдеу кәсіпорындары жоқ .

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарығы алдымен, отандық товарларды қорғауға бағытталған зерделі экспорттық-импорттық саясат жүргізуді қажет етеді .

Сыртқы экономикалық байланысты дамытудың негізгі бағыттары мыналар болуы тиіс :

импорт алмастыратын товарлар облыста жеткілікті мөлшерде өндірілуі тиіс (жарма, өсімдік майы, көкөніс және ет консервілері және басқалары, жүн);
экспорттық өндірісті дамыту үшін өндірістік база жасау (ет, көкөніс консервілері, ұзақ сақталатын сүт, жүнді бастапқы және терең өңдеу).

Экспортты барынша дамыту, өз өндірушілерімізді қорғауға бағытталған импорттық саясат дайындау негізгі міндеттеріміз болып саналады.

59. Агроөнеркәсіп кешенінің инфрақұрылым және материалдық-техникалық базасын құру стратегиясы

1) АӨК инфрақұрылымын құру (ақпараттық-маркетингтік қызмет, кеңес беру орталығы, сервистік және өткізу кооперативтері, басқалары)

Нарықтық инфрақұрылым - ауыл шаруашылығы құрылымдарының тиімділігін арттыруға айтарлықтай ықпалы бар агроөнеркәсіп кешенінің маңызды бұныны.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудың тиімді жүйесін жасау мақсатында облыстың қалалары мен аудандарында ауыл шаруашылығы өнімдерінің сатып алу-дайындау пункттерінің жүйесін бұдан әрі дамыту жоспарланды.

Шаруалардың өз өнімдерін тиімді сатуына мүмкіндік жасау үшін жеңілдік жағдайында жаңа ауыл шаруашылығы нарықтарын құру қарастырылады.

Нарықтағы товарлардың табысты және тез өтуі, ауыл шаруашылығы товар өндірушілерін нарықтық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін негізгі міндеттері мыналар болып саналатын облыста біртұтас ақпараттық-маркетингтік жүйе құру қарастырылуда:

коммерциялық ұсыныстар туралы, аймақтағы бағалар және тағы басқалары; сату нарығын іздеу, ішкі және сыртқы нарықтарға талдау жасау; шаруашылықты жүргізудің нарықтық әдістерін үйрету.

Нарықтық инфрақұрылымды дамыту

р/с	Көрсеткіштердің атаулары	2001 ж№	2002 ж№	2005 ж№	2010 ж№
1	2	3	4	5	6
1	МТС және прокат пункттері	41	44	58	64
2	Көтерме сауда-азық-түлік рыногы	12	24	40	45
3	Ауыл шаруашылығы товар өндіру-шілерінің ассоциациясы	14	14	16	20
4	Мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу жөніндегі дайындау пункттері	405	420	500	700
5	Сатып алу-сату кооперативтері	2	2	5	10
6	Агромаркетинг бойынша ақыл-кеңес беру орталығы	-	1	5	15
7	4 несие беру серіктестігін құру		2	2	
8	2 несие беру қорын құру			1	1
9	2 ипотекалық несие беру қорын құру				2

2) Ауыл шаруашылығы товар өндірушілерін материалдық-техникалық ресурстармен қамтамсыз ету және лизингтік қатынасты дамыту жолдары

Материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету товар өндірушілердің өз қаражаттары есебінен ұзақ мерзімді лизингтік негізде, сондай-ақ облыстың ішкі резервтері есебінен мерзімді несие беру жолымен іске асырылады.

Машина-тракторлар парктерін жаңарту ұзақ мерзімді лизингтік негізде " Ауыл шаруашылығын қаражатпен қолдау қоры" ЖАҚ-ы, "КазАгроФинанс" ЖАҚ-ы арқылы мемлекеттің толық қолдауымен жүргізіледі. Жыл сайын тракторлар, комбайндар парктерінің және ауыл шаруашылығы машиналарының 5-8 пайызын жаңарту жоспарланды.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының машина-тракторлар парктерінің қызметін ұзарту тек қана дер кезінде және сапалы жөндеу жүргізу арқылы мүмкін. Ол үшін жыл сайын облыс резервтерінен мерзімді несие беру және ауыл шаруашылығы товар өндірушілерін бір орталықтан қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету және жөндеу-техникалық шараларын жүргізу іске асырылады.

3) Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және басқа шектес кәсіпорындарды қалпына келтіру мәселелері

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарын қалпына келтіру екі негізгі бағыт бойынша:

"Казакстантрактор" ААҚ-ның қуаттарын анағұрлым толық пайдалану мақсатында осы заманғы жаңа тракторлар, ЖВП-9,1 дестелегіштер, сепкіштер және басқа ауыл шаруашылығы техникаларын, сондай-ақ қосалқы бөлшектер дайындау мен қайта өңдеу жөнінде тапсырыстар орналастырылады. 2002-2010 жылдары "Казакстантрактор" ААҚ-да бес жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын (Т-95.4 шынжыр табанды трактор, тарту күші 1,4 класты доңғалақты трактор, тракторларға трансмиссия, жал салатын кең ауқымды тіркемелі дестелегіштер) шығару жоспарланды. Соның нәтижесінде республиканың 46 кәсіпорны кооперация бойынша жұмысқа жұмылдырылады және 8000 жұмыс орны құрылады.

Бұл техникаларды игеру 45,0 млн. АҚШ доллары мөлшерінде несие ресурстарын алу есебінде іске асырылады;

Песчан жөндеу-механикалық заводында станоктар паркін жаңарту және жөндеу жұмыстарының жалпы көлемін ұлғайту іске асырылады.

60. Азық-түлік нарығында бәсеке ортасын құру

Товардың азық-түлік нарығындағы табысты қозғалуы үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу деңгейін көтеру мақсатында қайта өңдеу кәсіпорындарының жүйесін бұдан әрі дамыту қарастырылды:

қайта өңдеу объектілерін іске қосу, объектілерді модерлендіру және техникалық жарақтандыру;

қайта өңдеу кәсіпорындарын іске қосу үшін инвесторлар тарту және

м о д е р л е н д і р у ;

ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу-дайындау пункттерінің жүйесін құру (сүт, ет, жүн, жұмыртқа және тері шикізаты).

Шығарылатын өнімдердің бәсекеге түсуін қамтамасыз ету, өнімдердің түрлерін көбейту, дизайнды жақсарту қайта өңдеу кәсіпорындарының негізгі міндеттері болып саналады.

61. Топырақтың құнарлығын көтеру, жерді суландыру және мал дәрігерлік қызмет көрсету жөніндегі іс-қимыл стратегиясы

Өнімдерге ішкі және сыртқы нарықтарда сұраныстың өсуі олардың жалпы көлемін ұлғайтуды қажет етеді. Оның ішінде өсімдік шаруашылығын ұлғайту топырақтың құнарлығын көтеру, жерді мелиорациялау жөніндегі шараларды қолдану есебінен, мал шаруашылығы өнімдері - мал дәрігерлік қызметті жақсарту есебінен жүргізіледі.

Саланы қарқындандыру минералды тыңайтқыштар, химиялық және биологиялық қорғау заттарын сіңіруді, жаңа техникаларды, мал дәрігерлік препараттарды қолдануды қажет етеді.

Сатып алынатын тыңайтқыштардың, улы химикаттардың, техникалардың қымбаттығы, жерді суландыру, жердің құнарлығын көтеру жөніндегі жұмыстарға төленетін товар өндірушілер шығындарының бір бөлігін мемлекет тарапынан өтеуді қажет етеді.

IV БӨЛІМ. КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

1. МАҚСАТ

Облыс экономикасы мен халқының сапалы қызметтерге деген қажеттілігін қамтамасыз ететін серпінді дамитын теңестірілген көлік жүйесін, тиімді және техникалық жаңартылған көлік кешенін жасау. өзіміз жүріп жүрген автомобиль жолдарының техникалық жай-күйін арттыру.

2 0 0 2 - 2 0 0 5 жы л д а р ы :

жылжымалы құрамды халықаралық және қалааралық жолаушылар тасымалымен айналысатын кәсіпорындар қаражаты есебінен жаңарту; жүк және жолаушылар автокөлігіне сервистік қызмет көрсететін Орталықтар а ш у ;

басқаруды және жергілікті атқарушы өкіметпен өзара іс-қимылды (Павлодар көлікшілер одағы қауымдастығы, жүк тасымалы Орталығы және т.б.) үйлестіру үшін қоғамдық құрылымдарды одан әрі дамыту;

облыс ішіндегі және облысаралық жолаушылар автобусы бағыттары жүйесін к е ң е й т у ;

қала сырты мен облысаралық теміржол маршруттары жүйесін оңтайландыру ж ә н е с а қ т а у ;

Ресей Федерациясына өзен жолымен жүк тасу көлемін арттыру.

2006 - 2010 жылдары :

автокөлік құралдарының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін автомобиль жолдарының техникалық жай-күйін көтеру;
халыққа қызмет көрсететін бірыңғай көлік нобайын жасау;
облыстың барлық елді мекендерінің көлікті пайдалану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, халықтың әлемдік деңгейге сәйкес келетін көлік қызметтеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;
жол бойында сервистік қызмет көрсету және автокөлікке диагностика жасау жүйесін құру;
Ертіс өзені (қытай-қазақстан-Ресей) бойымен толассыз кеме шаруашылығын ұйымдастыру;
аймақаралық әуе тасымалын дамыту және қамтамасыз ету;
көлік саласындағы лизингтік науқанды дамыту.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Кәсіпорындарды жекешелендіру және шағын бизнестің тұрақтануы көлік қызметтері нарығында кіші автокөлік кәсіпорындарының пайда болуына әкелді.

Облыстың көлік тасымалдау саласында түрлі меншік түрлерінің 20-дан астам кәсіпорны мен ұйымы және 300-ге жуық жеке кәсіпкер қызмет істейді.

Аймақтың темір жолдармен қамтамасыз етілуі 1436,7 км, электрлік тартымы бар учаскілердің ұзындығы 207,3 км, тепловоздық тартымы бар 1229,4 км. "қазақстан темір жолы" РМК-ның Павлодардағы тасымалдау бөлімінің шекаралары Ерейментау станциясы (өзін қоса) және РФ МПС Батыс-Сібір темір жолының құлынды (тек қана) станциясы болып табылады.

"2001-2005 жылдардағы қазақстан темір жолы" РМК қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес үш кезекті кезеңді көздеп отырған, оның ішінде жолаушылар тасымалдау кәсіпорнын "Жолаушылар тасымалдау" ЖАҚ дербес акционерлік қоғамына ауыстыру, 2002 жылы қала маңымен қатынас маршруттарын жабу жөнінде мәселе көтерілді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік көлік полициясы Тұжырымдамасын 2008 жылға дейін орындау және әлеуметтік-маңызды қала маңымен қатынасты сақтау мақсатында облыстық бюджеттен жәрдем қаражат бөлінуі көзделіп отыр (болжам бойынша - 23 млн. теңге).

Облыс транзит тасымалдарының тиімділігін дамыту және арттыру үшін өз көлік жүйелері мен географиялық орналасуының басымдылықтарын пайдалана алады және пайдалануы керек.

Облыс аумағынан М-ІҮ Омск-Павлодар-Майқапшағай халықаралық автожолы өтеді.

Көлік жұмысының негізгі көрсеткіштері

р/с	Көрсеткіш атауы	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.
-----	-----------------	--------	--------	--------	--------

		Өлшем бірлігі				
1	2	3	4	5	6	7
1	Тасымалданған жүк, теңдеме жүк барлығы оның ішінде:	мың тонна	68086	68934	92070	68324
11	жол көлігімен	мың тонна	54045	44735	59093	58900
12	жүк көлігімен	мың тонна	1192	731	600	914
2	Жалпы пайдалану көлігімен жолаушылар жіберілді оның ішінде:	мың тонна	66705	60943	56054	59679
21	Автомобиль көлігімен	мың тонна	37688	33338	27056	29300
22	Трамвайлармен	мың тонна	24538	24087	25211	26600
23	Таксилермен	мың тонна	1545	1718	1934	1950
24	Темір жол көлігімен	мың тонна	2790	1690	1783	1760
25	Әуе көлігімен	мың тонна	77	41	39	40
26	Өзен көлігімен	мың тонна	67	69	31	29

Саланың тұрақты дамуына кедергі жасайтын негізгі проблемалар: автокөлік және көлік-экспедициялық қызметтер саласында заңнама жобалары мен нормативтік-құқықтық актілердің жоқтығы, жанар-жағармай материалдары бағасының өсуі, тарифтердің өсуі, пайдалану шығындарының артуы.

Облыста жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары жүйесінің ұзындығы 4922 км, сонымен қатар қатты жамылғысымен 4698,8 км, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар 1291,1 км, жергілікті маңыздағылары 3630,9 км

Соңғы жылдары автожолдарды ұстау сапасы күрт төмендеді. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының көпшілігі оське 6 тонна нормативтік жүктемесімен 60-70 жылдары салынған. қазіргі кезде оське деген жүктемелер 10 және одан да көп тоннаға көбейді. Бұдан басқа, соңғы үш жыл ішінде ауыр салмақты және көп габаритті көліктің жүру қарқындылығы айтарлықтай өсті, оның ішінде Ленинск-Ертіс-Русская Поляна (Ресей Федерациясы), Ленинск-Ақсу-Көктөбе-үлкен Ақжар, Ивановка-Трофимовка-облыс шекарасы сияқты автожолдары.

1999-2001 жылдары жергілікті маңыздағы автожолдарды жөндеу жұмыстарының (орташа және күрделі жөндеулер) нақты көлемі, 1770 км-ден аса жыл сайынғы жоспарлы жөндеулер қажеттілігіне қарамастан, 1999 жылы 23 км, 2000 жылы 0 км, 2001 жылы 98,2 км құрады.

62. Күшті жақтар

Автомобиль көлігінде реформалаудың аяқталуы және саланың бәсекелестік ортада қызмет ете алуы.

Автокөлік инфрақұрылымдары басым бөлігінің сақталынуы.

Жоғары білікті кадр әлуеті.

Ерікті баға белгіленуінде тасымалдаулардың өзіндік құнының төмендігі.

Жергілікті құрылыс-шикізат ресурстарының болуы.

Мердігер жол-құрылысы және пайдалану ұйымдарының, жол- құрылыс материалдарының болуы.

Облыста фракциялық қиыршықтастарды, балшық-топырақты (қойыртпақтарды) екінші өңдеуінен қалған қалдықтарын өндіретін бос қуаттарының болуы, сондай-ақ жол битумы мени ЖЖМ өндірісінің болуы.

Автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары нарығында бәсекеге жарамды саланың дамуы.

Бос еңбек ресурстары, жоғары біліктілік.

63. Әлсіз жақтар

Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы тозуының жоғарғы деңгейі, сақталып отырған негізгі қорлардың ескіру тенденциясы.

Тасымалдаушылардың жылжымалы құрамды жаңартуға шекті қаражат мүмкіндіктері, инвестициялардың жеткіліксіз келуі.

Қала аралық және облыс аралық қатынастарда автобустармен жолаушыларды тасымалдауда үйлестірілген тетіктердің болмауы.

Саланы ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесінің жоғы.

Халықаралық экологиялық стандарттарға сай келетін жылжымалы құрамның жоғы.

Құрылыс материалдары мен жолдарды жөндеу қызметтері бағасының әрі қарайғы көтерілуі.

Құрылыс материалдары мен құрылымдар өндірісінің тоқтауы.

Облыс автожолдарындағы сервис қызметінің жоғы.

64. Мүмкіндіктер

Саладағы жақсы менеджмент пен маркетинг арқылы өзін-өзі қамтамасыз ету және пайдалы жұмыс мүмкіндігі.

Халықаралық көлік кеңістігінде әрі қарайғы ынтымақтастық.

Облыстың жергілікті маңындағы автомобиль жолдарын қалпына келтіру жөніндегі "ЖОЛ-2003" облыстық бағдарламасын іске асыру.

Бос жоғарғы білікті еңбек ресурстарын тарту.

Автомобиль көлігінің мүмкіндіктері төмендеуінің ұлғаю тенденциясы. Облыс жолдарының нашарлауы салдарынан автокөліктер қозғалысының қауіпсіздік деңгейінің төмендеуі.

Жол-құрылыс материалдарын тасымалдау бойынша электрэнергиясы мен көлік шығындарына өсіп бара жатқан тарифтер.

Халықаралық талаптарға сай келетін жылжымалы құрамның болмауы.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:

Коммуникациялар тұрғындардың өмір сапасының жақсаруы және шаруашылықтың нарықтық мүмкіншіліктердің құралы, сондай-ақ тұтыну нарығының тұрақтану факторы ретінде қарастырылу керек.

Азаматтар жұмылдырылғыштығының қажетті деңгейінің және аумақтардың көлік жетімділігінің сақталуы.

Меншікті көлік шығындарының төмендеуі мен тауар қозғалысының жылдамдығын қамтамасыз ету.

Көлік бизнесінің тиімділігі мен инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Көліктің бірыңғай түрлерінің инфрақұрылымы дамуының келісілген үйлестірілуі.

Күштерді басым екі бағытта пайдалану керек: транзит саясаты және ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру.

Транзит саясаты: облыс аумағынан Ресей Федерациясының үш облыстарымен қатынасы бар, Ресейді Орта Азия елдерімен байланыстыратын транзит жолдарының өтуіне байланысты көлік-коммуникациялық кешенінің міндеттерінің бірі транзит тасымалдары болып табылады;

транзит әлуетін пайдалану тек қана көліктің артуының емес, сондай-ақ облыс экономикасы өсуінің ең маңызды нүктесі болу керек.

Омск-Павлодар-Майқапшағай М-ІҮ халықаралық автожолы халықаралық көлік дәлізінің құрамдық бөлшегі болып табылады және қиыр Шығыстың кемежайлары мен шекаралық өткелдерге және Ресейдің солтүстік-батыс кемежайларына шыға алатын транссібір ХКД кіреді. Даму және әрі қарайғы жетілдіру, ХКД шеңберінде автожолдың сапасын халықаралық стандарттарға жеткізу тек транзитте ғана емес, сонымен қатар экспорттық, импорттық және халықаралық тасымалдауларда жүктасқынды арттырады. Бұл ішкі тарифтерді тұрақтандыруға, негізгі көлік тораптары (Павлодар қаласы, РФ шекарасы) және негізгі жер үстіндегі коммуникацияларда жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді.

Шульба шлюзының ашылуы және трансшекаралас мемлекеттермен шарт жасасу қытайдан Обь Губасына дейін кеме қатынасын дамытуға мүмкіндік береді. Даму және теміржол мен автомобиль көлігімен әрі қарай өзара іс-әрекет жүргізуге септігін тигізеді (ауыстырмалау пункттерін ұйымдастыру, жүк

тасымалдаудың жалпы көлік сұлбасын дамыту).

Ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру саясаты: облыстың шекаралық жағдайын ескере отырып, көлік бизнесінің инвестициялық тартымдылығын арттыру, көлік инфрақұрылымының дамуын үйлестіру қажет.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ:

2002-2010 жылдарға инвестициялық жобалар мен бағдарламалар көзделіп отыр, олардың іске асырылуы көлік қызметтері спектрін кеңейтуге, жылжымалы құрамды жаңартуға, саладағы жағдайды тұрақтандыруға көмегін тигізеді;

қоғамдық жолаушылық тасымалдаулардың тиімді қызмет етуі мақсатында көлік саласында мемлекеттік реттеу рөлінің күшеюі (тендерлер мен конкурстар).

2002-2005 жылдарда көлік коммуникацияларының қазірде бар торабын ұстау, оның техникалық жағдайын нормативтік талаптарға сай келетін деңгейге жеткізу.

Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына қажеттіліктерді толық қанағаттандыруды қамтамасыз ететін кәсіпорындар жүйесін құру. Жол бойындағы сервис жүйесін кеңейту. 2006-2010 жылдарға облыстың барлық елді мекендеріне көлік жетімділігін қамтамасыз ету, жалпы әлемдік стандарттарға сай келетін көлік қызметтерінде тұрғындардың қажеттілігін қанағаттандыру.

Облыстың көлік-коммуникациялық кешенінде лизинг түріндегі инвестициялардың неғұрлым толық пайдалануы.

66. Көлік саясатын жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекеттер стратегиясы.

1) Транзит тасымалдарынан кірістердің өсуі, тең құқықты бірлесу және халықаралық көлік жүйесінде қазақстан ұстанымының нығаюы:

Шульба шлюзы құрылысының аяқталуы облыстағы өзен қатынасы және Ертіс өзенінде кеме қатынасын белсендіруге септігін тигізеді. Павлодардағы өзен кемежайының мүмкіндіктері: 1,5 млн тоннаға дейін құм өндіру, 6 млн. тоннаға дейін жүктерді асқынжүктеу, 6 мың тоннаға дейін өзен көлігімен тасымалдау;

Ертіс өзені бассейнінде қазақстандық және ресейлік кемелерімен тасымалдауды ұйымдастыру мен шарттары жөнінде Ресей Федерациясымен **Келісім-шарт жасасу;**

тасымалдауларды жүзеге асыру үшін трансшекаралық өзендерді өзара пайдалану мәселесі жөнінде ҚХР-мен Келісім-шарт жасасу;

КХР-Қазақстан Республикасы-Ресей Федерациясы транзит маршрутын **ұйымдастыру;**

Ресей мен ҚХР арасында транзит дәлізі ретінде Ақсу-Дегелен теміржол торабының толық қызмет етуін қамтамасыз ету.

67. Ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру саясатын жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттер стратегиясы

Көлік қызметінде аймақтың ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында облыстың барлық елді мекендерінің көлікке қол жету мәселесінің шешілуі жоспарланып отыр.

68. Сапасы жағынан сай келетін және тұтынушының қажеттіліктерін өтеуге бағытталған облыс тұрғындарын көлік қызметімен қанағаттандыру: 2002-2005 жылдары:

облыстың қазірде бар автобус маршруттарының жүйесін сақтау және дамыту, облыстың барлық елді мекендерінің көлікке қол жетуін қамтамасыз ету, облыс ішіндегі автобус маршруттарының санын 190 дейін арттыру;

жылжымалы құрамды сатып алу және жаңарту мақсатында кіші кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру мәселесінде қолдау;

көлік қызметінің әлеуметтік-маңызды түрлерін мақсатты қолдауды қ а м т а м а с ы з е т у ;

Павлодардағы өзен кемежайының жұмыс көлемін 1,5 есеге және 2005 жылға дейін жүк тасымалдарының 562 мың тоннаға дейін арттыру;

қолайлы экономикалық жағдайларда швед жағының инвестицияларын пайдалану арқылы автобустар мен "Вольво" жүк автомашиналарының техникалық қызмет көрсету орталық жобасын жүзеге асыру;

республикалық авиатасымалдаулар ішінде реттілікті қамтамасыз ету; қазірде бар қала маңындағы теміржол қатынас жолдарын сақтау.

2006-2010 жылдары:

біріккен көлік-коммуникациялық кеңістіктің қалыптасуы; көлік кешенінің жылжымалы құрамын жаңарту жөнінде әрі қарай жұмыс а т қ а р у ;

Ақсу-Дегелен теміржол торабын әрі қарай пайдалану. Осы маршрут бойынша жүктерді тасымалдау кезінде жүк иелерінің көлік шығыстары 15-20 %-ға азаяды, жылжымалы құрам тиімдірек пайдаланылады.

Болашақта жүк поездар жұптарының саны 4-ке дейін артуы көзделіп отыр, оның ішінде 1 құрастыру-тапсыру, яғни белгілі бір учаскедегі жұмыспен (жергілікті жүктің Көктөбе, құркөл, Жұмыскер, Май станцияларына апару);

- автомобиль көлігінің еуропалық стандарты мен нормаларын қамтамасыз ету

69. Күтілетін нәтижелер:

қазірде бар көлік инфрақұрылымын сақтау және өмір сапасы мен тауар жылжуының динамикасын арттыру үшін автомобильдендіруді неғұрлым толық п а й д а л а н у ;

сапасы мен әлемдік стандартқа сай келетін азаматтардың көлік қажеттіліктерін толық қанағаттандыру;

көлік түрлерінің инфрақұрылымын келісімді дамыту. Автомобиль және темір жолдарын, әуежай мен жер үстіндегі көлік инфрақұрылымын үйлестіріп дамыту.

70. Қазірде бар автожолдар жүйесін, жасанды құрылымдарды және жол сервисін қайта өңдеу мен қазіргі заманғы жол қауіпсіздігі мен әсемдік талаптарына сай келетін жағдайға келтіру:

жол жамылғыларының жөндеуі аралық мерзімдер қызметтерін нормативтіктерге жақындату, жолдардың орташа және күрделі жөндеулерді у а қ ы т ы л ы о р ы н д а у ;

ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру және автожолдарды ұстау мен жол жағдайы бойынша қаражаттарды тиімді пайдалану.

Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының дамуына 16,85 млрд. теңге салу көзделіп отыр, соның ішінде жылдар бойынша:

2002-2005 жылдары 5,93 млрд. теңге;

2006-2010 жылдары 10,92 млрд. теңге.

Облыстық және республикалық қаржылар пайдаланылады.

2002-2010 жылдар аралығында:

жолдарды күрделі жөндеу 8,2 млрд. теңге;

орта жөндеу 3,55 млрд. теңге;

ағымдағы жөндеу мен ұстау 5,1 млрд. теңге

жұмыстарын іске асыру жоспарланып отыр.

Павлодар облысының "Жол-2003" автомобиль жолдарын өңдеу облыстық бағдарламасына сәйкес 2002-2003 жылдарда жергілікті жолдар бойынша 32 км күрделі жөндеуін, орташа жөндеуін 192 км, 3217 км ағымдағы жөндеу, автомобиль жолдарын ұстау мен көгалдандыру жұмыстарын жасау жоспарланып о т ы р .

Жолдар дамуларының басым бағыттары белгіленген:

Ленинск-Ақсу-Көктөбе-үлкен Ақжар;

Ленинск-Ертіс-Русская Поляна;

Ивановка-Трофимовка-Новосібір облысының шекарасы.

2003-2005 жылдарға құны 21 млн. теңгеге Ертіс өзенінен өтетін автомобиль көпірін күрделі жөндеу бойынша жобалау-зерттеу жұмыстарын өткізу және Шідерті өзенінен өтетін автомобиль көпірін күрделі жөндеу 50 млн. теңге.

V БӨЛІМ. ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР

1. МАҚСАТ.

Электрондық АТС салу арқылы облыстың телефондық жүйесін жаңғырту, жерсеріктік байланыс желісін енгізу және аз қуатты радио-релейлік станциялар құру арқылы облыстың шалғайдағы селолық округтеріне байланыстың барлық түрлерінің қол жетімділігін қамтамасыз ету.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Телекоммуникациялар саласында 197 телефондық станция жұмыс істейді: 37 - қалалық, 160 селолық.

Олардың ішінде қалалық телефондық станциялар желісінде 25% электрондық, 44,6% - координаталық, 27,7% - ондық-қадамдық және 2,7% квазиэлектрондық АТС. Селолық телефондық станциялар желісінде 2,5% электрондық және 97,5% координаталық АТС бар.

Барлық АТС-тардың сыйымдылығы 167089 нөмер құрайды, қолданатын 142312, қолданылу пайызы 84,17% құрайды.

Селолық телефондық станциялар саласын дамыту бағдарламасы бойынша желіні кіші жаңғырту және жабылған АТС-тарды қайта ашу жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ұзын қосатын жолдарды салуға арналған қаражатты үнемдеу мақсатында шалғайдағы және саны аз селолық округтерде "ДАМА" жерсеріктік станциялары орналастырылып жатыр. Осы кезде осындай 17 станция, оның ішінде Павлодар қаласында - орталық жұмыс істейді.

71. Күшті жақтар

Сала қызметінің заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасының болуы.

Пайдалы географиялық орналасуы, транзит маршруттарының басым көпшілігі мемлекеттің аумағында өтуі.

Ішкі тұтыну мен транзит үшін телекоммуникациялар желісінің жетімділігі.

Облыс, республика және шекаралас мемлекеттерге электрондық АТС құратын "Веснет" қазақстан-Турциялық СП-ның болуы.

Жоғары білікті кадр әлуетінің болуы.

72. Әлсіз жақтар

Телекоммуникациялық кешен дамуының ұзақ мерзімді тұжырым-дамасының болмауы.

Телекоммуникациялардың залалды қызметтерін қаржыландыру қажеттілігі болғандықтан телекоммуникациялық нарықтың ырықтандыруы мен монополиясыздандырудың болмауы.

Тозығы жеткен байланыс жабдықтарының, әсіресе селолық аймақта, үлкен пайызы.

Селолық округтер тұрғындарының төлеу қабілеттілігінің төмендігі.

73. Мүмкіндіктер

Халықаралық телекоммуникациялық кеңестікте бұдан былайғы ынтымақтастық.

Басқа елдермен сауданың артуы есепке ала отырып байланыстың барлық түрлері бойынша қызметтер экспорты.

Бар салалық ҒЗИ, жаңа технологияларға шығуға қатысты, сыртқы нарыққа шығуға септігін тигізетін базалық мәліметтер мен ғылыми әлуеттерді пайдалану.

Облыс телекоммуникациялық кешенінің дамуына арналған заемдарды пайдалану.

74. Қатерлер

Шет елдік операторлардың ішкі коммуникациялық нарыққа кіріп кетуі. Халықаралық трафиктерді бақылау үшін телекоммуникациялық кедендердің ж о ғ ы .

Телекоммуникациялар желілерінде, АТС, НУП-тардың, РСМ абонент блоктарында кабельді ұрлау.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:

Тозығы жеткен ондық-қадамдық және координаттық телефондық станцияларды электрондық автоматтық телефондық станцияларға ауыстыру.

Облыс қалаларының телефондық станциялары арасында байланысты қамтамасыз ету үшін оптикалық сақиналарды салу.

Сыйымдылығы аз радиорелейлік және қосатын жолдарды салу арқылы селолық байланыс желілерін жаңғырту.

Тұрғындары аз және шалғайдағы селолық елді мекендерді жерсеріктік байланыс жүйелерімен қамтамасыз ету.

4. ІС-ӘРЕКЕТ СТРАТЕГИЯСЫ

75. Бірінші кезең 2001-2005 жылдар

1) Тозығы жеткен ондық-қадамдық және координаттық теле-фондық станцияларды электрондық автоматтық телефондық станцияларға ауыстыру:

П а в л о д а р қ а л а с ы :

ондық-қадамдық АТС 75/78 14200 нөмер сыйымдылығы бар электрондыққа а у ы с т ы р у ;

ондық-қадамдық АТС-73 және АТСКУ-76 АТС-76 жабдықтауды орналастырумен 12062 нөмер сыйымдылығы бар электрондыққа ауыстыру;

ПСК-738 (Набережный көшесі) 1024 нөмер сыйымдылығы бар э л е к т р о н д ы қ қ а а у ы с т ы р у ;

координаттық АТСК-45, АТСК-46 және АТСК-47 электрондықтарға а у ы с т ы р у .

Е к і б а с т ұ з қ а л а с ы :

ондық-қадамдық АТС-4 жабу үшін қазірде бар DMS электрондық станциясын 3 0 0 0 н ө м е р г е к е ñ е й т у ;

ондық-қадамдық АТС-3 электрондыққа ауыстыру.

А қ с у қ а л а с ы :

DRX-4 электрондық станциясын 500 нөмерге кеңейту;
1000 нөмері бар координаттық АТСК Квантты DRX-4 электрондыққа а у ы с т ы р у ;

5000 нөмері бар АТСКУ DMS электрондық станциясына ауыстыру.

2) Облыс қалаларының телефондық станциялары арасында байланысты қамтамасыз ету үшін оптикалық сақиналарды салу:

Екібастұз қаласында талшықты-оптикалық жолдарының көлік сақинасын салу (12 км).

3) Сыйымдылығы аз радиорелейлік және қосатын жолдарды салу арқылы селолық байланыс желілерін жаңғырту:

Павлодар қашыр Ертіс Железинка Ақтоғай радиорелейлік жолдарын жаңғырту.

4) Тұрғындары аз және шалғайдағы селолық елді мекендерді жерсеріктік байланыс жүйелерімен қамтамасыз ету:

Екібастұз қаласының ауылдық жеріндегі Атығай және Тай ауылдарында, Ертіс ауданының 7 ауылында, Баянауыл ауданының Сатпаев селосында, Железинка ауданының 6 ауылында, Успенка аудандық орталығында, Май ауданының Ақжар саласында, Ақтоғай ауданының Тульское селосында "ДАМА" жерсеріктік байланыс желілерін орнату, радиожетімділігі мен радиоұзарту жабдықтарымен кіші елді мекендерді телефондандыру.

76. Екінші кезең 2006-2010 жылдар

1) Сыйымдылығы аз радиорелейлік және қосатын жолдарды салу арқылы селолық байланыс желілерін жаңғырту:

Шідерті селосындағы ондық-қадамдық АТС электрондыққа ауыстыру;

Павлодар-Шарбақты қосатын жолдарын цифрлық радиорелейлік жолға ауыстыру арқылы жаңғырту;

Қалқаман-Майқайың қосатын жолдарын цифрлық радиорелейлік жолға ауыстыру арқылы жаңғырту;

Майқайың-Баянауыл қосатын жолдарын цифрлық радиорелейлік жолға ауыстыру арқылы жаңғырту;

Шарбақты-Успенка цифрлық радиорелейлік жолды салу; Пограничник кентінде 15x12 радиорелейлік жолын салу;

Шарбақты, Майқайың, Ақтоғай, Успенка аудандық орталықтарындағы координаттық АТСК электрондық АТС ауыстыру;

Аудандық орталықтардан төмен елді мекендеріндегі координаттық АТСК электрондық АТС ауыстыру.

2) Тұрғындары аз және шалғайдағы селолық елді мекендерді "ДАМА" жерсеріктік байланыс жүйелерімен, радиожетімділік және радиоұзарту жабдықтарымен қамтамасыз ету.

Қызмет көрсету спектрін кеңейту: телебанкинг, интернет-телебанкинг, жылдамдығы жоғары дауысты байланыс, бейне байланысы, факсимильдік байланыс.

VI БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

1. МАҚСАТ

Экологиялық ахуалды жақсарту, қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру.

§ 2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Облыс халқының негізгі тұратын жерлерінде қоршаған ортаның жай-күйі қанағаттанғысыз болып қалуда. Сапалы ауыз судың жетіспеушілігі мен ауаның ластануы адам денсаулығына теріс әсер ететін негізгі факторлар болып табылады. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың, ластанған сарқынды сулардың прогрессивті жинақталуы бұл факторларды едәуір күшейтеді.

Аймақта, реформаға дейінгі кездегі ескі технологиялармен салынған қуатты өндірістердің болуы қоршаған ортаға тасталу эмиссиясының азаймайтынын болжауға негіз қалайды.

77. Күшті жақтар

Табиғат қорғау қызметін басқару жүйесін құру (өнеркәсіптердің өндірістік мониторингі және т.б.).

Табиғат қорғау шараларын қаржыландырудың өсуі.

Өңірде білікті кадрлардың болуы.

Жергілікті бюджетке қоршаған ортаны ластағандары үшін қаражат түсімінің көбеюі.

Үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың қызметінің жандандырылуы.

78. Әлсіз жақтар

Облыс атмосфералық ауа ластануының айтарлықтай жоғары деңгейі сақталуы.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасының өткірлігі.

Негізгі ластауыш-өнеркәсіптердегі шаңгазтазартқыш технологияларының ескіруі.

Жылу электр станцияларында жоғары күлді көмірді гидрокүлжоюмен жағу технологиясын пайдалануы.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың жинау, сұрыптау, қайта пайдалану, қайта өңдеуінің және сақтау жүйесінің жетілдірілмегендігі (қоқыс өңдеуші заводтың жоқтығы).

1-2 класты қауіптілігі бар өндірістік қалдықтарды көму полигонының болмауы.

Ертіс өзенінің су қоймасы сарқырамаларынан ретсіз және қуаты аз су жібермелері.

Семей, өскемен қалаларының жеткілікті тазартылмаған өнеркәсіптік және

коммуналдық ағынды суларымен Ертіс өзенін жүйелі түрде ластандыруы.

Облыс ормандары мен Ертіс өзенінің аңғарын өрттерден қорғау жүйесінің ж е т і л д і р і л м е г е н і .

Ертіс өзенінің аңғарында көлтабандап суарудың қанағаттанғысыз пайдалануы

Егіншілік жүйесін бұзу, минералдық және органикалық тыңайтқыштардың қолданылуын қысқартылуы.

79. Мүмкіндіктер

Табиғат пайдаланушылардың өз қаражаттарын табиғатты қорғау шараларына т а р т у .

Экологиялық проблемаларды шешу үшін шетелдік кеңесшілер мен отандық ғылыми зерттеу институттарын қатыстыру.

Шетелдік заемдардың, сонымен қатар табиғатты қорғау жобаларын қаржыландыруға гранттарды тарту.

8 0 . Қ а т е р л е р

Жер асты суларын ауыр металдармен ластануы, Ертіс өзенінің сынаппен л а с т а н у қ а у п і .

Ертіс өзені аңғарының нашарлауы.

Атмосфералық ауаның зиянды заттармен, қорғасынмен және басқа улы қосыныстармен ластану деңгейі артуы. Қоршаған ортаны қатты тұрмыстық және улылы өндірістік қалдықтармен, биологиялық және химиялық ластануы.

Халықтың ауру деңгейінің көтерілуі.

Ормандардың жоғалуы, көлдердің, табиғаттың әр алуандылығының эвтрофикациясы (батпақтануы).

Қарашіріндінің жойылуы, топырақ құнарлылығының төмендеуі.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:

халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
табиғатты пайдаланушы кәсіпорындардың табиғатты қорғау қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; құрылысқа белгілеген объектілерге мемлекеттік сараптаманы жүзеге асыру;

облыс кәсіпорындарының улы қалдықтарды көму, залалсыздандыру, жинақтау проблемаларын шешуіне қатысу;
табиғи қоршаған ортаның сапасына мемлекеттік экологиялық мониторингті жүзеге асыру;

экология және табиғатты оңтайлы пайдалану мәселелері жөнінде халықты оқу ағартумен насихаттауды жүргізу;

табиғи ортаны ластағаны үшін облыс бюджетіне төленетін төлем жүйесін жетілдіру.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

81. Халықаралық ынтымақтастықты дамыта отырып:

Ресей Федерациясымен және Франция жағымен бірлесіп "Ертіс өзенінің су ресурстарын трансшекаралық басқару" жобасына;

Қазақстанда Орхусс конвенциясын өткізуге жәрдемдесу Дания жобасына;
техникалық ынтымақтастану бойынша неміс қоғамымен бірлесіп "Су пайдалануды экологияландыру" жобасына;

қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған халықаралық, республикалық және облыстық семинарлармен конференциялар жұмысына қатынасу.

82 Табиғатты пайдаланушы кәсіпорындардың табиғатты қорғау қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру , соның ішінде:

табиғи ресурстарын тиімділікпен пайдалану жөніндегі шаралардың орындалуына ;

өндірістік мониторинг жүргізілуіне;
атмосфералық ауаны және су қорларын қорғау мен пайдаланудың ережелері мен мөлшерлерін сақтауына ;

атмосфералық ауаның және су қорларын ластандыру көздері мен себептерін, сондай-ақ табиғатты қорғау заңнамасын бұзу жағдайларын айқындау және олардың алдын алу шаралардың қолданылуына;

газшаңұстайтын құрал-жабдықтардың тіркелуіне;
су шаруашылығы жүйелерін пайдалану ережелерінің орындалуы, тазартқыш ғимараттардың, жинақтауыштардың, қалдықтар сақтауыштардың жұмыстарының тиімділігіне қол жетімділігіне;

тұрмыстық, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік және тағы басқа қалдықтармен жерлердің ластануына жол бермеу және жерлерді қайта құнарландырумен тазалау жөніндегі шаралардың қабылдауына;

радиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтау мен радиоактивтік ластануды болдырмау, қоршаған ортаға төгудің шегі мен олардың қолданылу мерзімдеріне;

бұзылған және халық шаруашылық айналымға қайтарылған жерлерді қайта құнарландыру бойынша шараларды орындау;

ормандарды қалпына келтіру, орман өсіру, ормандарды зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі шаралардың орындалуына.

83. құрылысы белгіленген объектілер жөніндегі материалдарға мемлекеттік сараптаманы жүзеге асыру, соның ішінде:

табиғи ортаның ахуалына зиянды әсер ететін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың объектілерін салуға және қайта құруға жобалау-сметалық құжаттамасына ;

объектілерді орналастыру үшін жер учаскелерін таңдау материалдарына; экологиялық аудит материалдарына.

84. Облыс кәсіпорындарының улы қалдықтарын көму, залалсыздандыру, жинақтау проблемаларын шешуіне қатысу:

"Химпром" Ақ-дағы бұрынғы хлор және күйдіргіш сода өндірудің сынапқұрамды қалдықтарын көму пункттерінің құрылыстарына және залалсыздандыру жұмыстарының орындалу барысына; өндіріс және тұтыну қалдықтарының жиналуына, зиянды қалдықтарды көмудің қоршаған ортаға әсерін бағалауға;

улы материалдарды, қауіпті қалдықтар мен заттарды, пайдалануға, сақтауға, тасымалдауға, табиғатты қорғау шараларына бақылау жасау.

85. Табиғи қоршаған ортаның сапасына мемлекеттік экологиялық мониторингті жүзеге асыру және оны ластағаны үшін облыс бюджетіне төленетін төлем жүйесін жетілдіру:

табиғи ресурстарды теңгерімді пайдалану және оның сапасын жақсарту мақсатында қоршаған ортаның ахуалы туралы қадағалау материалдарын талдауды, жинауды жүзеге асыру;

атмосфералық ауаны, жерді, жер қойнауларын және су ресурстарын ластандырудың барлық көздерін есепке алу;

зертханалық-талдау жүйесінің қолданылатын аппаратурасының стандарттау және метрология талаптарына сай жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

қоршаған ортаны ластандыруды шектеу және табиғи ресурстарды алудың экологиялық ұйғарынды шегін анықтап, облыс аумағының аудандастыруын жүзеге асыру;

табиғи ортаны ластағаны үшін облыс бюджетіне төленетін төлем жүйесін жетілдіру.

86. Экология және табиғатты тиімділікпен пайдалану мәселелері жөнінде халықты ағарту мен насихат жүргізу:

экологиялық тақырыптама жөніндегі материалдар мен оқу құралдарын әзірлеу және жарияланымды ұйымдастырып отыру, бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық- насихаттық жұмыстарын кеңейтудің басқа әдістерін пайдалану;

экологиялық қауіпсіздік мәселелері жөнінде халықты және жергілікті мемлекеттік басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.

VII БӨЛІМ. САЛЫҚ - БЮДЖЕТ САЯСАТЫ

1. МАҚСАТ

Жергілікті бюджеттер кірісіне қажетті түсімдердің көлемін қамтамасыз ету үшін мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық өзара қарым-қатынастағы мүдделерінің балансына қол жеткізу, орнықты бюджеттік қатынастар мен әлеуметтік-экономикалық басымдықтарды қалыптастыру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

87. Күшті жақтар

Павлодар облысының бюджеттік қамтамасыз етудің жоғары деңгейіне шығуына мүмкіндік беретін жеткілікті жоғары экономикалық әлуеті бар.

Бүгінгі күні Павлодар облысында бюджетінің орындалуында бірталай жетістіктер бар, бірнеше экономикалық көрсеткіштердің тұрақтануына қол жеткізілді. Бюджеттік реттеуді тиімді дамыту жөнінде елеулі қадамдар ж а с а л ы н д ы .

2001 жылғы есеп деректеріне сәйкес бюджеттің жалпы түсімдері 34937,7 млн. теңгені құрады, ол болжамның 108,4 % құрайды. Жергілікті бюджетке 18075,2 млн. теңге, немесе болжамнан 99,1 % түсті. Бұл соңғы үш жыл ішінде қалыптасқан ең жоғары көрсеткіш. Салық Кодексінің күшіне енуі оң әсерін етуде . Экономиканың даму келешегін ескеретін және мемлекет пен салық төлеушілер мүдделерінің оңтайлы қосылуына қолайлы жағдай жасауға жұмсалынған салық кодексі тек қана салық заңнамаларының рөлін күшейтпей, өндірістің іскерлік белсендігін және оның әрі қарай дамуына да әсер етеді.

Осының бәрі, өз кезегінде, бюджет түсімдерінің ахуалын жақсартады.

Бұл жағдайда облыс үшін салық ауыртпалығын төмендету мен салық заңнамасының тұрақтылығы жөніндегі кепілдігінен басқа қолайлы мезгіл болып т а б ы л а т ы н д а р :

шағын бизнестің дамуы үшін салық салудың ықшамдалған жүйесі;
салық әкімшілігін жетілдіру.

Салық төлеушілер мен салық органдар арасындағы құқықтарын және міндеттерін регламенттеу және салықтарды жинау жүйесін жақсарту жөніндегі нақты шаралар мезгілінде төленбеген салықтарды азайтатын болады

"Бюджет жүйесі туралы" Заңға енгізілген өзгертулер де оң әсерін тигізеді, өйткені, олар әр түрлі деңгейдегі бюджеттер мен уәкілетті органдар арасында бюджеттік өкілеттіктерін неғұрлым айқын және толық анықтап, реттеуге б а ғ д а р л а н ғ а н .

Өткен жылдары Павлодар облысы аумақтық бюджеттік саясатын жақсарту жөнінде елеулі кезеңдерден өтті. Бұл ең алдымен бюджеттік бағдарламалауға қатысты. Бюджеттік бағдарламаларды құру, дайындау және ресімдеу бойынша бірыңғай талаптар енгізілген. 2002 жылға арналған бюджет бағдарламалары ағымдағы және бюджетте жеке көрсетілетін даму бағдарламаларына бөлінеді.

Жергілікті басқару органдарының саясаты аумақтық бюджеттік бағдарламаларды ірілендіру және олардың тиімділігін жетілдіру мен іс-шаралар қосарланушылықтарын жою мақсатында бағытталған.

Бюджетаралық қатынастарды орталықсыздандыру күшті жаққа жатады. 2002 жылдан бастап, бұрын облыстық бюджеттен қаржыландырылған денсаулық сақтау және білім беру салаларының бағдарламалары бойынша бірталай шығындар жергілікті бюджеттерге берілген болатын.

Бюджет жүйесі жариялылық принциптеріне көңіл аударатын болды. 2001 жылы Павлодар облысының бюджеті 300 даналық безендірілген кітап түрінде басылып шыққан болатын. Бұл кітапта облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау жасалынып, бюджеттік жоспарланудың стратегиясы мен облыстың барлық бағдарламалары жеке суреттелген көрсетілген. Кітаптарды кітапханаларда, оқу орындарында тауып алуға болады, олар жалпы пайдалануға қарастырылған.

88. Әлсіз жақтар

Негізгі кемшіліктер болып мыналар табылады:
бюджеттің кіріс бөлігінің болжамсыздығы мен тұрақсыздығы;
шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық төлеуден жалтаруы;
бюджетке түсетін түсімдерді көбейтуге байланысты маңызды резервтерінің ескерілмегенінен берешектерді өтеу жөніндегі жұмыстың ж е т к і л і к с і з д і г і .

2002 жылғы қаңтардың 1-не төленбеген салықтың жалпы сомасы 10 млрд. теңгені құрады, бұл 2001 жылдың басындағыдан гөрі 7,7 % төмен. Бірақ, негізгі бересінің төмендеуі республикалық бюджетке салықтардың түсетін салықтарға қатысты болды. Мезгілінде төленбеген салықтардың сомаларының көбі кәсіпорындардың банкротқа ұшырауы және таратылуы есебінен шығынға жазылады. Бір жыл ішінде ол 28 %-ға өсіп отыр, яғни 3749,1 млн. теңгеден 4793,7 млн. теңгеге көбейген.

Шектес Ресей облыстарынан товардың кедендік бақылауынан өтпей әкеліну мүмкіндігі аймаққа экономикалық елеулі залал келтіреді.

Бюджет жүйесінің орталықсыздандыруының аяқталмауы бюджетаралық қатынастың проблемасы болып отыр. Бюджеттердің өкілеттіктері айқын а ж ы р а т ы л м а ғ а н .

Залалды кәсіпорындардың болуы мен акциялардың мемлекеттік пакеттерін символикалық бағаға сатылуы салық салынатын базаның қысқаруына әкеліп с о қ т ы .

Облыс аудандарының арасындағы экономикалық күрт айырмашылықтар бюджет жүйесін орталықсыздандырудың артықшылықтарын пайдалануға кедергі к е л т і р е д і .

Бюджетті жоспарланудың уақыт шеңберін сақтамау.

Бюджетті құру субъективті сипатта.

Жергілікті бюджеттердің шығындары негізінен ағымдағы шығындарда ш о ғ ы р л а н ғ а н .

Шығыстардың жоспарлары облыс дамуының басымдықтарымен әрқашан ұ ш т а с т ы р ы л м а у ы .

Ішкі және сыртқы аудит жүйесі тиімсіз.

Жүзеге асырып жатқан шығыстардың тиімділігін бағалау тұрғысынан бюджет қаражатын жұмсаудың мониторинг жүйесі жоқ.

Аумақтық қазынашылық органдарының жергілікті бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуге қатысты талаптары қаражатты ұтымды және тиімді пайдалануды толық қамтамасыз етпейді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері деңгейінде, сондай-ақ товарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған уақытылы өткізілмейтін конкурстар есебінен бюджеттің пайдаланылмаған қаражаты бар.

Жергілікті атқарушы органдардың 2002 жылғы 1 қаңтардағы берек сомасы 3618 млн. теңге болды бұл қаржы министрлігі алдындағы бюджеттік несиелер мен өткен жылдардың несиелері бойынша міндеттеме.

89. Мүмкіндіктер

Салық салу базасын өндірістің өсуі мен салық әкімшілігін жүргізуді жақсарту е с е б і н е н к е ң е й т у .

Жергілікті салықтардың ставкасын реттеу мүмкіндігі.

Тұрақты кіріс көздерін іс барысында айқын анықтау кезінде бюджетаралық қатынастардың орнықты жүйесін қалыптастыру.

Халықаралық ұйымдар тарапынан жәрдемдесудің болуы, шетелдік озық тәжірибені зерделеу және енгізу.

90. Қатерлер

Аудандардың әлеуметтік дамудағы үйлесімсіздігі.

Жергілікті басқару органдарының борышы болуы.

§ 3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Облыстың салық-бюджет саясаты саласында 2001 2010 жылдар кезеңіне арналған мынадай негізгі стратегиялық міндеттер болады:

бюджетке салық түсетін түсімінің өсуін қамтамасыз ету;

бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, бюджетті орталықсыздандыру принциптерін іске асыру;

бюджеттік қаражаттың пайдалануына тиімді бақылауды қамтамасыз ету;

жергілікті деңгейде бюджеттік бағдарламалау жүйесін жетілдіру;

бюджеттердің қаржылық өзін-өзі қамтамасыз етілуін және аудандар бюджеттерінің теңестірілуін тұрақтандыруды қамтамасыз ету;

бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету.

§ 4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

91. Жергілікті бюджетке түсетін салық түсімінің өсуін қамтамасыз ету:

бюджетке түсетін салық түсімінің өсуі жергілікті деңгейде салық әкімшілігін жүргізуді жақсарту, өнеркәсіп өндірісінің және өндірістік инфрақұрылымының тұрақты өсуі кезінде салық заңдарының нормаларын мүлтіксіз сақтау есебінен қамтамасыз етілетін болады. 2005 жылға қарай жергілікті бюджет кірісі 19,9

млрд. теңге көлемінде болжамдалуда. 2010 жылға дейін облыс бюджеті 22,9 млрд теңге көлемінде болады деп күтілуде;

Бюджеттердің барлық деңгейдегі салық әлуетін қамтамасыз ететін меншіктің оңтайлы экономикалық және аумақтық құрылымын құру (2006-2010 жылдары).

92. Бюджетті орталықсыздану принциптерін іске асыру:

2002 - 2005 жылдары :

шығыс жасау өкілеттілігі мен шығыстар бойынша жауапкершілікті айқын ажыратуға қол жеткізу ;

аудандық бюджеттердің мейлінше дербестігін заң шеңберінде қамтамасыз ету.

93. Бюджеттік қаражаттың пайдалануына тиімді бақылауды қамтамасыз ету:

2002 - 2005 жылдар

бюджеттік бағдарламалардың мониторинг жүйесін шығыстардың тиімді іске асырылуын және соңғы нәтижелер жөніндегі көз қарасы арқылы енгізу;

бюджеттік қаражаттың жұмсалынуын қаржы процедураларының жаңа ережелеріне қатаң сәйкестігінде қамтамасыз ету;

бюджет саласы үшін қажетті товарлар мен қызметтер ұсынуға арналған конкурстар өткізуге бақылауды күшейту.

2006 - 2010 жылдар

барлық деңгейдегі бюджеттердің кіріс пен шығыс бөліктерін орындауға бірыңғай аудит жүйесін құру.

94. Бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру :

2002 - 2005 жылдар :

әзірленген артықшылықтар мен бюджеттік бағдарламалардың қаржылық шығындарының салыстырымдылығы және олардың орындалу нәтижелері негізінде бюджеттік қаржыландыруды жетілдіру;

бюджеттің негізгі параметрлерін орташа мерзімді жоспарлауға көшіру; мемлекеттік қызмет көрсетуді қаржыландырудың үздіксіздігі және тиімді қаржылық жоспарлау ;

2006 - 2010 жылдар :

бюджеттік қаражатты тиімді пайдалану мақсатында функционалдық бюджет бағдарламалары бойынша шығындарды жоспарлаудың әлеуметтік-экономикалық нормативтік әдістемесін пайдалануды кеңейту.

95. Аудандар бюджеттерінің теңестірілуін тұрақтандыруды қамтамасыз ету:

2002 - 2005 жылдар :

бюджеттер арасындағы қаржылық теңестірілудің деңгейлес және сатылас тиімді тетігін әзірлеу .

2006 - 2010 жылдар :

кемімелі аудандарды өз бюджеттерінің демеуқаржылықтарынан шығаруға ынталандыру әдістемесін әзірлеу.

96. Бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету:

2 0 0 2 - 2 0 0 5 ж ы л д а р :

бюджеттік қаржыландырудың ашықтық принципі: мыналар арқылы іске асырылатын болады:

жергілікті бюджеттің құрылуы мен атқарылуы туралы толық ақпараттың жариялануымен;

жылдық қаржылық және жедел баяндамалар мен есептердің бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасаған жарияланумен жүзеге асырылады.

5. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

қолда бар қаржы ресурстарын әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарға сәйкес бағдарламалар арасында орналастыру арқылы тиімді және үнемді бюджетті құру.

2005 жылға қарай жергілікті бюджеттің кірісі 19,9 млрд. теңге сомасында болжамдалуда.

2010 жылға қарай облыс бюджетінің көлемі 22,9 млрд. теңге болады деп күтілуде.

VIII БӨЛІМ. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

1. МАҚСАТ

Аймақтың бұдан әрі экономикалық өсуі үшін ішкі және сыртқы инвестициялық ресурстарды жұмылдыру мақсатында облыстың жоғары инвестициялық рейтингін қалыптастыру.

§ 2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Облыс қазақстанның инвестициялық белсенділігі біршама төмен аймақтарына жатады. Оның республикалық көлемдегі үлесі 3,4-5,4 % шегінен ауытқымайды. Инвестициялық саясат шетелдік инвестицияларды тартуға көбірек бағытталған және өзінің даму мұқтажы үшін инвестициялық ресурстарды қалыптастыруда аймақтың әлеуеттік мүмкіндіктерін ескермейді. Инвестициялардың жалпы көлемінде шетелдіктердің қатысуы бар кәсіпорындардың үлесі 80 % асады. Аймақтық инвестицияларды қалыптастыруда республикалық және жергілікті бюджеттің қаражаты нашар араласады да жалпы инвестициялар көлемінің 1 % құрайды.

Инвестициялар көлемінің өсу беталысы межеленді. 2001 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар 26,0 млрд. теңге болды. Күрделі құрылысқа 15,7 млрд. теңге қаражат жұмсалған, бұл 2000 жылғы қаржы жұмсалымынан 18 % асады. Инвестициялық белсенділіктің өсуі өндірістің жалпы өсуімен

шарттастырылған. Инвестициялық құйылымдардың негізгі бағдары өңдеу өнеркәсібі болды (57 %). Олардың едәуір бөлігі металлургия саласына келді, оның үлесі 87 % болды. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі инвестициялардың үлес салмағы 13,6 % , электр қуатын, газды және суды өндіру 11,6 %, көлік пен байланыс 8,1 % жетті.

Облыстың шаруашылық жүргізуші субъектілері 17,7 млрд. теңгенің (2000 жылы 11,1 млрд. теңге) негізгі құрал-жабдықтарын іске қосты. Негізгі құрал-жабдықтардың едәуір бөлігі (39 %) металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарының үлесіне тиді "Қазақстан алюминий" ААҚ, "ТҰК Казхром" ААҚ-ның филиалы "Ақсу ферроқорытпа заводы").

Ұзындығы 184,20 км бағасы 4543 млн. теңге тұратын Ақсу-Конечная (Дегелен) темір жол желісінің құрылысы аяқталды.

98. Күшті жақтар

Дамыған банк жүйесі.

Аймақта ақша жиынының өсуі.

Негізгі қорлардың актив бөлігіне қаржы жұмсалымының өсуі және аяқталмаған құрылыс көлемінің төмендеуі.

Аймақта шетелдік инвесторлардың бар болуы.

99. Әлсіз жақтары

Экономиканың нақты секторын инвестициялау үшін ақшалай қаржы тарту т е т і г і ж о қ т ы ғ ы .

Кәсіпорындардың амортизациялық аударымдары негізгі өндірістік қаржылардың жаңғыртылу функциясын орындамайды және мақсатсыз п а й д а л а н ы л а д ы .

Банктердің несиелік портфелінде қысқа мерзімді несиелендіру артығырақ болуы.

100. Мүмкіндіктер

Пайдалы қазбалар кендерін зерттеу және игеру үшін отандық және шетелдік и н в е с т и ц и я л а р д ы т а р т у .

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуын жүзеге асыру.

Отандық бизнестің бос қаржыларын отандық өндіріске инвестициялауды көтермелеу ж ү й е с і н ә з і р л е у .

Инвестициялар құрудағы жеке меншік капиталдың үлесін өсіру. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына аймақтық инвестициялық жобаларды енгізу.

101. Қатерлер

Енжар инвестициялық саясат аймақтың экономикалық болжамдарының орындалуына қатер төндіреді.

Өнімнің бәсекеге төзімділігін жоғалтуы.

Экономикалық байланыстардың үзілуі.

Аймақ экономикасының шикізаттық бағдарлануы.

§ 3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:

Қолайлы инвестициялық ахуал құру;

облысқа шетелдік инвестицияларды құюға ынталандыру мен шетелдік және отандық инвесторларды экономиканың басымдық салаларына тарту үшін қолайлы жағдай жасау;

Нақты экономика саласында банктердің несиелік қызметін жандандыру.

102. Инвестициялық саясатты екі кезеңмен жүзеге асыру болжалуда:

1) Бірінші кезең: 2001-2005 жылдар ішкі инвестициялық әлеуетті өсіру және оны мейілінше толық пайдалану:

өндірісті көтеру және өсіру;

өтелімдік саясатты жетілдіру;

әлеуетті ұлттық инвестор ретінде жеке меншік кәсіпкерлікті қолдау; қаржылық капиталдың қорын жинауды қамтамасыз ететін банк секторын дамыту.

2) Екінші кезең 2006-2010 жылдар - ұтымды құрылымын қамтамасыз ету және аймақтың өндіргіш күштерін қайта құру мақсатында тартылған инвестициялардың құрылымын қайта қарау:

мемлекеттік және аймақтық реттеу (басымдықты салалар мен өндірістерге салық жеңілдіктерін, салық каникулдарын, салық шегерімін, жеңілдікті несиелер және өзгелерді беру);

рыноктық өзін-өзі реттеу - инвестициялық ресурстардың аса мол табысты инвестициялық жобаларға, қызмет салаларына, аймақ аумағындағы салалар мен кәсіпорындарға еркін құйылуын қамтамасыз етуге жарайтын қор нарығын және инвестициялық институттарды дамыту.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

103. Өндіріс саласын (басымдықты салалар) қаржыландыру.

Аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру жөнінде шаралар қолданылатын болады. Инвестициялық қызмет бюджет қаржысы есебінен тікелей және жанама - аймақтағы инвестициялық ахуалды жақсарту жолымен жасалатын әдістерді ұштастыратын болады. Инвестициялардың негізгі көлемі электрэнергетикасында, тау-кен өндіру, металлургия және машина жасау өнеркәсібінде қалыптасатын болады.

Алдағы мерзімдегі кәсіпорындар мен ұйымдардың инвестициялық қызметі негізінен кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен, бірінші кезекте

инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 70 % құрайтын шетелдіктердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде негізгі инвестициялар "Богатырь Аксес Көмір" ААҚ салынатын болады. қазіргі уақытта бұл компания екі СРСк-2000 роторлы экскаваторларын жаңғыртуды, екінші конвейерлік көтерудің құрылысын және "Богатырь" кенішінің қазу кешенін электрлік тартуға ауыстыруды көздеп отыр.

"Ист Поинт" фирмасы - шетелдік компания "Майқайыңалтын" Ақ-ға Майқайың жер асты руднигін қалпына келтіруге және Алпыс руднигінің құрылысына, сондай-ақ жаңа тау-кен жабдықтарын алуды инвестициялауға ниет білдіріп отыр.

Металлургия өнеркәсібінің кәсіпорындары, бірінші кезекте шетелдік инвесторлар "қазақстан алюминий" Ақ және "қазхром" ТҰК-ның филиалы "Ақсу ферросплав заводы" жұмыс істеп тұрған қуаттарды қолдау, негізгі құралдарды қайта жаңарту, техникалық қайта жарақтау және жаңғырту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды болжамдап отыр.

104. Инвестициялардың жаңа түрлерін тарту (бірлескен кәсіпорындар, ноу-хау, қазіргі заманғы технологиялар, менеджмент және басқалар):

Ресей кәсіпорындарының қатысуымен өнеркәсіп-қаржы топтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

экономиканың басымды салалары инвестициялық жобаларына жергілікті ресурстарды тартуға ынталандыру;

еңбекті халықаралық бөлуде облыс экономикасының нақты артықшылықтарын пайдалана отырып, басқа елдермен бірігу және қауымдасу процесін кеңейту;

шетелдік капиталдың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру; инвестициялық жобалар деректерінің банкін құру; инвестициялық жобаларды Интернет жүйесіндегі сайтта орналастыру.

ІХ БӨЛІМ. ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОБАЛАР

р/р	Компанияның атауы	Мекенжайы, телефоны	Жобаның құны, мың АҚШ долл.	Инвестициялық жоба
1	2	3	4	5
1	"Қазақстан трактор" ААҚ	637027 Павлодар қ., Космонавтар көшесі,1, 322-438, 327-164	50100	Доңғалақты әмбебап отамалы тракторлар шығаруды ұйымдастыру (МТЗ-80,1 и МТЗ-82,1 типтес)
2	"Қазақстан трактор" ААҚ	637027 Павлодар қ., Космонавтар көшесі,1, 322-438, 327-164	2500	ДТ-75 және ДТ-95,4 тракторларына трансмиссиялар шығаруды ұйымдастыру
3			450	

	"Павлодар машинажасау заводы" АҚ	Павлодар қ., Ломов, көшесі, 180, 450-366 телетайп 210136 "Лада"		Жүк көтергіштігі 50 т. автомобиль крандарын шығару
4	"Павлодар-тұз" ААҚ	637034 Павлодар қ., К. Маркс көшесі, 326, 474-788	4395	Тұздысор көліне кіре-беріс жол
5	"Павлодар машинажасау заводы" АҚ	Павлодар қ., Ломов, көшесі, 180, 450-366 телетайп 210136 "Лада"	500	Жүк көтергіштігі 32 т. төрттағанды крандарды шығару
6	"Павлодар машинажасау заводы" АҚ	Павлодар қ., Ломов, көшесі, 180, 450-366 телетайп 210136 "Лада"	400	Жүк көтергіштігі 50 т. асатын аспалы крандар шығаруды ұйымдастыру
7	"Павлодар машинажасау заводы" АҚ	Павлодар қ., Ломов, көшесі, 180, 450-366 телетайп 210136 "Лада"	150	Жүк көтергіштігі 0,5 т.-дан 10 т. дейінгі жарылудан қорғалып жасалған (ЖҚЖ) электр тальдерін шығаруды ұйымдастыру
8	"Судо-строитель" АҚ	Павлодар қ., П. Васильев көшесі, 2,475-355	50800	Таяз бататын жүк көтергіштігі 600 тон-на болатын мұнай құйғыш кемелерді шығаруды ұйымдастыру
9	"Павлодар машинажасау заводы" АҚ	Павлодар қ., Ломов, көшесі, 180, 450-366 телетайп 210136 "Лада"	800	400-500 кг көлемдегі құю өндірісін ұйымдастыру
10	"Эмаль-провод" ЖШС	637046 Павлодар қ., а/я 1926	500	Сырты резинамен қапталған жез желілі икемді кабель (КГ типтес) шығаруды ұйымдастыру
11	"Павлодар химия заводы" ААҚ	637029 Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіп аймағы, 396-431, 396-436	8800	Бес күкіртті фосфорды өндіру
12	"Павлодар химия заводы" ААҚ	637029 Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіп аймағы, 396-431, 396-436	34500	Каустикалық соданы, хлорды және тұз қышқылын өндіру
13	"Павлодар химия заводы" ААҚ	637029 Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіп аймағы, 396-431, 396-436	6100	Формалин шығару
14	"Қазақстан-трактор" ААҚ	637027 Павлодар қ., Космонавтар көшесі, 1,322-438, 327-164	44247	Тау-кен өнеркәсібі үшін құрышты соңы-нан ыстық күйінде қалыпын өзгертіп үзіліссіз қалыпка құю әдісімен сорттық жайма және ұнтақтау денелерін шығаруды ұйымдастыру

Х БӨЛІМ. ТОҚЫРАУҒА ҰШЫРАҒАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қазақстан Республикасы үкіметінің 1999 жылғы 11 мамырдағы " Экономикасы тоқырауға ұшыраған аудандарға көмек көрсету туралы" № 561 қаулысына сәйкес бекітілген аудандар тізбесіне Павлодар облысының Май және Ақтоғай аудандары кірді.

Бұл аудандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау бірқатар проблемаларды:

кәсіпорындардың көбінің қаржылық жағдайы тұрақсыз екендігін; жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің ең қажетті шығындардың ең аз көлемінен төмен болуын;

жолдардың техникалық деңгейінің төмендігін; сапалы ауыз судың жоқтығын; жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуын; аз қамтамасыз етілген азаматтар санының өсуін; денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасының төмендігін;

көші-қон үрдісінің қарқыны жоғары екенін анықтады.

XI БӨЛІМ. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

105. Өнеркәсіптік-технологиялық саясат

11 өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2 есе артады.

12 Экспорттық жеткізілімдер 2-3 есе өседі.

13 өнім өткізілімінің тұрақты сыртқы және ішкі нарықтары бар бәсекеге төзімді өнеркәсіп құрылады.

14 Материалдық-техникалық базаны және қолданылатын технологияларды қайта құру мен жаңарту жүргізілетін болады.

106. Агроиндустриялық саясат

Стратегиялық даму жоспарында белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде:

2005 жылға қарай егіс алқаптарын 893,9 мың га, оның ішінде дәнді дақылдарды - 600,0 мың га, 2010 жылға қарай 915,0 мың га, оның ішінде дәнді дақылдарды - 650 мың га; 2005 жылға қарай күнбағысты- 70 мың га, 2010 жылға қарай 70 мың га; картопты 2005 жылға қарай 10 мың га, 2010 жылға қарай 11 мың га; көкөністі 2005 жылға қарай 2,9 мың га, 2010 жылға қарай 3 мың гектарға жеткізу болжамдалуда.

2005 жылы дәнді дақылдардың жалпы өнімі 330 мың тоннаны, 2010 жылға қарай 358 мың тоннаны; күнбағыс 2005 жылға қарай 17 мың тоннаны, 2010 жылға қарай 18 мың тоннаны; картоп 2005 жылға қарай 144 мың тоннаны, 2010 жылға қарай 148 тоннаны; көкөніс 2005 жылға қарай 44 мың тоннаны, 2010 жылға қарай 45 мың тоннаны құрайтын болады.

107. Мал шаруашылығында:

2005 жылға қарай ІҚМ басын 283,9 мыңға, 2010 жылға қарай 308,9 мыңға, оның ішінде сиырларды 2005 жылға қарай 150,0 мыңға, 2010 жылғы қарай 190,4 мыңға; шошқаны 2005 жылға қарай 64 мыңға, 2010 жылға қарай 70 мыңға; қой мен ешкіні 2005 жылы 224,8 мыңға, 2010 жылға қарай 250,5 мыңға; жылқыны 2005 жылға қарай 65 мыңға, 2010 жылға қарай 68 мыңға; құсты 2005 жылға қарай 978 мыңға, 2010 жылға қарай 1108 мыңға жеткізу;

2005 жылға қарай ет өндіруді 59,7 мың тоннаға, 2010 жылға қарай 62,1 мың тоннаға; сүт өндіруді 2005 жылға қарай 260 мың тоннаға, 2010 жылға қарай 271 мың тоннаға; жүн өндіруді 2005 жылға қарай 0,6 мың тоннаға, 2010 жылға қарай 0,7 мың тоннаға; жұмыртқа өндіруді 2005 жылға қарай 117,5 млн. дана, 2010 жылға қарай 117,5 млн. данаға, 2010 жылы 123,3 млн. данаға көбейту болжамдалуда.

108. Көлік инфрақұрылымы

Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын қалпына келтіру

р/р	Көрсеткіштің атауы	Барлығы	Кезеңге стратегиялық жоспар	
			2001-2005 ж.	2006-2010 ж.
1	2	3	4	5
1	Күрделі жөндеу км млн. теңге	1 6 0 3158	8 0 1879	8 0 1879
2	Орташа жөндеу км млн. теңге	8 9 0 1360	4 4 0 660	4 5 0 700
3	Жиыны, млн. теңге	5118	2539	2579

109. Телекоммуникациялар

Телефон орнатуға сұраныстарды қанағаттандыру.

Қалалық телефондандыруды дамыту үшін транзиттік торап құру. Ауылдық аймақтарда сапалы қашықтық байланысты қамтамасыз ету.

110. Салық-бюджет саясаты

Әлеуметтік-экономикалық басымдықтарға сай келетін бағдарламалар арасында бар қаржы ресурстарын орналастыру арқылы тиімді және үнемді бюджетті қалыптастыру.

2005 жылға қарай жергілікті бюджеттің кірістерін 19,9 млрд. теңгеге жеткізу болжамдалуда.

2010 жылға қарай облыс бюджеті 22,9 млрд. теңге болады деп күтілуде.

111. Инвестициялық саясат

Жүргізіліп отырған іс-шаралар нәтижесінде облыс экономикасына салынатын инвестициялар 2010 жылы 2000 жылдың деңгейіне қарағанда 2 есе өсетін болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК